ҚАСЫМХАН ҒАЛЫМ

БОЛАТ БОЛМЫС

портреттер топтамасы

ҚАРАҒАНДЫ – 2025

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Каз)
Қ 45

Қасымхан Ғалым
Қ 45 «БОЛАТ БОЛМЫС»: портреттер топтамасы /
Қ. Ғалым. – «Гласир» ЖШС, 2025. – 232 б.

ISBN 978-601-82385-5-0

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, жас қаламгер Қасымхан Ғалымның бұл жинағы – портреттер топтамасы. Автордың қалам ұшынан туған әр бейне ел тынысын жеткізеді. Жас журналист кейіпкерлерін ойдан емес, өмірдің өзінен, тіршіліктің ішінен сүзіп алған. Әр жазбасында кейіпкерінің сөзін сөйлеп, үзім үнін жеткізеді. Әр желісі – бір тағдыр, әр диалог – ішкі күрес. Бұл кітап – жай ғана публицистикалық туынды емес, уақыттың өз бейнесін танытатын айна. Мұнда кешегінің ізі, бүгінгінің тынысы, келешектің үміті бар.

Олай болса, оқырман қауым Қасымхан Бүркітұлының қаһарман кейіпкерлерімен таныс болыңыздар.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Каз)

ISBN 978-601-82385-5-0
© Қ. Ғалым, 2025 г.

Әуелгі сөз

Журналистиканы адамтану ілімі деп те ұғынуға болады. Осы уақытқа дейін бірнеше кейіпкеріміздің әдемі әлеміне үңіліп, оларды оқырман назарына ұсыныппыз: сонда әрқайсысының ішкі үні, болмыс-бітімі, арман-мұраты, жалпы өзіндік жолы жазылып жатқан бір-бір кітап екенін түсіндік. Сөйттік те, ел ішінде үн-түнсіз ғана еңбек сіңіріп жүрген оларды шын мәнісінде кітапқа енгізуді мұрат қылдық. Кешегі біздің ой, сөйтіп, бүгін сіздің қолыңызға кітап болып тиіп отыр, қадірменді оқырман!

«Болмыс болат» кітабына отыздан аса кейіпкеріміз еніп отыр. Әр кейіпкердің өз әдемі әлемі бар. Жинағымызда туған жерін түлетіп отырған атымтайлар мен өнерлі еңбек өрендері бар. Шәкірттерінің шамшырағына айналған аяулы ұстаздар, тағдыр сынағына сынбаған жігерлі жандар мен жанып тұрған жалынды жастарды да осы кітаптан оқып, танисыздар. Оларды байланыстыратын ортақ дүние, ол – болаттай болмыстары!

Оқырман кейіпкерлеріміздің өмір жолымен таныса отырып, олардың ішкі дүниесін, елге деген махаббаты мен адал еңбектерінің құнын қоса сезінеді деп сенеміз.

Құрметпен, автор!

Мазмұны

Әуелгі сөз 3
Мазмұны 4
Жаһанды жаяу аралаған жиһанкез 7
Ауылынан театр ашқан талант 13
Шебер шерткен сыр 19
Қайсарлығына қайранбыз 25
Атбегі Анатолий 31
Трактортшы келіншек 37
«Күрең берет» киген Кенжебайұлы 41
Бақыт бесігін тербеген ана 47
Ақжалдық терминатор 51
Электриктің екінші қыры 55
Аңыз атанған автомеханик 61
Алтын жүрек 65
Баршынның бағланы 71
Сақи атанған «Сары қазақ» 77
Ұлттық киімнің жанашыры 83
Несіпбайұлының несібесі 89
Мұраты зор марафоншы 93
Үміт арқалаған үр жаңа директор 99

Кітапты да, еңбекті де сүйген ер 105
Кен де қазады, жыр да жазады 111
Мәшекең түсіне кірген мұғалім 115
Анаға да, балаға да қамқор 121
Фотоөнердің жас өрені 127
Изендіге игілік сыйлаған 131
Қолы алтын шебер 137
Әрі офицер, әрі ақын 143
Театр тұйғыны 149
Қаһарман полицей 155
Жүген мен жігер 159
«Алтын микрофонды» ауыл әкімі 165
100 мың оқырманы бар шопан 173
Намысы биік Наташа 179
Жаңаарқаның жанашыры 183
Ең үлкен ерікті 187
Үлкен марапат иесі 191
Әбеуованың әлемі 197
Ақбелдің жаңа фермері 203
Толқынға қарсы жүзген 209
Қасқыр соққан апа 213
Ұлт ұстазын бойтұмар еткен 217
Сазгер слесарь 221
Шапанына шетел ынтық 225

АСХАТ ҚАЖЫТАЙ

«Әлем аралап жүрген Асхаттың әр әңгімесінен өзің барып келгендей күй кешесің ... »

Жаһанды жаяу аралаған жиһанкез

БЫЛТЫР «Әлемді жаяу аралаймын» жобасының авторы, трэвел-блогер Асхат Қажытай «Анкарадан – Батумиге» сапарын аман-есен жүріп келді. 1 111 шақырым шартарапты жаяу шарлап келді. Ерік пен жігерді сынаған, күш пен қуатты сарп еткен сапар. Барар бағыты кенет бұрылған кезекті марафон.

Асхат Қажытайды көбі «Жаяу адам» ретінде жақсы біледі. Ол жаяу сапарын ең алғаш туған жерінен, Ақсораң биігін бағындырудан бастаған еді. Кейінгі «Ұлытау» марафонынан жарақат алып, дәрігерлер оған үлкен сапарларын кейінге шегеруге кеңес береді. Өзінің сол кезде ойында жүрген «Түркия – Түркістан – 5 555 шақырым» жобасын екі жылға шегереді. Тіпті, сол екі жыл бойы жаттыға да алмай, салмағы 118 килоға дейін өседі. Дегенмен жаяу жүруді жаны сүйетін марафоншы үлкен сапарларға іштей дайын еді.

Екі жыл дегеніңіз атқан оқтай өте шығады. Марафоншының бұл жолғы сапарының мақсат-мұраты асқақ еді. Алты құрлықты арбаған Еуропа чемпионаты өтетін Мюнхеннен Олимпиаданың алауы желбіре-

ген Парижге дейінгі 1 111 шақырымды жаяу жүріп өту. Мұндай мүмкіндікті құр жібергісі келмеген ол бір жылда физикалық формасын реттеп, салмағын 118 килодан 88 килоға дейін түсіреді. Еуропа туралы етене ізденіп, ілім жинақтайды. Бұған қоса Олимпия ойындарында ел намысын қорғап жүрген спортшыларға жанкүйер болуды ойлайды. Тіпті, Еуропа ойындарына билет те алып қояды.

Шенген визасын алып, 7 шілде күні Астанадан Франкфурт арқылы ұшып, Мадридке жетеді. Испания астанасында Еуропаның ауа райына бейімделіп, әйгілі «Реал» командасының стадионы «Сантьяго Бернабеуге» дейін 33 шақырым жаяу жүріп, барып қайтады. Ұзақ сапарға соңғы дайындығын осы қалада пысықтайды.

«Мадридтен Мюнхенге барар жолда ойламаған оқиға болды. Менің билетім «Мадрид – Измир – Мюнхен» бағытына алынған еді. Маған ұшаққа билет алушылар визаның толық жағдайын түсінбей, қателескен екен. Мұны Измирге қонып, келесі ұшаққа беттеп бара жатқанда бір-ақ түсіндік. Әуежай қызметкерлері «Сіз Мюнхенге ұша алмайсыз» дегенде төбемнен жай түскендей болды. Жоспарымның күл-талқаны шыққанын түсіну қандай қиын еді. Сөйтсек, Шенген визасы аймағынан шығып кетіппін. Бұл рейс Мюнхенге бағытталғанымен, аяғым Түркия топырағын басып қойғандықтан келесі ұшағыма міне алмадым. Тіпті, Мюнхенде өтетін Франция – Испания арасындағы футбол матчына да билетті реттеп қойған едік. Осы-

лайша, Еуропаға сапар сәл шегеріліп, екінші жоспарланған Анкара – Батуми бағытына жолға шықтым», дейді барар бағыты осылай өзгерген жаяу жиһанкез.

Ол осылайша жоспарын өзгертіп, Анкара қаласын аралап, ертеңінде Батумиге жолға шығады. Сапары 24 күнге созылады. Жолда Чорум, Орду, Самсун сияқты Түркияның жиырмадан аса үлкен-кіші қалаларын басып өтеді. Трабзон қаласындағы Абай монументіне арнайы соғып, тағзым етеді.

«Трабзон туралы көп айтуға болады. 1 миллионға жуық тұрғыны бар. Көне архитектура мен ескерткіштер жеткілікті екен. Маған керегі Абай бабамыздың ескерткіші еді. Трабзон таңында сол монументті іздедім. Нақты мекенжайын білмеген соң, гуглкартадан тердім. Екі жыл бұрын біраз арналар хабар таратыпты. Бір кілтті тек ұлттық арнаның жаңалықтарынан тауып алдым. «Түркияда ашылған кезекті Абай мүсінінің Трабзондағы Қаратеңіз университеті әдебиет факультетінің аумағына орнатылуы тегін емес», депті. Яғни Қаратеңіз университетіне баруым керек. Картаға терсем, 5-6 шақырым екен. Бір жарым сағатта тауып алдым. Бірақ жету тым оңай болған жоқ. Абайды көргенде көңіл босап, іштей бір жылап алғанымды жасырмаймын. Үнсіз сырластым. Жол бойындағы көрген қызықтар мен қиындықтарды осы қазақпен бөліскендей болдым», – дейді Асхат Қажытай.

Жаяу жиһанкез Түркияның қазіргі президенті Режеп Ердоғанның туған қаласы Ризенің де үстінен өтіпті. Качкар таулары мен Қара теңіздің арасындағы биікте

орналасқан. Түркия ормандарының ең бай аймағы саналады екен. Жәдігерлерге толы музейлері көп дейді. «Соның бірегейін аралап жүріп, бесік пен ұршықты көріп, түбіміздің бір екенін тани түстім. Туған жерге деген сағынышым осы кезде ерекше сезілді», – дейді ол.

Самсун қаласының тарихи орындарын аралаған ол әйгілі Бандырма паромы музейіне де соға кетіпті. Түріктер үшін аса қастерлі мекен жайлы жиһанкез былай дейді:

«Алған әсерім ғажап енді. Бір ұлттың қайта түлеу дәуірі осы жер еді. Түріктер үшін өте қастерлі мекен саналады. Ататүріктің Самсунға аяқ басқан паромы осы. Азаттықтың бастауы дейді бұл қаланы. Тәуелсіздік һәм болашақтың шаһары деп тегін айтылмаса керек. Кемедегі музейде турист өте көп. Кіру құны – 15 лира, яғни 220 теңге. Әрі қарай 3,5 шақырым жүріп, Куртулуш жолына бардым. Тәуелсіздік жолы 1919 жылы 19 мамырда Бандырма паромымен Самсунға келген Ататүріктің Амасияға кеткенін айқындайды. Жалпы, түрік ағайындар теңіз жағасындағы шағын дүниемен туристер үшін үлкен дүние жасап қойғаны қуантады. Осылай түріктер үшін қастерлі екі тарихи жерден ерекше сезіммен әрі қарай жолға шықтым.

Түрік жерін жаяу шарлаған Асхат Қажытай жолда қазақтарды жиі кездестіріпті. Еліміздің мемлекеттік нөмірін тағынған жеңіл көлік, жүк көліктерін жолықтырып, олармен туысқанын көргендей қауышыпты. Әсіресе Қаратеңіздің жағасындағы қонақүйде қарағандылық

мотожиһанкез Иванмен жолығыпты. Ол да құны 20 млн тұратын мотокөлігімен әлемді шарлап жүр екен.

Жиһанкез Асхат өзі жүріп өткен жолды, көрген-білгенін «Facebook», «Instagram», «Tiktok» желілеріндегі парақшаларына жүктеп отырды. Тіпті 1 миллионға жуық қаралым жинаған видеолары да бар. Осы ретте оқырмандарының белсенді болғанын да айта кетті.

«Мен жаяу жүріп өткен елдердің инфрақұрылымы мықты. Жолдың сапасына риза болдым. Жол дегенің экономиканың күретамыры емес пе? Жол жақсы болса, туризм дамитыны сөзсіз. Жасыратыны жоқ, еліміздегі марафондарда 3-4 кроссовки ауыстыратын едім. Бұл жолғы сапарымда бір ғана кроссовки кәдеге жарады. Тағы бір таңғалатыным – интернет жүйесі. Теңіз деңгейінен қаншама биіктікте жүрсем де, бір үзілмеді ғой. Ауылда жүрсің бе, қалада жүрсің бе бәрібір. Жерасты жолдың ішінде де сапалы интернетке қол жетіп тұрды. Туризмі шарықтап кеткен. Қара теңіздің жағасын керемет пайдаланып отыр. Бізде де мүмкіндік мол. Тарихымыз да, табиғатымыз да бай. Бірақ қолда бар алтынның қадірін білмей отырғанымыз өкінішті», – дейді трэвел-блогер.

Сөйтіп, жүріп өткен жолын күнделікті сағаты арқылы өлшеп те, үздіксіз әлеуметтік желімен жұмыс істеп те, тіпті, қойын дәптеріне өзіне керек ел мен жердің ақпаратын түртіп те үлгереді. Жақында «Жаяудың жазбасы» атты мотивациялық кітабы шығады. Қазір жазу үстелінде. 1 111 шақырым сапары туралы кеңінен сонда көсіледі.

«ҚАРА ШАҢЫРАҒЫНЫҢ ҚАДІРІН БІЛГЕН АЗАМАТ ҚАЗАҒЫНЫҢДА ҚАДІРІН БІЛЕДІ»

АЛДИЯРХАН КӘРІМ

Ауылынан театр ашқан талант

АУЫЛДАН жастар көшіп жатыр дейміз. Иә, ол рас. Бірақ, туған өңірін түлетуге атсалысып жүрген азаматтар да жетерлік. Алдиярхан Кәрім қара шаңырағының қадірін біледі. Сол себепті үлкен арманын ауылында жүріп-ақ орындап отыр. Оқуын ойдағыдай тәмамдап Аппазға келеді де өнер мектебін ашады. Онда балдырғандарды, жастарды актерлікке баулиды.

Алдиярханның бала кездегі арманы – каскадер болу. Сол өнерімен шытырман киноларға түсіп, көрерменнің көзайымына айналғысы келді. Кішкентайынан соған бейім болды да. Спортпен шұғылданды. Әлі де спортты серік етіп келеді. Мектепте оқу озаты болды. Шығармашылық кештерге белсене қатысты. Мектебінің мақтанышына айналды. Актер боламын деген арманынан ата-анасы алыстатпайды, жол ашады. Сөйтіп, Қарағанды қаласындағы Тәттімбет атындағы өнер колледжіне оқуға түсіп, 2020 жылы драма театрының әртісі мамандығы бойынша білім алып шығады.

Жоғары оқу орнына түсіп, білімін жетілдіргісі келеді. Қалада қалып, бала арманын орындағысы да

келеді. Бірақ Алдиярхан екеуінен де бас тартады. Өйткені, қара шаңырақта қалған ата-анасына қамқорлық керек екенін түсінеді. Онымен қоса жанына қаладан гөрі дала жақын екенін сезінеді. Әбден барлығын ой елегінен өткізген ол бар алған білімін ауыл балаларының бойына дарытайын, өнерге деген махаббатын оятайын деп шешеді.

Осылайша мамандығы бойынша Қарқаралы ауданындағы балалар өнер мектебінің Аппаз ауылындағы филиалында театр өнер сыныбына жетекші болып, жұмысына кіріседі.

Ауыл балаларын жинап, таланттарын ашады. Алғашқыда сыныбына 15 бала келіпті. Ауылдан театр ашылғаны үлкен жаңалық болып, баласын жетектеп келгендер көбейеді. Сөйтіп, аз уақыт ішінде балаларды сахнаға шығарады.

Алдиярхан «Jas fund» жобасы арқылы екі мәрте 300 мың теңгеден қаржы алады. Оған театрға қажетті жабдықтар сатып алады.

Алғаш КСРО халық әртісі Қалибек Қуанышбаевтың 130 жылдығына арналған аудандық «Шолпан» театрлық қойылым сайысында Аппаз балалар театры бас жүлдені иеленеді. Онда «Жусан иісі» қойылымын сәтті орындап шыққан. Келер жылы тағы да «Аңдар әлемі – бауырсақ» атты орыс халқының ертегісін жаңаша сипатта алып шыққаны үшін бас бәйгені олжалады. Сол жолы «Үздік қыз бала» аталымын жеңіп

алған шәкірті Сәнім Рымбай болса болашағынан көп үміт күттіреді.

Бұл театр жетекшісінің ауыл арасындағы ғана жетістігі екен демеңіз. 2023 жылы жас театр Мемлекеттік қосымша білім беру саласындағы балалар шығармашылығына арналған республикалық «Burabay fest» жаздық ойын-сауық жобасынан бас жүлде алып келіп, ауылды мәре-сәре қылды.

Мұнымен қоса, Аппаз ауылының жас актерлері елордадағы М.Өтемісов атындағы Оқушылар сарайында өткен «Alash Star» халықаралық байқауында Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» драмасы мен «Арман әлемі» ертегісін заманауи үлгіде ұсынып, Гран-при мен I орын иеленіп қайтты. Түркияда өтетін фестивальға жолдама алды.

Жас театр үш-ақ жылдың ішінде осындай жетістіктерге қол жеткізіп жатыр. Әрине, ол жұмысына үлкен махаббатпен кіріскен Алдиярханның арқасы.

Жас жетекшінің жетістіктері елеусіз емес. Еңбегін ескерген ауыл әкімі театр ашқан жылы «Аппаз жыл үздігі» сыйлығын табыстапты.

– Алдиярхан ауылға келгенде қатты қуанғандардың бірі өзім. Бала кезінен елгезек екенін біліміз. Театр ашамын дегенде тіпті қуандым. Қазір шәкірттері байқауға барса, жүлдесіз қайтпайды. Ауылдың атын шығарып жүрген талантты жастары бар, біз бақытты-мыз, – дейді ауыл әкімі Жоламан Тілемісов.

Қарқаралы ауданының әкімдігі «Үздік жас мәдениет қызметкері» деген сыйлықпен де марапаттапты. Жалғыз Аппаздың ғана емес, Қарқаралының өнерін ұлықтап жүрген ұлға әбден лайық құрмет.

Алдиярхан да ауылының ымыра-бірлігіне риза. Ауыл тұрғындары «Боламын деген баланың бетін қақпай белін буды». Құшақ жая қарсы алып, қолдау көрсетті. Әр шаруасына демеушілік білдіреді.

«Кіндік қан тамған жерге маңдай тер де таму керек. Біздің шағын театрымыздан ертең үлкен саңлақтар шығады. Солардың сол биікке жеткені – менің де арманым орындалғаны», – дейді театрдың жанашыр жетекшісі.



АМАНЖАН СӘДУАҚАСОВ

«Қу тақтайды сөйлеткен Аманжан шебердің шағын шеберханасынан талай шедевр шықты»

Шебер шерткен сыр

СЕГІЗ шаршы метр. Үйдегі шағын шеберхана. Ұядай бөлме. Отыз жыл болды. Шебер Аманжан Сәдуақасов осы жерде үш мыңдай домбыра шапты. Қолдау көрсетілсе шағын цехты кеңейтіп, қастерлі өнерді өзгелерге де үйретер едім дейді. Алайда, ол алыстағы арман-ау. Өйткені, мұны өтініп жүргеніне қанша жыл болды, қайырылған адам жоқ.

Талай шешен домбыра шыққан шеберхана. Аршадан домбыра шабатын Арқадағы жалғыз шебер кезекті тапсырыстың қамында. Әйгілі күйші Секен Тұрысбек екі бірдей домбыраға тапсырыс беріпті. Арша және американдық жаңғақ ағашынан. Дәулескер күйші екеуінің де күмбірін ерекше көріп қалыпты.

– Жаңа домбыра да жүген-құрық тимеген, ертоқым салынбаған асаудай болады. Бірталай уақыт бастықтыру керек. Соны күтіп отырмын. Домбыраның қалыбы дайын дегенмен, әлі көп шаруасы бар. Іресі, пернелері салынады. Мойнын жіңішкертемін. Ысқылап тазаланады. Боялады. Сосын тиегі қойылып, ішегі тағылады. Тәуір домбыраға жарты ай уақыт жай кетеді, – дейді шебер.

Қадыр Мырза Әлі айтқан домбыраның қадірін ертеден түсінген Аманжан шебер тоқсаныншы жылы жасаған ең алғашқы домбырасын алып келді. Бетіне қонған шаңды бір қақты да, күмбірлете жөнелді. Қалақ домбыра мен тұмар домбыраға ұқсатып шапқан. «Қанша уақыт өтсе де, жақсы домбыраның дауысы еш өзгермейді, ескірмейді», – дейді.

Осылайша, шебердің ең бірінші төлтуындысы төрінде тұр. Одан кейінгі бала домбырасы да әлі сақтаулы. Ұлы Рахатқа жасап берген. Рахат та күйді бала кезінен шебер шертеді. Қазір «Senim109» бірыңғай байланыс орталығының басшысы. Қауырт жұмыстан қажып келгенде, арша домбырасын қолына алып, күйін күмбірлетеді, әнін шырқайды. Ал, бала домбыра немерелерінің қолынан түспейді. Тек бұл ғана емес, қалақ домбыра, тұмар домбыра, үш ішекті домбыра, қозықұйрық домбыра, кеңшанақты домалақ домбыра шеберханасында тұр. Кейін мұражайдың кәдесіне жарап қалар дейді. Несін жасырайық, шебер домбыра шабатындар көрмелерге де, басқа да өнер жәрмеңкелеріне шақырусыз, шеткері қалдық деп өкпелі.

Қателеспесек, 1998 жылы «Үкілі домбыра шеберлерінің» байқауы өтіп, аршадан жасалған әйдік домбырасы Құрманғазы атындағы жүлдені әперіпті. Бірден әлгі домбыраны Астрахандағы Құрманғазының музейіне әкетіпті. Тағы бір дәстүрлі әннің дүлдүлі Мейірхан Адамбековке арнап жасаған арша домбырасы Алматыдағы мультимедиялық музейдің төрінде тұр.

Аты алысқа тараған Аманжан шебердің арша домбырасы Нұрғиса Тілендиев, Мағауия Хамзин, Қаршыға Ахмедияровтардай алыптарды тәнті етті. Ғалым Мұхамедин, Серік Оспанов, Жақсыгелді Кемалов, Аманжол Әлтаев, Дәуренбек Әркеновтердің талғамынан шыққан туындыларға, әрине, тапсырыс көп түседі. Бірақ шебер айына екі домбыра ғана шабады. Бабымен жасалған домбыра шешен болады.

«Қазақтың қара домбырасын қорламауымыз керек. Арзан ағаштан жасалған домбыра нарықты жаулады. Түрлі цех бір айда 150-200 домбыраны көлем көрмейді. Өйтіп өндіретіндей домбыра құрылыс материалы емес қой. Шебер ең алдымен күйші не әнші болу керек. Құр аспапты жасағанға мәз болмай, домбыраның әр дыбысын тереңнен ұғынуы керек», – дейді он саусағынан өнер тамған Аманжан аға.

Қашау ұстаған отыз жыл. Соның нәтижесі, міне, талай мәрте теледидардан сөйледі. Тілшілер очеркінің кейіпкері болды. Шебер соның бәрінде ойын ашық айтты. Домбыра шабу өнерін өгейсітпеу керегін. Бірақ амал не, бәрі үнсіз...

Шеберіміз – ән мен жырдың топырағы Ақтоғайдың тумасы. Талдықорғандағы Жетісуға танымал «Алтын дән» ансамблінің жанынан құрылған шеберханаға шақырылған кезден бастап, домбыра жасауға кіріскен. Арада уақыт өтеді. І. Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институты басшылығының қолқасымен оқу орнының ішінен шеберхана

ашады. Шәкірт баулып, аспаптары бір-екі жылдың ішінде республикалық байқауларда топ жарады.

Кім білсін, шебер Жетісуда қалар ма еді? Алматыдағы кезекті бір домбыра жасаушылардың додасында қола жүлдені қанағат етіп тұрған Аманжан шебердің қасына Мағауия Хамзин келеді. Келеді де «елге қайт» деп ақыл айтады. Өйткені, Қарағанды, Балқаш «орыстанып» кеткен еді ол кезде.

Ағаның айтқанын аманат етіп алған ол бірден шешім қабылдайды. Балқаш әкімдігі ұлттық орталық ашып жатқан кез еді. Орталықтың шеберханасын береді. Баспанасын да тарту етеді. Бес жылға келісімшарт жасасады. Сол уақытта өнер ұйымдарын қажетті аспаппен қамтамасыз етеді. Сөйтіп, уағдаласқан уақытқа дейін еңбек етеді де, Қарағандыға қоныс аударады.

Содан бері тоғызыншы қабаттағы үйінің сегіз шаршы метр шағын шеберханасында тіршілік кешіп келеді. Күйбең емес, күмбірлеген күй тіршілік. Арша домбырасына ағайын айлап-жылдап кезекке тұрады. Сондай беделі бар. Енді елге берері бар. Шәкірт тәрбиелеп, домбыра жасау өнерін жастарға үйретіп, білгеніммен бөліссем дейді. Бірақ оған әзірге мүмкіндік жоқ. Шеберханаға жалғыз өзі зорға сыйып жүргенін біз де көрдік.

Сіз бен біз ойлағандай, шеберханаға көп қаржы да қажет емес. Екі-үш станок, басқа да керек-жарағын алуға 5 млн теңге жетеді. Егер ойдағымыз орындалса, өңірдегі өнер ұжымдары алыстан арбаламас еді, қу ағаш сабаламас еді. Аманжан ағаның бренд домбырасына қол жеткізетін еді.

– Қазір түгел оркестр, ансамбль Алматы, Шымкентке тәуелді. Егер басшылық қолдаса, шеберхана жағынан көмектессе, сол аспапты өзіміз-ақ жасар едік. Маған ол жерден бір тиын қажет емес. Үш-төрт жігітті жаныма алып, баулып, үйретер едім. Оларға – өнер үйренген пайда, қолөнерімізге – насихат. Нан табады. Алпыстан астық, енді қанша өмір қалды, бір Алла біледі. Жастарға үйретіп кету керек қой, – дейді шебер.

Әңгімеміздің соңына қарай Аманжан шебер Домбыра күнінің маңызын жоғалтып жатқанын айтып, тағы бір күрсінді. «Бәленбай домбырашы анау алаңда күй тартты», деген секілді науқанға айналдырып бара жатқанымызға.

– Құрманғазының күйлеріне қазақтың құлағы қанық. Тәттімбетті шертпе күйдің атасы деп біледі. Салған әні алты қырдан асқан Біржан сал, Ақан сері, Әміре сынды дүлдүлдердің мұрасы «Алтын қорда» сақтаулы. Алайда, солардың жан серігі болған домбыраны шапқан шеберлерден дерек жоқ. Ал қазіргі домбыра жасаушыларды осы бір мерекеде болсын ұлықтау керек деп ойлаймын. Я болмаса шеберлер күнін белгілеу керек. Біз көп дүние сұрамаймыз, – дейді. Әңгіме-дүкеніміз осылай аяқталды.

Шебер өзі шығарған «Өкініш» күйін шертіп берді. Ұстаған домбырасы тіпті шешен екен. Бірақ күйші нендей өкініш екенін жұмбақ күйінде қалдырды. Шеберхананың есігінен шыққанымыз сол еді, шебер есіктің шетін жедел шүберекпен қымтап жатты. Әйтпесе ондағы шаң үйге кіреді.

АЛМАГҮЛ АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ

«Алмагүл қанша адамның жанына араша түсті десеңізші ... »

Қайсарлығына қайранбыз...

«**ЖҮРЕГІҢ** мықты болу керек. Апатқа түскен жандарға алғашқы ем-дом жасайтын – бізбіз. Кез келген жағдайды эмоцияға берілмей, салқын қабылдауды үйренуге тиіссің. Әйтпесе, түрлі жарақат алғандарды көріп, жаның түршіксе, қолың дірдек қағады. Сол себепті, біздің жұмыс жұмсақтықты қажет етпейді», – дейді Қарағандыдағы Апаттар медицина орталығының құтқарушы-дәрігері Алмагүл Алдабекова.

Рас-ау, апат кезінде түрлі ауыр жарақат алған адам алдыңа келгенде абдырап қалмай, алғашқы көмек көрсету үшін жүректің түкті болмағы керек. Алмагүл Амангелдіқызы өзіне тиісті қызметті әбден меңгеріп алған маман ретінде абыройлы.

Жас талапкер Алмагүл Бұқар жырау ауданы Суық су ауылындағы мектепті үздік бітіріп, Қарағандының медицина академиясына оқуға түседі. Төрт жылдық білімімен қоса, мамандандырылған алғашқы жедел көмек көрсету бойынша тағы төрт ай біліктілігін жетілдіреді. Алғашқы еңбек жолын Теміржол емханасында дәрігер болып бастаған ол жедел жәрдемде де жұмы-

сын жалғастырады. Кейін өзі тәлім алған Қарағанды медицина академиясында алғашқы жедел көмек көрсету бойынша студенттерге дәріс оқып, білген-түйгенімен бөліседі. Тәжірибе, тәлімін әбден жетілдіріп алған соң, қазіргі қызметіне ауысады. Мұндай мықты медицина маманы Апаттар медицина орталығына ауадай қажет еді. Алмагүл Амангелдіқызы ақ халатын құтқарушының формасына ауыстыра салуға бірден келісіпті. Келіскен себебін өзі былай түсіндіреді:

– Академияда алғашқы жедел көмек көрсетуді оқыдық. Мықты деген медицина мамандарынан тәжірибе түрінде үйрендік. Кейін «Жедел жәрдемде» дәрігер болдым. Одан соң студенттермен білгенімді бөлістім. Әр дәріс сабағына тыңғылықты дайындықпен бару қажет. Соның арқасында менің де білімім жетіліп отырды. Бірден қазіргі орталыққа қызметімді ауыстырдым. Әрине, мұнда жұмыс істеу үшін өжеттілік керек. Өмір болған соң, түрлі қатер де болады. Содан зардап шеккендерге ем-дом жасап, жанын аман алып қалуға күш салсақ деген ниет болды менде.

Қайсар қыздың орталық қабырғасында қызмет етіп жатқанына жеті жылға жақындапты. Тіпті, Түркиядағы зілзала кезінде құтқару жұмысына қатысқан. Ондағы ауыр оқиғаны терең тебіреніспен еске алып, әңгімелеп берді.

– Сол жолы іріктелген құраммен Түркиядағы Нұрдағы қаласына ұшып бардық. Біз Қазақстан елінің атынан келдік. Алғашқы күні кірпік қақпай жұмыс істедік. Баласын іздеп шарқ ұрған ананы, әкесін күтіп отырған баланың зарын естіп, баспанасыз қалған, шарасыз күй кешкен елді көріп, жанымыздың жабыққанын несіне жасырайын? Өз-өзімізді жинап, жұмысымызды әрмен жалғадық. Менің жұмысым – алғашқы көмек көрсету. Ем-домымды жасадым. Азан-қазан болған жұрттың көбінің күйзелістен қан қысымдары түсіп кетіп жатты. Біріне өксіктен дем жетпеді. Соның бәріне көмек көрсеттік. 9 ақпан күні Қарағандыдан барған құтқарушылар үйінді астынан үш адамды тауып, аман алып шықтық. Сонда бос келмегенімізді түсіндік. Адамның өміріне араша түсу – ол деген үлкен нығмет. Жанын сақтап қалған сайын біз керемет күй кешеміз. Адам – ең құнды байлық. Үлкен байлыққа кенелгеннен де керемет әсер аламыз, – дейді қызметіне адал Алмагүл.

Алмагүл Алдабекованың Түркиядағы құтқару жұмысы кезіндегі күні-түні жасаған еңбегі еленді. Мемлекет басшысы қызметтік борышын атқарудағы жанқиярлығы үшін «Ерлігі үшін» медалімен марапаттады.

Орталыққа ойда-жоқта түсетін дабыл дамыл таптырмайтынын айтады. Көбіне жол апатына түскен жандарға көмек көрсетіпті. «Былтыр «Қарағанды-Алматы» күре жолында жан түршігерлік жол апаты өте

көп болды. Неге екенін білмейміз, мүмкін жол жөнделіп жатқаннан болар, жаз бойы сонда жүрдік. Дабыл түскен сайын орталықтан терең күрсініп алып шығамыз. Сосын шыдамдылық танытамыз. Айтуға аузымыз бармайтын түрлі апаттарға барып, ондағы адамдарды алып шығып, медициналық көмек көрсетеміз. «Оңай емес», дейді құтқарушы-дәрігер.

Алмагүл Амангелдіқызы – бір әулеттің келісті келіні. Төрт бірдей ұлдың анасы. Жолдасы Абай Сағатұлы ішкі істер саласында еңбек етеді. «Екеуміз де елдің амандығы үшін қызмет етіп жүргендіктен, бір-біріміздің жанымызды түсінеміз, қолдау көрсетеміз», – дейді.

Үлкен ұлдары Бексұлтан фагот аспабында ойнаса, Нұрасыл домбыраны шебер тартады екен. Ал, Әділбек есімді балалары жүзуге қатысады, шахмат ойнайды. Кенжелері балабақшаға барады.

– Екі ұлымыз әнге әуес, күйге құмар. Отағасы екеуміз оларды өнер саласына бет бұрады деп отырмыз. Үшіншіміз спортты жақсы көреді, жолымызды сол жалғар, – дейді анасы күлімдеп.

Алмагүл Аманкелдіқызы – медицина саласындағы 16 жылында қаншама адамның өмірін аман алып қалды. Өжет дәрігердің ерік-жігеріне қайран қалдық. Ал, біздер қара нардай қадірлі аналардың ізін жалғағандарды алыстан іздеп жүрсек...



АНАТОЛИЙ ГУРЕЕВ

«Төлеген деп танылған Арқаның атбегісі, белгілі сыншы Жолдыбайдың шәкірті»

Атбегі Анатолий

АНАТОЛИЙ Гуреевті шеттік ағайын аса біле бермейді. Ал, Төлеген десеңіз, Арқа атырабына танымал. Өйткені жаны да, болмысы да, жүрегі де қазақ. Шаруашылығын дөңгелетіп отыр. Өзі аламанға ат қосады. Ауылына жанашыр азамат.

Әлихан ауылының кәсіпкері даласына төрт түлігін өргізген. Осыдан бірнеше жыл бұрын Төлеген шаруашылығына асыл тұқымды 70 ақбас сиырын сатып алыпты, одан өскен ірі-қара саны қазір 300-ге жетіп артылады. «Сиыр малының ішіндегі қоңдысы, Арқаның шымыр аязына оңдысы осы» дейді өзі. Сиырдың бұл түрі әрі етті, әрі сүтті келеді. Сүтінен ірімшік жасап, айран ұйытады, құрт қайнатады. Келіншегі Айсұлу Санджиеваның үйге көл-көсір табыс әкеліп отырған кәсібі бұл. Сүт өнімінен шаруашылығының шығынын өтеп отыр.

Төлегеннің үйіндегі бал қымызға елдің бәрі үйір. Жары екеуі қымыз баптаудың технологиясын терең меңгеріп алған. Қымызы жаз бойы жарнамасыз да өтеді. Осылайша, шаруасын дөңгелетіп отырған отбасының берекесінің де, байлығының да кілті – есіл еңбекте.

Анатолийді алғашқыда ауылдастары Толик деп атапты. Кейін қазақтың сары баласына айналғанын аңғарған ел-жұрт Төлеген деп, ат қойыпты.

Төлегеннің әкесі орыс, анасы әзірбайжан ұлтынан. Ал, Анатолий жүрегім қазақ деп соғады дейді. Оның қазақы тәрбие алып, елдің баласына айналуына белгілі атбегі, сыншы Жолдыбай Кенжеғұловтың үлесі бар екен. Анатолий ол кісіні «екінші әкемдей еді», деп ардақтайды. Жолдыбай сыншы өмірінің соңында шәкірттеріне ауылының бәйгетөбесіне жерлеуді аманаттап, «сендердің ат жүгірткендеріңді анау биіктен бақылап жатайын», депті. Төлеген әр жұма сайын сол биіктегі ұстазының бейітіне барып, Құран оқуды дәстүріне айналдырған.

Алты жасынан ат жалын тартып мінген Анатолий да ұстазы секілді ат сыншысы. Бала кезінен көрші үйіндегі биекүркеде тұрған жылқылардың жалына жармасып мінгенін, сауын биелерді талай үркітіп алып, таяқ жеген тәтті кездерін қызықтап айтады. Содан өзі де асау ауыздықтап, бәйгеге шауып өседі. Жолдыбай ақсақал бала Төлегеннің бойынан ат жарата алатын қабілетті байқап, бекзада өнерге баулиды. Алғашқы бәйгеге қосқан тұлпары «Айсұлу» екен. Асыл биесі құлындаған түні ай жап-жарық болыпты. Және құлынның маңдайында айдың таңбасы бар екен. Содан өзі атын қояды. Өз дәуірінде бәйгенің алдынан келіпті.

Келіншегімен алғаш танысқан сәті де езу тартқызады. Анатолий есімінің Айсұлу екенін естігенде еріксіз күліп жіберіпті. Сонда Анатолий оған «Сен менің екінші Айсұлуымсың», дегенде келіншегі абдырап, түсінбей қалыпты. Сонда Төлеген «өзіңмен аттай сұлу сәйгүлігім бар», деп жүрегін басқан екен.

Сөйтіп Төлегеннің бойынан бекзадалықты, азаматтықты аңғарған Айсұлу сол үйге келін болып түсіп, босағасын бақытқа бөлейді. Төрт бірдей сары домалақты дүниеге әкеліп, оларға да қазақы тәрбие береді. Құдай көп ұзатпай тағы да үш бала береді. Жары Айсұлудың жақын жұрағатындағы бір отбасының әке-шешесі алма-кезек дүниеден өтеді. Содан қараусыз қалған үш баланы Жетімдер үйіне өткізгелі жатқанда Төлеген тоқтау салып, өз қамқорлығына алатынын айтыпты. Сөйтіп, өз балаларынан оларды кем көрмей өсіреді. Қазір Төлеген мен Айсұлу – ата мен ене. Асырап алған Жәлила есімді қыздарын қазақы дәстүрмен құтты орнына қондырған. Шаттықты шаңырақта тағы да сәбидің былдыры естіледі. Осылайша, сегіз баланың әке-шешесі бақыттың құшағында.

Төлеген – ауылының жанашыры, атымтай азаматы. Қашанда қайырымды істің қасында жүреді. Көп балалы, аз қамтылған отбасыларға үнемі қарайласады. Барын басып емес, шашып жейтін болмысы байырғы сақилардай.

Өзі секілді ауылының баласы тай жаратып, бәйгеге қосыпты. Содан әлгі тай шашасына шаң жұқтырмай, қара үзіп келе жатқанында аяғы мертігеді. Әлгі бала қатты қапаланып, жаны ауырса керек-ті, екі-үш күн ас ішпей, бөлмесінен шықпапты. Осыны естіген Төлеген атқорасындағы өзі баптап отырған жүйрік тайды жетектеп апарып, сыйға тартыпты. Бұл мәрттігі ел аузында аңыз болып біраз уақыт жүрген еді. Міне, Төлеген осындай жылқы мінезді жігіт.

«Жасыратыны жоқ, өз ұлтымның дәстүрін біле бермеймін. Жаным да, жүрегім де қазақ деп соғады. Мені қазақ қылған ол бәйгеге деген махаббатым. Атбегі Жолдыбай ағаның өнегесін көп сіңірдім. Әкем де, анам да – қолымда. Балаларым – бақытым. Ұлдарым да шабандоз. Бір ғана арманым бар. Азаматтарым қазақтың жанындай болған аламаннан алыстамаса екен», дейді атбегі, Атымтай жомарт Төлеген.



«Ауылдан ат тонын ала қашатын келіндерге үлкен үлгі»

Арайлым Жекенқызы

Тракторшы келіншек

ШЕТ ауданы, Жоғары Қайрақтыға қарасты Майбас қыстағында Арайлым есімді келіншек трактор тізгіндеп, шөп шабады. Онымен қоса, үйіндегі шаруасын да шашау шығармай өзі атқарады. Күнделікті тамағы, сауатын сиыр-биесі бар, тартатын сүті, шайқайтын майы, жаятын құрты бар дегендей...

Күнделікті осынау тірлікті шаңырақтың келісті келіні Арайлым атқарады. Біздің таң қалғанымыз мынау: арасында уақыт тауып, жары Дарын Істілеуұлына қолғабыс етеді. Қасында жүріп, жұмсағанға жарап тұрса, аса таңырқамас едік. Ал Арайлым өздеріне тиесілі шағын шаруашылықтың үлкен жұмысын жүйелеп отыр. Жаз бойы көк трактормен мініп алып, шөп шабады. Оны жинайды. Қыста қымтанып алып, мал жайғауға шығады.

Мұндай қыстақтың қара жұмысына барған себебі мынада екен. Күйеуі Дарын – үйінің жалғыз ұлы, яғни, қарашаңырақтың иесі.

«Осының бәрін түйсінген соң, саналы түрде, өзім өтініш жасадым. Әйтпесе, шаруашылыққа жалғыз өзі үлгермейді. Бір жағынан өрістегі малды қарау керек, онымен қоса, шөп науқаны бар. Содан маған «Ауди»

көлігінен бастап, мотоцикл, трактор жүргізуді үйретті», дейді тракторшы келіншек.

Алғашында Арайлым мотоциклмен қырда жүрген күйеуіне көже-қатық апарып тұрған. Мал қайырысады. Үйдегі тірлікке қарайласады. Қысқасы, тыным жоқ.

Ал Дарын қазір келіншегіне әбден сеніп алған. Тракторын, көлігін жөндесе Арайлымсыз аттап баспайды-мыс. Неге десеңіз, жас келін кілт-сайманның бәрін жаттап алыпты. Ендігі мақсаты да мынау: жөндеп үйреніп алсам, алаңсыз қырда шөп шаба беретін.

Арайлымның қыстаққа келін боламын дегені үш ұйықтаса, түсіне кірмепті. «Болашақ» колледжін тәмамдаған соң, Жылжымайтын мүлік орталығына жұмысқа тұрады. Сол кезде осындай қыстақтарды аралап, үйдің, жердің, баздың өлшемін жасайды екен. Сондағы бастығы Арайлымға әзілдеп «Ертең осындай қыстаққа келін боласың»,– дейді екен. Ал, Арайлым болса, «Алла сақтасын» деп, ат-тонын ала қашқан көрінеді.

Бастығының айтқанын Алла қабыл етіп жібереді де, көп ұзамай қыстақтың қара домалақ келіні болып шыға келеді.

«Енемнің мектебі ғой», дейді өзі. Ауылда өскенімен, сиыр-бие сауа алмаған көрінеді. Мал сауа алмаған соң, белгілі сүт тартып, ірімшік қайнатуға да жаттығы бары. Бірақ, Арайлым мұның бәрін бір көрсеткеннен-ақ қағып алады. Қазір қыстақта отырып-ақ, қымыз-құртын, май-қаймағын Астана мен Алматыдағы тұтынушыларына жөнелтеді.

Шағын шаруалықтарында 50 қазақы сиыр, бір үйір жылқысы бар. Мемлекет қолдауымен су жаңа трактор алады. Ендігі ой-мұраттары – екеулеп еңбек етіп отырған соң, шаруашылықты әрмен қарай үлкейту, өрісті малға толтыру.

Еңбек көріп өсіп келе жатқан үш ұлының да ыңғайы шаруашылыққа келеді екен. Күні ертең олар да мыңғырған қой, үйір-үйір жылқы, табын-табын сиыр айдаса, таңырқамаймыз.

«Келіншегіммен танысқанымызға үш ай уақыт өткен соң, отбасын құрдық. Жар таңдаудан қателеспеппін. Үйдегі жалғыз ұл болған соң, бүкіл жүк маған түсетін еді. Қазір сол жүгім жеңілдеді. Жарым Арайлым өзі маған жаны ашып, көмектескісі келді. Барлығын тез үйреніп алғанына өзім де таңмын. Қысы-жазы даланың шаруашылығы бітпейді ғой. Бұрын малдан сыртқа мүлдем шыға алмайтынмын. Қазір келіншегіме тапсырып, алаңсыз кете беремін. Осындай адал жан жолыққан мен шыныменен бақыттымын», – дейді жолдасы Дарын.

– «Май-май болып трактор жүргізгені несі?», – деп сөз қылғандар табылды. Бірақ, нағыз адал еңбек, маңдай тер осы деп ойлаймын. Күні ертең үш ұлымыз өскен соң, шаруамыз дөңгелеп кетеді деп сенеміз. Ал, оған дейін күйеуіміз екеуміз еңбек ете береміз, – дейді трактористі келіншек.

Арайлым қазір ауыл-ауылды аралап, дронымен видео да түсіріп жүр. Ауылын сағынған әлеуметтік желідегі ағайынға осылайша, сапалы контент ұсынып отыр.

«Арнайы жасақтың
абаданына айналған азамат»

АЙТУАР АСҚАР

«Күрең берет» киген Кенжебайұлы

АРНАЙЫ жасақ сарбаздарына «күрең береттің» иесі атану үшін үлкен күрес қажет. Бұл дәрежеге сапта жүрген жігіттердің бәрі қол жеткізе бермейді. Айтуар Асқар да әуелгіде әлгі ауыр сынақтан сүрінеді. Екінші мәрте бағын сынап, қажыр-қайраты, қайсарлығының арқасында осы дәрежеге қол жеткізген.

Айтуар Кенжебайұлы – тоғыз баланың кенжесі. Ауылдағы қара домалақ ұлдың үлкен бір арманы – Отан тыныштығын күзету, жасақ қатарына өтіп, үздік жауынгер атану. Осы ой бала Айтуардың жігерін жаниды. Ол кезде қазіргідей ауылда дене жаттықтыратын жағдай жоқ еді. Бірақ, ойға да, қырға да, тауға да жүгіреді. Үйінің ауласындағы турникке түрлі тәсілмен тартылады. Басқа да жаттығу түрлерін меңгереді.

Біраз шыныққан соң алға қойған мақсатын жүзеге асыруды діттеп, қаланы бетке алады.

«Бүркіт» арнайы жасағына өтпек болғанымен, екі рет сыннан сүрінеді. Сүрінгенімен сына қоймады. Керісінше, жігерін жанып жасақ қатарына ілігеді. Жасақтағы лақап аты – «Қазбат».

Енді оны «күрең берет» жолындағы күрес күтеді. 2014 жылы Айтуар ел бойынша «Осы күрең беретті аламын» деп алдына мақсат қойған 180 сарбаздың бірі еді. Бұл жолда оны 75 шақырымдық «ауыр өткел» күтіп тұрды. Онымен қоса, 25 килолық қару-жарағы, су-тамағы салынған дорбасы бар. Әлгі шақырымды жүгіріп өту керек.

Алғашқы кезеңде 100 метрлік қашықтыққа белгілі бір уақыт аралығында жедел жетеді. Одан соң белін-дегі қанжарды немесе сапер күрегін лақтырып нысанаға қадап және арнайы радиобайланыс құрылғысын (приемная рация) жинап іске қосады. Жедел танкідегі сарбазға байланысқа шығады. Сынақтың осы бір кезеңінде 180 сарбаз 100-150-ге азаяды.

Жоқ, біздің ойлағанымыздай, тек қару-жарақ асынып, 75 шақырымдық қашықтықты жүгіріп өту емес екен. Осы аралықтағы 5, 20 шақырымдық бөгеттер мен тапсырмалар үлкен күшті қажет етеді. Бұл сынақтан соң сарбаздар қамысты, батпақты өзенді кешіп өтуі керек. Қара күздің кезіндегі су да тастай салқын емес пе? Осы кезде аяқтары тартылған көп сарбаздың сабыры сарқылады.

Батпақты өзеннен өткен соң «Алдыңғы шептен шабуылға тойтарыс беру» сынағы беріледі. Бұдан соң 10 шақырым жүгіріп өтіп, бекініс шұңқырын қазасыз.

– Шұңқырды тұрып емес, бір қырымызбен жатып және өз бойымызға шақтап қазамыз. Себебі,

тұрған сарбаз оққа ұшуы мүмкін. Келіп жеткен сарбаздар арасы 5 метрден бір сызыққа жата қаламыз да, күрекпен жер қаза бастаймыз. Шұңқырдың ұзындығы бойымызбен бірдей, ені 60 сантиметр, тереңдігі 30 сантиметр болуы шарт. Сенің қандай жерге жатарың беймәлім. Тастаққа немесе сазды аймаққа түсіп қалуың бек мүмкін. Мұндайда саған жаны ашып, басыңнан сипар ешкім жоқ. Тасқа кезіксең, тесу – міндет. Тексеру комиссиясының талабы бойынша, шұңқыр қырлы, әрі топырақ түспестей түзу қазылуы керек. Сонда ғана бұл сын өткерілді деп саналады, – дейді «күрең берет» иесі.

Осыдан кейін сарбаздар тағы 10 шақырым жүгіріп өтіп, «Жасырын түрде қозғалу» тапсырмасын алады. Етбетінен жатып, шынтақпен еңбектеу арқылы 50 метрді өту керек. Үзіліссіз. Дәл осы сәтте қалған 50-60 сарбаздың біршамасы әлсірейді.

– Сарбаздар өздеріне «Кетанов», «Кеторол» сынды дәрілер салып жатады. Өйткені, мақсат – біреу. Ол – «күрең берет». Жолда уақыт үнемдеп межелі жерге алдымен жеткен сарбаздар жүрек жалғамаққа қоржынындағы шай қасықты қолға алғанда салмағын сезінеді. Өйткені, сапар алыс, күш сарқылып келеді. Айдаладағы меңіреу даланың әр дыбысына, тіпті нан шайнағандағы жағыңның дауысына ызаң келетіндей болады. Керек ыдыстарды, су құйғыш (фляжка) қасық пен күрешкені арнайы маталарға орап сылдырла-

мастай етіп саламыз қоржынға. Себебі, командирлер орта жолда титтей дыбыс жүйкеге тиерін әу бастан үйретеді. Қатты шаршағаннан сарбаздардың көзіне түрлі елес (галлюцинация) елестейді. Тән қанша төзсе де, ми шаршап, абдырап қалады. Мұндайда тек бір мезетті ойлау керек. Ол – ел алдындағы борыш, отбасыңның сенімі, алға қойған мақсатыңнан танбау. Бұл – үміттің жетегі, – дейді Айтуар Асқар.

Ендігі тапсырма – «Жаралы жауынгерді қауіпсіз аймаққа сүйреу». Одан әрі «Газ түтікшесімен» 400 метр жүгіру. Әлсіреп әрең келе жатқан сарбаз газ түтікшесін кигенде, тынысы тіпті тарылады. Осы тұста сарбаздар біріне-бірі қарайласады.

«Осы кезде қатарымыз 20 сарбазға кеміді. Келесі тапсырмаға дейін 1-2 минут уақытымыз бар. Шөлдегеніміз сонша, суды бөтелкесімен бірге жұтудың аз-ақ алдындамыз. Бірақ, суды шөлдедім деп сіміре беруге де болмайды. Суалған дене бір демнен суды көп қабылдаса, аяқ-қол тартылып қалады», дейді Айтуар Кенжебайұлы.

Бұдан кейін – «Картамен бағдарлау немесе әскери топография». Мұнда қолындағы компосымен діттеген жерін дұрыс бағдарлап, жедел жету қажет. «Оқ дәрі тасымалдау», «кедергілер жолағы», «өз қаруын тексеру» және соңғысы – «жекпе-жек».

Соңғы сын – аса ауыр кезең. Тың отырған үш «күрең берет» иегерімен жекпе-жекке шығу қажет.

Күш әбден сарқылғанда қайдағы қоян-қолтық ұрыс? Бірақ соңғы сынақ Айтуардың намысын оятады. Алғашқы жекпе-жекте ауыр соққы бір көзін ашқызбай тастайды.

«Көзімнің біреуі ашылмайды. Бір көзім бұлдырап барады. Дереу есімді жиып, қарсы ұмтылып, қолымды мен де сермедім. Сол уақытта «уақыт» деген пәрменнен селт етіп, келесі алаңға өттім. Онда да келесі «күрең берет» иегері күтіп алып, соққылады. Бет-аузымнан аққан қан көзімді жауып қала береді. Қан мен тер қоса аққан сәтте отбасым, маған сенген елім мен туған жерім есіме түсті. Бұл соңғы серпіліс, шешуші сын еді. Мен «күрең берет» иеленген 15 сарбаздың қатарындамын. Менің міндетім – еліміздің тыныштығын сақтау, бейбіт күндердің себепкері болу»,– деп түйді сөзін «Қазбат».

АҚҚАЙША АНА

«Тектілік - тегінде, қажыр - қайрат - қанында бар қадірлі ана»

Бақыт бесігін тербеген ана

ОН алты құрсақ көтерген ананың болмысынан мынаны аңғардым: шынайылық – шырайы, шындық – серігі. Қажыры қайтпаған, қайраты әлі де бар. Жүзінен әрі таймаған, ырысы ортаймаған қадірлі ана бүгінде.

Он жеті жасында Жаңаарқа ауданы, Ералиев ауылына келін болып, ақ босаға аттайды. Келген жеріне тастай батып, судай сіңеді. Енесін апам деп күні бүгінге дейін аузынан тастамайды. «Eh, шіркін апамдай адам жоқ қой» деп есіне алады сағыныштан сарғайып. Он алты құрсақ көтереді. Оның екеуі көз жұмады. Артынша 1980 жылы өмірлік серігі Ыбырахым сырқаттанып, дүниеден озады. Шиеттей баланы өбектеп, өзі ғана қалады. Тағдырдың бұл сынағына мойымады. Табандылық танытты. Қалған он төрт баланы бағып-қағады, өсіріп-өндіреді.

«Балалаларым ашықпасын деп бір сиырға 60-70 қап ұн алып, сарайға толтырып қоятынмын» дейді. Он төрт баланы ғана емес ұлттың бір бөлшегін асырағандай асыл ана. Оларды оқытады, тоқытады. Қатарынан кем қылмайды. Ұлдарын жеке отау етіп,

еншілерін үлестіреді. Қыздарын құтты орнына ұзатады. Бүгінгі күні 7 ұлдан 40-тан аса немере, 6 қыздан 20-дан аса жиен сүйіп отыр. Шөбере де баршылық. Шөпшек те өрбіген. Тәубе! Бірлігі мығым, тірлігі озық әулет бүгінде. Ал, Аққайша тәтеміз осы әулеттің мәуелі бәйтерегі дерсіз…

Әңгіме барысында «әуелі Құдайдың берген қуаты. 1989 жылы апам намаз оқуды үйретті. Содан бері үзбей, Құдайдан дұға-тілек тілеп келемін. Намаздың арқасында тоқсанға жуықтап қалдым. Тәубе етем. Сен осыны жаз» деді нығырлап. Сол сәтте, көз алдыма Құнанбайды дәретсіз емізбеген Зере әжеміздің тектілік үлгісі, кескін-кейпі келгендей болды.

«Қарты бар үйдің – қазынасы бар». Бүгінде бір үйдің ғана емес, бүтін әулеттің қазынасына айналған анамыз көпке үлгі. Өнегенің өрінде, той-домалақтың төрінде. Жасы тоқсаннан асса да шөбере-шөпшектің қамын күйттеуден тынған емес. Ел ішінде қазаны оттан түспеген, шаңырағына құт дарыған ана.

… Ғұмырында иіссу сеуіп көрмеген анадан жұмақтың иісі аңқиды.







АЛШЫНБАЙ МҰҚЫШЕВ

«АУЫЛДАСТАРЫ «ТЕРМИНАТОР», «ТЕМІР АДАМ» ДЕП АТАП КЕТКЕН АЛШЫНБАЙ АҚСАҚАЛ»

Ақжалдық терминатор

КҮШ атасы Қажымұқанның белдескенінен бөлек, жиын-тойдағы өнерін естігенде таңдай қағатынбыз. Аңызға айналған тұлға жайлы түрлі әңгімелерді құлағымыздың құрышын қандырып тыңдадық та. Көзбен көріп, әсерін сезінгендер қандай күй кешті екен деп ойлаймын, кейде…

Айтқымыз келгені – күш атасын үлгі тұтып, ізін жалғастырушы бар екен бізде де. Шет ауданы, Ақжал кентінде Алшынбай Мұқышев есімді зейнеткер тұрады.

Зейнет жасында демесеңіз, нағыз салауатты өмір салтын берік ұстанған ақсақал. Ауылдастары «Терминатор», «Темір адам» деп атап кеткен. Қажымұқанның ізін қалай жалғастырмақшы дейсіз ғой?

68 жастағы Алшынбай ақсақал йоганы еркін меңгерген. Арматураны оңай майыстырып, 16 келілік кір тасын шынашақ саусағымен көтереді. Спортпен шұғылданғанына 30 жылдай уақыт болыпты. Бүгінгі таңда қыр-сырын әбден терең зерделеп алған деуге де болады. Өйткені, түрлі қауіпті амалға барады. Алғашқыда тақтайды сындыра бастаған кейіпкеріміз кейіннен қызыл кірпішті бір ұрып, үгітуге көшкен.

Сондай-ақ, арматураны білегіне иіп оңай орайды. Ол аз десеңіз, шынымен де түрлі трюктер істейді. Тіпті, бірнеше адам әзер көтеретін ауыр тасты зейнеткер кеудесі мен ішіне қойып, оны қасындағыларға балғамен ұрып, сындыртады. Әрине, мұның әдіс-айласы боп тұр ғой. Ақсақалдың айтуынша, мұның құпиясы тыныс алуды бақылауда екен.

«Соққының алдында дененің өзі тас сияқты қатты болуы керек. Мысалы, бірдеңені ұрмас бұрын, сіз жұдырығыңызды қысасыз. Сол сияқты күшті бойға жинау керек. Бұл да тәжірибемен келеді» дейді. Ауыл халқының ақсақалға деген құрметі ерекше. Өнерін түрлі мерекелік шараларда, әсіресе Наурыз мейрамында көрсетеді ауылдастарына. Спортқа ден қоймас бұрын кеудесі мен аяқ-қолында қатты ауырсыну болыпты. Күнделікті қалыпты ұйқыдан да қалыпты. Содан бұл сырқаттың алдын алып, салауатты өмір салтын ұстануды қолға алады. Бір қызығы, Алшынбай Мұқышевті мұндай балуандыққа ешкім жаттықтырмаған. Теледидардан да, интернеттен де үйренбеген. Мұндай қадамға баруына бағыт берген – күш атасы Қажымұқанның кітабы.

«Теңдесі жоқ балуан Қажымұқан атамыз сиырға дейін еркін көтерген. Кеудесіне тас сындырып, көлік сүйрегенін де жақсы білеміз. Нағыз күш атасы дейміз ғой. Соның ас-тойдағы халыққа көрсеткен батырлығын, күшін естіп өстік бала кезімізден.

Қызығушылығым бар-тын. Бірақ, толық мойын бұра алмай жүрдім. Кейіннен жасым қырыққа жуықтап қалғанда бойымнан сырқат сезіле бастады. Қолаяғым, кеуде тұсым сыздап, сырқырай бастады. Содан мұнан айығудың бірден-бір жолы шынығып, шымыр болу екенін ұғындым. Міне, содан бері отыз жылға жуықтады. Күнделікті ас ішетін секілді бір мезгіл қажеттілігіме айналып үлгерді. Аллаға шүкір деймін. Өзімді сергек ұстап, жеңіл сезінемін», – дейді Алшынбай ақсақалдың өзі.

– Әкем Балуан Шолақ, Қажымұқан, Иманжүсіп секілді балуандарды көп оқиды. «Солардың көзсіз батырлықтарын қайталаймын» дейді. Бір жағынан жастарға үлгі болғысы келеді. Және де елге көп көрінебергенді ұнатпайды, суретке түскісі де келмейді, – дейді зейнеткердің ұлы Шәкен Әбжанов.

Иә, Алшынбай ақсақалдың қалыбы бұл. Аса қатты ел көзіне жарқырай түскенді жақтыра қоймайды екен. Содан да болар Қарағандыда күш иесінің барын кеш естуіміз. Қысқасы, ақжалдық «Терминаторға» темірдей денсаулық тілейміз!

«Білікті электриктің ел білетін ең ерекше қасиеті -күйшілік өнері»

Әлібек БИМЕНДИН

Электриктің екінші қыры

«ҚАЗАҚМЫС» корпорациясы «Нұрқазған» жерасты кенішінде электрик болып жұмыс істейтін Әлібек Бимендинді Арқа жұрты біршама таниды. Еңбектің қара қазанында қайнап жүрген қызметкер ретінде айналасы ғана білетін шығар. Ал, қара қобызын бауырына басып, боздата күй тартатын талантымен елге әжептәуір танымал.

Жеті қат жер астында еңбек ететін Әлібек Өзбекұлы кеніштің білікті маманы, білгір электригі. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін «Электрмен жабдықтау» мамандығы бойынша жетік оқып, үздік тәмамдаған оның алдында бірнеше таңдау тұрды. Әсіресе ол кезең оқыған, тоқыған жас мамандардың қат кезі еді. Екі мекеменің біріне білікті электрик қажет-тін. Тіпті, дипломын сандыққа сақтап қойып, өнер жолына толық бетбұрыс жасаса да, несібесіз қалмайтын еді. Бірақ ол «өнерімді де өлтірмейін, өндіріске де өзімнің оқығанымнан үлес қосайын» деп шешеді. Сөйтіп әбден машықтан электрик маман болып шыға келеді.

– Бұл қауіпті мамандық болғандықтан, бізге қателесуге болмайды. Ел ішінде «Электрик бір-ақ рет қателеседі» деген белгілі, астарлы сөз бар. Электрик үнемі жоғарғы, төменгі кернеулі тоқпен жұмыс істейтіндіктен, міндетті түрде техника қауіпсіздігіне жете көңіл бөлуі керек. Бұл – бұлжымас заң, басты шарт. Электр тоғының иісі, шуы жоқ, қауіптің қай жағыңнан келетінін бағамдау өте қиын. Сол себепті жұмыс үстінде сақ болу керек. Оның үстіне жер астындағы жұмыстың да өз қиындығы бар. Үлкен электрлі двигательдер, сорғы қондырғылары, өндірістегі алып техникалармен жұмыс істеу кезінде тәуекелге бас тігу қажет. Сонымен қатар берілген тапсырмаларды мүлтіксіз атқару жолындағы жауапкершіліктің жүгі де ауыр, – дейді Әлібек Өзбекұлы.

Қара жұмыстан қашаннан қашпаған Әлібек ауыр сым орамасын иығына іліп алып, ақауы бар жерге жедел жетеді. Өйткені, өндірістегі жұмыс үдерісі сағат тырсылындай тақылдап тұруы аса маңызды. Кеніште электр қуатынан кедергі келмеуге тиіс. Мұндай маңызды шаруа Әлібек секілді жауапты мамандардың ғана қолынан келеді. Маңдай терін төгіп, ақ адал еңбек етіп жүрген Әлібек мырзаның өндірістегі әлемі осындай. Ал, өнердегі ше?

Қазір отбасылық құндылық мәселесіне қоғамдық мән беріліп, мінберлерден жиі айтылып жүр. Әлібектің өсіп-өнген өнегелі шаңырағы – ұстаздар отбасы.

Өзбек әкесі білім саласына бір кісідей ғұмырын арнаған, еңбегін сіңірген қайраткер. Анасы Сәруар да – 40 жылдай осы салада еңбек еткен ұлағатты ұстаз, алтын құрсағынан жеті бала өрбіткен аяулы ана. Ұлқыздарының барлығы – жоғары білімді, әр саланың майталман мамандары. Өнегенің өрісіне, ұлағаттың ұясына айналған шаттықты шаңырақты отбасылық ансамбль десе де болады. Шетінен ән дарып, күй қонған өнерпаздар. Электрик ұлы Әлібегінің өзі неге тұрады? Шанағына қасиет қонған қыл қобызымен құйқылжыта ән салып, Ықыластың «Шыңырауын» боздата жөнелтетінін өнер майталмандары мейірлене айтады.

Осылайша, өндіріс саласында ұзақ жыл еңбек ете жүріп, «Қорқыт. Қобыз», «Ықыластың телегей мұрасы», «Бұқарекең жырлайды» секілді бірнеше мәрте республикалық, халықаралық өнер бәйгелерінде топ жарып үлгерген дүр талант өнерін өрістетпесе, өлтірген жоқ.

Не болса да негізден. Арқа өңіріне сыйлы көнекөз қария Исатай атасы домбыраны жанына жүзге жеткенінше серік етіпті. Әнді де, күйді де өзі шығарған екен. Ықылас күйші туралы зерттеу жүргізген бірнеше ғалым әуелі сол алыптың көзін көрген Исатай ақсақалдан әңгіме сұрайтын болыпты. Ән өнерінің зерделі зерттеушісі Ілия Жақанов, заманының заңғар жазушысы Мұхтар Мағауин келіп, Ықылас жөнінде көп дүние жазып алыпты. Исатай қарияның көзі тірі кезінде Тұрсынбек Кәкішев, Ақселеу Сейдімбек, Бек-

болат Тілеухан секілді біртуар тұлғалар үйіне түсіп, әңгіме-дүкен құрған екен. Осы өнегені көріп өскен бала Әлібектің бойынан әрине, өнер жарып шығады.

Өндіріс саласында біліктілігімен сыйлы, өнерде талантымен танымал Әлібек мырзаның өзі де бүгінде өнегелі әкеге айналған. Шаңырағының ұйытқысы Нұргүл екеуі екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр. Үлкені Ескендір С.Сейфуллин атындағы гимназияның жоғары сыныбында оқиды. Ғалысы мамандандырылған музыка мектебінде білім алып жүр. Кенжесі Бегімсұлу да әнді тамылжып тыңдап, арагідік ызыңдап қосылып қояды. Балапандарын өнерге баулып жатқан шаңырақтың басты шартына еңбекке етене етіп өсіру де кіреді. Үй мен түздегі әркімнің өз атқаратын жұмысын үлестіріп берген Әлібек әкелерінің тапсырғанын екі етпейді. «Бізді де әкеміз ең әуелі еңбекке үйреткен», дейді.

Бір өзі күйші де, әнші де Әлібектің өнерін ұжымдастары аса жоғары бағалайды. Кеніш әкімшілігінде ұйымдастырылатын мерекелік кеш, салтанатты рәсім Әлібексіз өтпейді.

Қара алтын да, қара қобыз да – қазаққа ежелден қазына. Сол тұрғыда елеулі электрик, майталман маман, озат жұмысшы, жыршы-күйші Әлібек Бимендиннің қазыналы ғұмыры осылайша мағыналы жалғасып жатыр.



Бөрібай ЫСҚАҚОВ

«Аймағына аңыз атанған автомеханик»

Аңыз атанған автомеханик

ТАҢДАЙ қақтырар қабілет иесі, алтын қолды автомеханик, ауылының ардақты ақсақалы Бөрібай Ысқақовты күллі Қарқаралы жұрты таниды. Бір жасында шешек ауруына шалдығып, жанарынан айырылған тағдыр иесінің таланты талайды таңғалдырады. Жасы жетпіс жетіге келсе де қабілетті қарияның күш-қуаты әлі бойында. Осы жаздың өзінде ауылындағы үш трактордың моторын жинап беріпті.

Қарқаралы өңірінің «автодиагностикасы» атанып кеткен Бөрібай ақсақал осы бір еңбегіне ақы алмайды. «Ақының ең қымбаты – адамның алғысы», дейді аты аңызға айналған автомеханик. Бойынан бұлқынып шыққан бұл қабілеті бала кезінде байқалса керек. Өздігінен ауылдағы балалардың велосипедін бұзып, оны қайта құрап, қолын жаттықтырады. Содан соң үйіндегі радиоқабылдағыш құрылғысының механизмін ашып-шашып, оны да оңай меңгеріп алған жас бала ауылының қажетіне жарайды. Алғаш шыққан лампалы теледидардың да құрылымын тез меңгеріп алады. Жанып кеткен оларға қайта жан бітіріп жүрген кезінде ол он жастан енді асқан көрінеді.

Содан бері автомеханик мамандығына машықтанады. Ауылдың электригі де өзі. Ақбай-Қызылбай ауылындағы ағайын істен шыққан тоңазытқыш, мұздатқыш, цифрлы теледидарларын қалаға тасып әуре болмайды. Бөрібай ақсақал сиқырлы саусағымен-ақ жан бітіреді. Тіпті, таңғажайыбы, кейінгі шыққан плазмалы теледидардың да тілін ұғынып алады. Кейінгі кез келген заманауи техникаңызды жөндеу Бөрібай шеберге сөз емес. Содан да болар, Құдай дарытқан бұл қапысыз қарым-қабілетін ақсақал саудалаған жоқ.

Автомеханик ақсақалдың көліктің қай бөлшегі істен шыққанын дыбысын тыңдап-ақ табатын қабілеті де ерекше дамыған. Әсіресе ауыл шаруашылығы техникаларының ақауын тез анықтап береді. Бөлшекті ағытып алып, қайта жөндеп, оны орнына орнықтырғанша Бөрібай ақсақал байыз таппайды. Осы жаздың өзінде үш трактордың моторын қайта жинап шығыпты. Екі-үш «Нива» көлігінің алдыңғы тірегін жаңалаған. Және үнемі өзіне қолғабыс жасап жүретін інісінің көлігіндегі механикалық беріліс қорабын жөндеп беріпті.

Одан бөлек, көліктің де кез келген тұйықталып қалған тоғын қалпына келтіреді. Автокөліктің редукторы, датчигі, релесі деген бөлшектерді де жазбай таниды. Ең алғаш бір малға алынған «Москвич-2140» көлігін жөндепті. «Бір өзім есігін жаңалап салып, тоқтарын ретке келтірген кезімде жалындаған жас жігіт едім», дейді.

«Темірде де тіл бар. Оны сезіне білу керек. Құдай осындай қабілет берген екен, дән ризамын. Ең күшті ермегім – осы шаруам. Екі көзімнің қызметін екі қолым артығымен атқарып отыр. Соған тәубе етемін.

Егер осындай өнерім болмаса, бұл өмірді қалай өткеретінімді де елестете алмаймын. Осы бір жұмыстан бойыма күш аламын. Сексеннің сеңгіріне де жақындап қалдық. Оңай жас емес. Құдай берген қабілетім ауылымның игілігіне жарап тұр. Соны көңіліме медет қыламын», – дейді майталман механизатор.

Айтпақшы, Бөрібай ақсақалдың адал жары Рая әжейсіз шаруасы тынбайды. Көп-көрім көмекшісі. Рая әжей де кілт-сайманның түр-түсіне дейін біледі. Автомеханиктің оң қолына айналған әжей де техниканың тілін біршама түсініп қалған.

Ауылдың дүрілдеп тұрған тұсында Бөрібай ақсақалсыз той да, мерекелік концерт те өтпейтін болыпты. Өйткені домбырасын шертіп, баянын тартып ән салғанда сахна шіркін жайнап кететін еді дейді елжұрт. Бала кезінен ән-жырға әуестенген кейіпкеріміз домбыраның қоңыр үнін жанына жалау қылады. Ән өнерінен өміріне осылайша әр алады.

Ауылынан алыстағысы келмейді. Алайда, қажырлы кезінде қалаға да көшкісі келеді. Өкінішке қарай, осыдан он шақты жыл бұрын ауылдағы қарашаңырағының төбесі тозып, опырылып ортасына түсіпті. Содан бос қалған ауылдасының үйінде тұрып жатыр. Қарағандыға болмаса да, Қарқаралыға көшсек дейді. Тағдырына ешқандай шағымы жоқ бірінші топ мүгедегі шағын болса да пәтер армандап отыр. Рая әжей екеуінің ендігі елге артар үміті, аманаты осындай. Біздің де ақжүрек автомеханиктің, ғаламат дарын иесінің өз баспанасына қол жеткізетін күннің алыс еместігін ішіміз сезеді.

«Жолынан
жығылмайтын
Жолжақсының ұлы»

БАҚТЫБАЙ ЖҮНІСОВ

Алтын жүрек

ЕЛІН емірене сүйген жүрек иесі. Дархандығы даладан дарығаң, тектілігі бабадан жұққан осы азаматтың есімі естілсе, жаужүрек батырлардың соңғы тұяғындай, намыстың найзагеріндей нар тұлға елестейтіні бар. Рас, «Бақтыбай аға мынадай іс тындырды», «Бақтыбай Жолжақсұлы жолынан жығылмапты», «Осындай ауқымды жобаны бір өзі қаржыландырыпты», «Бақтыбай азамат екен!», «Арқада ақиқаттың бетіне тік қарайтын бір азамат бар. Ол – Бақтыбай Жүнісов!» деген әңгімені жиі естиміз. Шынымен де, солай.

Игі істің бастауында кім жүреді? Бақтыбай Жүнісов! Шор бабаны дәріптеп, Қазыбек бидің мерейтойына темір тұлпарды кім тікті? Бақтыбай Жүнісов! Сүрінгенді демеп, жылағанды кім жұбатып жүр? Бақтыбай Жүнісов! Бір кездері безбүйрек қоғам қазақ қыраны Тоқтар ағасын тобықтан шалған кезеңде, Батырдың жел жағынан да, ел жағынан да табылған кім? Жолжақсының жомарт жүректі Бақтыбайы!

Осы азамат жетпіс жасқа толып жатыр дегенді де құлағымыз шалды. Ел азаматтары елеңдеп, әбігерлене

қалған. Бірақ, Бақтыбай ағаның өзі тырс етпеді. Өзін дәріптеуді жаны қаламайды, бәлкім. Біреудің дәріптеуіне де зәру емес. Қарапайым қалпынан айнымаған азаматты өзіміз іздедік. Таба алмадық. Мерейтойының қамымен емес, елдік мұрат жолындағы қым-қуыт жұмыстарымен уақыты болмай шықты. Міне, білікті заңгер, мерейлі меценат, қажырлы қайраткер, ғибратты ғалым Бақтыбай Жолжақсұлының осындай қасиеттерін білетін адам оны Шор бабасынан қалған зор бала, нағыз батыр мінезді тұлға деп қана таниды.

Ол – табысты кәсіпкер ғана емес, намысты қазақ!

...Арқаның атырабы қандай кең болса, сондай кең жүректі кемел азаматтары да жетіп артылады. Бақтыбай Жүнісовті солардың қатарынан ұлт жанашыры ретінде ерекшелеп алуға болады. Қарағанды қаласында «Арқа ақшамы» газетін жарыққа шығаруының өзі байырғы ұлт көсемдерінің ұлы мұратын жалғағандығы емес пе?!

Бақтыбай Жолжақсұлы меценаттығынан бөлек, заң саласының белді өкілі. «Құрметті заңгер» атағының иегері. Білім саласының ауыртпалығын ертеден көтерген еңбегін де ешкім жоққа шығара алмайды. Бүгінде Орталық Қазақстан академиясының ректоры. Нарық кезінде оқу бағасы да аспандап тұрғаны айқын, әрине. Ал, бұл ректор оқу құнының тұрақты болуына талап қойған. Осы жанашырлығының арқасында академиядан санасына сәуле сіңдірген мыңдаған студент қанаттанып жатыр.

Тектілік тегін жатпаса керек-ті. Әкенің өнегесі, ананың ақ сүтімен келетіні, сөзсіз. Әкесі Жолжақсы – Отан соғысы кезінде кеудесін оққа тосқан жауынгер. II дәрежелі Отан орденінің иегері. Басқа да жауынгерлік наградалармен омырауын толтырған. Ал, анасы Рысбала Қарқаралы қаласындағы мектептің бастауыш сыныбында 46 жыл мұғалім болып, талай қазақ баласына қаріп танытқан. Тілдік пәндерді оқыту әдістемесі бойынша оқу құралының авторы. 1963 жылы Ленин орденімен марапатталған. Міне, әкенің айбары, ананың ұстаздық тәлімі дарыған бала Бақтыбайға үлкен үміт артылады.

Бақтыбай Жолжақсыұлы бірден білім саласына топ ете қалмайды. Еңбек жолын қара жұмыстан бастады. Өзінің туған топырағы Қарағайлыдағы тау-кен байыту комбинатында екі жыл слесарь болып жұмыс істеді. Одан кейін әскер қатарында екі жыл борышын өтеді. Кейін комбинаттың жолдамасымен академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің дайындық бөліміне оқуға түсіп, 1982 жылы заң факультетін бітірді. Университетте оқып жүрген кезінде Ленин стипендиясының иегері, топ старостасы, студенттік құрылыс жасағының командирі, заң факультеті жатақханасы студенттер кеңесінің төрағасы болды. Оқуын үздік тәмамдаған мұндай студентті университет басшылығы жібере салсын ба? Оқытушы ретінде жұмысқа қалдырады. Кейін аға оқытушы, доцент, қылмыстық құқық және процесс кафедрасының меңгерушісі,

заң факультетінің деканы болды. 1994-1995 жылдары Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтының оқу ісі жөніндегі проректоры, 1995 жылдан 1997 жылға дейін Д.Қонаев атындағы гуманитарлық институты Қарағанды филиалының директоры болып қызмет атқарады. 1997-2012 жылдары – «Фемида» заң академиясының ректоры. «Фемида» заң академиясы кейіннен қазіргі заманғы гуманитарлық-техникалық институты, көпсалалы гуманитарлық-техникалық институты, «Лингва» тіл және аударма институты сияқты жоғары оқу орындарының басын біріктіріп, Орталық Қазақстан академиясы атанды.

Бақтыбай Жолжақсұлы басшылық ететін академия аяғына нық тұрған. 2013 жылы мемлекеттік аттестациядан, 2016 жылы ұлттық институционалдық аккредиттеуден де сәтті өтеді. Айтпақшы, осы жылдары ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес сапа менеджменті жүйесі енгізілді. Халықаралық институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден де абыройлы өтеді.

Білуімізше, жақсылығын жария етпеушілердің қатарынан. Бұл да парасаттылығынан. Бірақ, біз білетін демеушілік көрсеткен тұстарын тізе кетелік. Қарағанды қаласындағы Жеңіс саябағы құрылысына, Нұркен Әбдіровтің 90 жылдығына, Қасым Аманжоловтың 100 жылдығына, Қарқаралы қаласының 190 жылдығына арналған салтанатты іс-шараға, Тәттімбет Қазанға-

пұлының 200 жылдығына, Тоқтар Әубәкіровтің 70 жылдығы мен Юрий Гагариннің ғарышқа алғашқы ұшуының 55 жылдығын мерекелеуге демеуші болады. Қазақ хандығының 550 жылдығына да қомақты қаржы аударады. Қарқаралыдағы Қарқабат ананың ескерткішін тұрғызуға септігі тиген. Өзі білім алған Қарағайлыдағы №17 орта мектепке үнемі қарайласады. Аталған мектептегі үздік бастауыш сынып мұғалімінe үзбей сыйақы беріп келе жатыр. Осындай шапағатынан соң, тек меценат ретінде емес, жоғарыда атап өткеніміздей, ұлт жанашыры деуге толық қақымыз бар. Қарағанды қаласында тағы бір қазақ тілді «Qaragandy habary» газетін жарыққа шығарады. 2004 жылдан шығатын «Фемида хабаршысы» газеті арқылы халыққа құқықтық білімді насихаттап келеді. Міне, бұл – тек Бақтыбай Жолжақсыұлының біз білетін қырлары.

Бақтыбай Жолжақсыұлы «Құрмет» және «Парасат» орденімен марапатталған. Заңды да. Басты марапаты – халқының сый-құрметі. Өзі осылай дейді. Былтыр жетпістің белесіне осындай парасатпен, биіктікпен жетті. Жақсылықтың алдыңнан шығатыны рас-ты. Арқа атырабын алып батырдың сауытты кеудесі десек, сол кеудеде Алашты сүйген алтын жүрек бүлкілдеп жатыр. Ол – сұңқар болмысты Бақтыбай аға! Жолынан жығылмайтын, жақсылық жасауға үнемі асық Бақтыбай Жолжақсыұлының алтын жүрегіне амандық тілейміз.

БОРАНБАЙ МҰҚАНАЛИЕВ

«БОРАШ. ЕҢБЕКТІ СҮЙГЕН ЕР, АУЫЛЫНА ЖАНАШЫР, АТЫМТАЙ ЖОМАРТ БОРАНБАЙ МҰҚАНАЛИЕВТІҢ ЕЛ ІШНДЕГІ ЕКІНШІ ЕСІМІ ОСЫНДАЙ»

Баршынның бағланы

БОРАШ. Еңбекті сүйген ер, ауылына жанашыр, Атымтай жомарт Боранбай Мұқаналиевтің ел ішіндегі екінші есімі осындай. Баршын ауылының өрісіне мыңғырған малын өргізіп, шаруашылығын шалқытып отырған еңбек ардагері, ауылының шапағатшысы.

Боранбай Қасымбекұлы – жақсының жалғасы, тектінің тұяғы. Әкесі Қасымбек – Ұлы Отан соғысының ардагері, «Даңқ» және басқа да орденнің иесі. Адуынды әкенің тәлімімен жігерін жанып өскен жас жігіт әскерге шақырылған уақытта Ауғанстан жерінде оқ қарша борап жатқан еді. Сол уақытта әскери борышын ойдағыдай өтеген ол елге аман-есен оралады. Ауған соғысының ардагері Боранбай Қасымбекұлының да омырауында авиация генерал-майоры Талғат Бигелдинов атындағы, Бауыржан Момышұлының «Батыр шапағаты», Сағадат Нұрмағамбетов атындағы медаль және «Интернационалист-жауынгер» атты төсбелгі бар. Мұның бәрі Қасымбек әкенің қанымен келген қайсарлықтың үлгісі. Ауған даласынан орала сала, еңбекке араласып, шағын малмен шаруашылық құрады. Сол

қысы-жазғы қып-қызыл бейнеттің, маңдай тердің өтеуі – өрісі толған малы. Бала кезінен малсақ боп өскен ол үйір-үйір жылқысының түгелін түрін түстей алады. Сөйтіп, Боранбай Қасымбекұлының мұқалмас жігерімен бүгінгі күнге жеткен «Мұқаналиев» фермер қожалығы аудандағы іргелі агрокешенге айналып отыр.

– Бүгінде мемлекет ауыл шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөліп келеді. Мал шаруашылығын дамытуда жеңілдетілген несиелер, қара малға субсидиялар беру, техниканы лизингке алу ісі қазір дұрыс жолға қойылған. Тек соларды шаруалар ұтымды пайдаланса болғаны. Осы қолдаулар арқылы шаруашылыққа жаңадан 5-6 мал қора салдық. Өзім «Сыбаға» бағдарламасымен 100 ірі қара алып, өсіріп отырмын. Байқау арқылы жалға жер алып, жайылымды кеңейттік. Малдың тұқымын асылдандыру мәселесі де қолға алына бастады. Бес бас асыл тұқымды бұқа әкелінді. Енді асыл тұқымды бұқа сатып алам деген шаруаға мемлекет тарапынан болатын көмек қазір қомақты. Субсидия арқылы оның құнының белгілі бір бөлігін өтеп береді. Астанаға жақын маңайдан жер алып, мал бордақылау алаңын салдық, ол да өз жемісін беріп отыр, – дейді мемлекет қолдауын сезініп отырған шаруашылық басшысы.

Мал баққанға бітеді. Шаруаның басы-қасында Боранбай Қасымбекұлының өзі жүреді. Ат мініп, өрісін аралап, төрт-түлігін түгендемесе, көңілі көншімейді.

Өмір салты солай. Содан да болар, еңбегі жанды, бейнеті бағын да, барын да еселеді. Ауылды күл-қоқыстан тазалау, су құбырлары істен шығып қалса, оны жөндеу секілді шаруалар Боранбай мырза демеушілігімен жүзеге асады. Мұнымен қоса, ауылда қаңырап қалған ғимаратты өз қаражатына күрделі жөндеуден өткізіп, балалар мен жасөспірімдерге спортзал ашып берді. Қазір ауыл балалары бокс, күрес секцияларына барып жүр. Ауылындағы тоқсан жастағы ананың ескі үйін сүріп, жаңа үй салып берген сақидың өзі. Ауылдың мектебіне, ауруханасына үнемі көмектеседі. Ауылдағы әлеуметтік топтағы ағайынға жыл сайын соғым береді. Жылда бір үйірін соғымға сойып, таратып береді. Ал, былтыр Нұра ауданының 90 мұқтаж отбасына ет таратып берген. Одан бөлек, мал сою алаңын салып, қолданысқа берді. Ауыл зиратын қоршап берді. Нұра өңіріндегі мәдени және спорттық іс-шараларға демеушілік көрсетеді. Пандемия кезінде ауылын тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етті. Мал жайылымындағы су шайып бұзылған екі бөгетті қалпына келтіріп берді. Көрші Тікенекті ауылындағы мешіттің құрылысына қаржылай көмегін көрсетті. Ауылына көшіп келгендерге де қарайласады. Соғымын, жем-шөбін, керек болса алдына малына дейін салып береді. Боранбай Қасымбекұлы аудандық мәслихаттың бірнеше шақырылым депутаты. Ел аманатын орындау үшін ол Астана, Қарағандыға қатынап

жүріп, ауылға «Билайн» мобильдік байланыс жүйесін орнатып беріп, халық ризашылығын алғаны бар. Міне, бұл атымтай азамат жасаған жақсылықтың біз білетін бір парасы ғана. Ал, жары Зәуре Қазанбайқызы мемлекеттік қызметтің қазанында қайнаған жан. Қазір құрметті еңбек демалысында. Қызмет еткен жылдары ауылының өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, елдің батасын алған. Зәуре Мұқаналиеваның еңбегі жанып, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі ұйымдастырған «Үздік ауыл әкімі» республикалық байқауының «Үздік ашық әкім» аталымын жеңіп алған. Теңіз өңіріне өркениет сыйлаған әкім ретінде есімі ел аузында. Ол әкім боп тұрған тұста атқарылған жұмыс аз емес. Атап айтар болсақ, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында көшелер асфальтталды. 284 жарық шамдары қойылды. Ауылдың полиция бөлімінің ғимараты күрделі жөндеуден өткен. Екі электр трансформаторы алынды. Төрт бірдей елдімекенге балалар ойын алаңы орнатылды. Ауыл жастарына арналып, Коворкинг орталығы ашылған. Ауруханаға жаңа жылыту қазандығы қойылған. Және жедел-жәрдем көлігі сатып алынған. Мектеп балаларын тасымалдауға автобус сатып алынған. Мұнымен қоса, жас мамандарға екі пәтерлі үй салынған. Екі бірдей дөңгелек жөндеу шеберханасы мен наубайхана, кафе ашылып, қазір ауыл халқына қызмет көрсетіп отыр. Осындай игілікті істің бәріне Зәуре әкім ұйытқы болған. Оған басты қол-

дауды әрине, асыл азаматы Боранбай Қасымбекұлы көрсетіп отыр. Жары Зәуреш екеуінің осыдан қырық жыл бұрын құрған шаңырақтары бүгінде аһарлы-шаһарлы әулетке айналған. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған. Балаларының бәріне еңбекті ертеден үйреткен екеуі бала-шаға мен немере-жиендердің қызығына кенеліп отыр. Маңдай тер түбі төрге шығарады. Еңбегімен еңселі Боранбай Қасымбекұлы абыройдың биігінде, құрметтің төрінде. Кеудесінде Мемлекет басшысының Жарлығымен берілген «Ерен еңбегі үшін» және «Шапағат» медалі жарқырап тұр. Және де Нұра ауданының Құрметті азаматы. Теңіз өңірінің өркендеуіне телегей-теңіз үлесі бар Баршын бағланының алтын жүрегі осылайша, «ауылым» деп бүлкілдейді. Ардақты азаматты ауылы да сәйкесінше алақанына салып отыр. «Бұдан асқан қандай бақыт бар?», дейді атымтайдың өзі. Рас-ау…

ВЛАДИМИР КОВАЛЬЧУК

«Дархандығы даладан дарыған»

Сақи атанған «Сары қазақ»

АРҚА төсінде құт қонып, ырыс дарыған ауыл көп. Өрісіне мал жайылып, еккен егісі бітік шығатын Шет ауданының Көктіңкөлі ауылы – соның бірі. Мұнда Владимир Ковальчук есімді кәсіпкер тұрады. Осыдан отыз жыл бұрын ол құрған «Жаңа» шаруа қожалығы бүгінде қанатын кеңге жайып, қабырғалы агрокешенге айналды.

Ұлты белорус Владимирдің қазақ болып кеткеніне көбі қайран. Алған жары орыс ұлтынан. Айналасындағылар іскер азаматты «Сары қазақ» дейді. Өйткені, соғымға ту бие сойып, қазы-қарта жеп, қымыз ішпесе, көңілі жайланбайтын жомарттың өзі.

Аталған агрокәсіпорын сан салалы бағытта ырысын еселеп отыр. Негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Қазіргі уақытта оның иелігінде екі жүз ірі қара, жүзден асып жығылатын жылқы, жүз елу қойы бар.

Төрт түліктен несібе тапқан ағайынға ауыл шаруашылығы техникаларының сақадай сай болуы қашан-

да маңызды. Бұл шаруаға да Владимир мығым. Шаруашылыққа қажет техниканың түр-түрі бар. Олардың бұзылмай, жылдың кез келген мерзімінде сағаттың механизміндей сартылдап жұмыс істеп тұруына шаруашылық басшысы баса мән береді.

Фермер шаруашылығының мүмкіндігін тек малдың өсімімен ғана өлшемейді. Егістік алқабындағы шаруаларды да игеріп, игілігін арттыруды көздейді. Сөйтіп, өзіне тиесілі 500 гектардың жартысына егін салып, қалған 250 гектарына арпа, бидай, сұлы егіп, астық қамбасын толтырып алды.

«Биылғы жерге салған өніміміз бітік шықты. Қамбамызды қампайтып алдық. Көп шаруа молшылыққа кенелді. Төккен терімізді, еселі еңбегімізді Жер ана ескерсе деп тілейміз. Агросаланың қиындығы көп. Үнемі ізденіп, жетіліп отырмасаң, шаруаң іркіліп қалады. Сондықтан өзің агроном, ветеринар, малшы, механизатор болмасаң, мал бітпейді», – дейді фермер.

2017 жылы Үкіметтен аз пайызбен несие алған ол қорасын асыл тұқымды сиырға толтырады. Несие қаржысына Ресейден етті әрі сүтті «Симменталь» тұқымынан 50 сиыр әкеледі. Содан бері ірі қараның кесекті еті, мол сүті көл-көсір табысқа кенелтіп, берекесін әрі қарай арттырған көрінеді. Шаруашылық жыл сайын 8 мың тонна ет, 9 тонна сүт өнімін өндіріп, саудалап отыр.

Атырабына «Сары қазақ» деп аты танылған оның бойында дарқандық бар, өзінен артылғанымен өзгеге қарайласатын қайырымды жандар қатарынан. Кәсіпкер өзі туып-өскен Көктіңкөлі ауылына қарасты Әлихан елдімекеніне барынша жағдай жасап отыр.

– Шарапатты іс адамгершілігі жоғары, рухани әлемі бай, жан дүниесі таза адамдардың ғана қолынан келеді. Владимир – осындай санаттағы азаматтың бірі. Барын ауылымен бөліседі. Жылда Әлихан ауылының жалғызбасты қарт адамдарына көмірін, қысқы жем-шөбін түсіріп береді. Мектеп алдындағы 250 шаршы метр жерге асфальт төседі. Мектептің акт залына пластикалық терезе орнатқызды. Жылда Көктіңкөлі стансасының бәйгеден өтетін маусымашардың бас жүлдесіне ірі қарасын тігеді. Мұнымен қоса округімізге қарасты Жыланды ауылының ұзындығы 9 шақырым кіреберіс жолын жөндеуге де демеушілік жасады. Қыста ауылдың жолдарын қардан тазартуға қаржысын да, техникасын да аямайды, – дейді Көктіңкөлі ауылының әкімі Қуаныш Қоршабеков.

Атпал азамат Владимирдің мұқтаж жандардың жағдайын жүрегімен қабылдап, қолынан келгенше жәрдемдесуге дайын тұратын атымтай жомарттығын ауылдастары да ризашылықпен айтып жүреді. Шынтуайтында, батыл фермер кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігін жан-тәнімен сезінеді. Туған ауылын түлетуге үлес қосып жүргені де сондай ұстанымының арқасы болса керек.

Істің қиюын тауып, шаруашылықтың тасын өрге домалатып жүрген кәсіпкердің отбасын да үлгі қылуға болады. Босағасына береке, шаңырағына шаттық үйірілген отаудың бірі. Жары Натальяның қазаны оттан түспейді. Бие сауып, қымыз ашытады. Сиырдың сүтінен қаймақ, май, сыр, ірімшік, құрт дайындайды. Ақ дәмнің бәрі дастарқанда жайнап тұруы керек деген үрдіс бар екен.

– Құт-берекенің барлығы дастарқаныңның молшылығымен келеді. Отағасы жылқы етінсіз отыра алмайды. Даладан мал түгендеп келген күні міндетті түрде қазанға ет саламын. Қонаққа есігіміз ашық. Жылда Құран оқытып, шекемізді береміз. Бізді енді танығандар аң-таң болып жатады. Кәдімгі қанымыз да, жанымыз да қазақ болып кеткен, – дейді фермердің жары.

Отбасындағы ұлы Павел мен қызы Любовь әкесінің жанында жүріп, еңбекке ерте араласқан. Бала кезінен шаруа істеп, шымыр болған олар спортқа жақын. Павел – еркін күрестен спорт шеберлігіне үміткер. Қызы Любовь ауыр атлетикадан ел намысын байрақты бәсекелерде қорғап жүр. Ел чемпионатының бірнеше дүркін жеңімпазы. Оңтүстік Кореяда өткен Азия чемпионатының күміс медаль иегері.

Владимир Ковальчуктің ауыл шаруашылығы саласындағы маңдай тері атаусыз, ескерусіз қалып жатқан жоқ. Мемлекеттік бағдарламалар мен Прези-

денттің ауыл шаруашылығын дамыту бағытындағы тапсырмаларын жүзеге асыру жолындағы еңбегі бірнеше мәрте түрлі марапатпен аталып өткен. Ал, іскер азамат өзі жақсылық жасаған жандардан алғыс алуды марапат біткеннің төресіне балайды.

Міне, шағын ғана ауылда тұрып, шаруашылығын дөңгелетіп қана қоймай, айналасына шарапатын тигізіп жүрген, «Сары қазақ» атанған азаматтың әлемі осындай ізгілікке толы.

ГҮЛСІМ ХАМИТҚЫЗЫ

«Кәсіптің көзін тігін өнерінен тапқан Гүлсім ханымның әр өнімі – бір бренд»

Ұлттық киімнің жанашыры

«АЛШЫНАЙ» тігін цехының иесі Гүлсім Хамитқызы күйеуінің көлік тұрағын цехқа пайдаланып отыр. Ұзақ жыл сауда-саттықпен айналысып келген Гүлсім шебер ең әуелі балалардың кеудешесін тігіп сатыпты. Бұл кәсібін кеш бастаса да, бала кезінен іс тігіп келген ол ұршықша иіріп әкетеді.

Сөйтіп, шапан, тақия, көрпе-жастық тігеді. Сапалы тапсырыс көптің көңілінен шыққан соң, сәйкесінше күн өткен сайын көбейе түседі. Кәсібіне үйінің бір бұрышы тарлық етіп, гаражға көшеді. Өзі үлгермейтін болған соң қасына тігіншілер алады. Осылайша, көз майын тауыса еңбек ете жүріп, шағын цехтың қалай фабрикаға айналғанын аңғармай қалады.

– Кішкентай кезімізден әжелеріміздің іс тігіп отырғанына көзіміз қанып өскен. Анам да ісмер. Көзкөрген жұрт бұл қабілетімді әкемнің туған апасына тартқан дейді. Ол кісі 1930 жылдары ауылдағы келіншектерге көйлек тігіп беретін көрінеді. Атам да ағаш ұстасы болған. Сол кісінің қолынан шыққан бесік әлі бар. Балаларым, немерелерім сонымен өсті. Тегімде

бар дүние тегін жатпаса керек. Оқушы кезімде ұстаздарыма шәлі тоқып беретінмін. Міне, өзімнің сүйікті ісімді қолға алғалы он жылдан асты. Қазір тапсырыстың көптігінен басқаларынан бас тартуға тура келетін кездер де бар, – дейді әңгімесін әріден бастаған Гүлсім Кенжебекова.

Цех ісмерлері этношапанның түр-түрін тігеді. Тапсырыс берушінің талғамына сәйкес, ою-өрнегін, тіпті, есіміне дейін кестелеп жазып береді.

Өнімдері брендке айналғанын шетелден түсетін тапсырыстан аңғаруға болады. Цехында осы уақытқа дейін шамамен он мың шапан тігіліп, сатылған. «Instagram» парақшасы арқылы АҚШ, Франция, Сингапур, Тайландтан шапанға тапсырыс түскен. Кейін Түркия, Моңғолия мемлекетіндегі елшіліктер де сыйлы мейманларына бірнеше шапан алған. Алпауыт «Қазақмыс» корпорациясы да тігін цехының тұрақты тұтынушысы.

Цех ұжымының ең ауқымды алғашқы тапсырысы – Астанада өткен «Экспо-2017» көрмесінің сахналары. Дала сахнасының шатырын тігіп, әсемдеп безендіріпті. Одан кейін Астана Операның «Біржан сал» спектакліне киіз үйдің жабдығы мен 8 метрлік шатыр тігіпті. Содан бері бас қаладағы өнер ұжымдарымен ұдайы байланыста.

Тігін цехы тіпті киіз үйдің барлық жабдығын құрап, ішін безендіріп те береді. Қарағандыдағы «Ал-

тай полиметаллы» кәсіпорнына 15 киіз үй жабдықтап берген. Осы секілді кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге отызға тарта киіз үй құрап берген.

Жақында тағы Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы отыратын бас мекеменің мәжіліс залындағы барлық орындықты қаптап, сахна шымылдығын тігіп беріпті.

Өндіріс орындары мен түрлі мекемедегілер де арнайы киім тігу үшін осы цех тігіншілеріне сенім артып алған. Мәселен, «Helios», «Газпромнефть» секілді компаниядағы жұмыскерлердің киімін осындағы ісмерлер пішіп, тігеді.

Мұнымен қоса, жылда мектеп пен бөбекжай оқушыларының ұлттық киіміне тапсырыс алады. Осы тұста айта кеткен жөн, әлеуметтік аз қамтылған отбасында оқып жатқан оқушыға тегін тігіп береді.

Қазір цехындағы төрт тігіншіні мемлекеттік бағдарламамен жұмысқа қабылдап отыр. «Алтын жас», «Күміс жас» жобасы мен «Жастар практикасы» бағдарламасы арқылы. Тапсырыс көбейгенде үйінде отырып жұмыс істейтін тігіншілері бар.

Кәсіпкер былтыр Даму қорының 20 млн теңге жеңілдетілген несие арқылы цехқа қажетті іс машинкаларын алыпты. Мәселен, көрпе көктейтін жабдық фабриканың қажетін ашып отыр. Қыз жасауына, төр көрпе тігуге таптырмайтын машинканың көмегімен тапсырыс та көбейіп отыр.

«Әлі де цехымды кеңейтсем деймін. Тігіншілердің көзі іс мәшинеге тоймайды. Енді, лазерлі кескіндемелі аппарат алғымыз келеді. Жүн өңдеу цехын да қатар алып жүру ойымда бар. Ол үшін биыл грантқа қатыссам деген ниетім бар. Жобам дайын тұр. Бұйыртып жатса, бәрін бір жерде атқарсақ деген ойым бар. Ауылдағы фермерлерден қой-ешкі жүнін сатып алып, көрпемнің кәдесіне жаратсам, жұмыс та жеңілдеп, табыс та артар еді», – дейді Гүлсім Хамитқызы.

Гүлсім Хамитқызы бастаған ұжым түрлі көрме, форумға жиі қатысады.

Шапаны шетел асқан, ірі кәсіпорындармен ынтымағы жарасқан, асығы алшы «Алшынай» тігін цехының тіршілігі Гүлсім Хамитқызының іскерлігімен ілгері жылжып отыр.



«Сынаққа сынбаған Дос мырзаның жаны – жомарт, қолы – алтын»

ДОС ТӨЛЕГЕНОВ

Несіпбайұлының несібесі

ЖАҚСЫЛЫҚ жасап, жаныңа шуақ шашу үшін аса бір жағдайдың қажеті жоқ. Мұны мына бір ізгілікті іске сүйсінгендіктен айтып отырмыз. Туғанынан сал ауруына шалдығып, арбаға таңылған Дос Төлегенов Нұра ауданындағы қарттар үйіне екі теледидар тарту етіпті. Бала жасынан тағдыр тәлкегіне тап болған Дос Төлегенов – бірінші топтағы мүмкіндігі шектеулі жан. Сынаққа сынбады. Еңбекті сүйді. Теледидардан бастап түрлі техникаңызды жаңғақша шағады. Тілін жетік түсінеді.

Аудан орталығындағы қарттар үйіне екі теледидар сыйға тартыпты. Қарттар үйінде мүлдем тележәшік жоқ екенін естіген Дос Несіпбайұлы: «Қарттарымыз қалай теледидарсыз отырады?» деген ой маза бермей қойды. «Қолымнан келетін жақсылығым ғой. Әуелі қазыналарымызды риза етуіміз керек. Сол кісілердің батасы сөзсіз қабыл болады. Сөйтіп, өзім арнайы барып, табыстап келіп, ерекше қуанып қалдым», дейді.

«Расымен, біраз уақыт болды, қарттарымыз теледидардан алыстап қалған еді. Дос бауырымыз қос теледидарымен үйімізге кіріп келгенде қарттарымыз

қатты қуанды. Жақсылық жасағысы келген ниетінің өзі таудай ғой. Сөйтіп, теледидарды қосып берген соң, өзіміз отырып шай іштік. Жансарайы бай екен. Үлкендер батасын берді», дейді қарттар үйінің басшысы Гүлнәр Түсіпбекова.

Бұл қолы алтын Дос Несіпбайұлының алғашқы қайырымдылығы емес. Ауылдастарына үнемі қарайласады. Тіпті азық-түлік себетін де үлестіріп отырады. «Отау ТВ», «ID ТВ» секілді құрылғыларды сыйға тартып, онысын орнатып та береді. Жаны жақсылық шуағына толы шеберді ауылдастары да аса құрметтейді.

Шебердің есімі еліне жақсы таныс. Тіпті Қарағанды, Астанадан да арнайы іздеп келіп, тұрмыстық техникаларын жөндететін тұтынушылар да бар. Себебі белгілі: техниканың тілін әбден меңгеріп алған, жұмысын сапалы атқарады.

Жары Гүлнәр екеуі үш бала тәрбиелеп отыр. Үлкен ұлы Нұрасыл әкесіне әжептәуір қолғабыс. Кәсіптерін жетілдіру үшін былтыр Үкіметтен 1,3 млн теңге көлемінде грант алған. Бұл қаражатқа шағын шеберханасындағы жұмысты ширатып, үйінің жанындағы көліктің тоғын жөндейтін автошеберханасын жабдықтап алған.

– Жақсы автоэлектриктер өте аз. Мен өмір бойы тоқпен жұмыс істеп келемін. Көлігінің тоғы ақау бергендер де көмек сұрап келетін. Сондықтан автоэлектрик қызметін қоса алып жүруді жөн санадым. Үш көлікке шақталған гаражым бар. Грант қаражатына

көлікті диагностикалау үшін қымбат құрылғылар сатып алдым. Енді алдағы уақытта субсидияланатын жұмыс орындарына бес адамды жұмысқа орналастыруды ойластырып отырмын. Ұлым колледжде автоэлектрик мамандығында оқиды. Негізгі көмекші – ұлым. Бар үмітім де сонда, – дейді шебер.

Дос Несіпбайұлының өмірінде мынандай да кедергі болған. Психиатрлар «ақыл-есі кем» деп сараптамалық қорытынды жасаған. Бірден сотқа жүгініп, еңбекке жарамды екенін дәлелдеп шыққан. «Қажыдым, қайратым аз деп отыруға мүлдем уақытым жоқ», дейді өзі.

Бір жылдары Дос жол апатына ұшырап, екі қолы бірдей істемей қалған көрінеді. Әкесі Өзбекстан елінде емдом алып жатқанда, ұлы Нұрасыл үйдегі үйіліп қалған теледидарларды өзі жөндеп, түскен қаражатты әкесінің еміне жөнелтіп отырған. Ол кезде мектепте оқиды.

Әкесі баласының техникаға қызығушылығын кішкентайынан байқаған. Ойыншық әкеліп берсе, оны бұзып, қайта жинайды екен. Алты жасында алғаш рет қолына дәнекерлегішті алып, құрал-жабдықтардың түр-түрін ажырата білген. Сөйтіп, әке-шешесі шеберханадан шықпаған Нұрасылдың теориялық бағыт бойынша білімін тереңдетуге жолын ашады.

Әкесі мен ұлы айына 30-ға жуық тапсырыс орындайды. Ауылдан алыстамай-ақ алтын қолымен осындай кәсіпті дөңгелетіп отыр. Оның үстіне жақсылық жасауды өмір салтына айналдырған.

ДУМАН БЕЙСЕНАЕВ

«Қарқаралының қысқы туризмін тұлетіп жүрген Думанды қолдаса ғой, шіркін... »

Мұраты зор марафоншы

БЫЛТЫР да, биыл да Италияда өткен «Марчалонга» шаңғышылар марафонына қарқаралылық Думан Бейсенаев қатысып, сәтті өнер көрсетіп қайтты. Еркін стильде 42 шақырым қашықтықты 2 сағат 15 минутта жүгіріп өтіп, 3 мыңдай қатысушының ішінде 133-ші болып мәреге келді. Әлемдік марафонда алғаш рет бақ сынаған әуесқой спортшы үшін бұл – әжептәуір жетістік. Әуесқой шаңғышы бұл спорт түріне қалай келді?

Әскерден оралған соң ол шаштараздық кәсіппен айналысып, нәпақасын содан табады. Баяғы бала күнгі арманы кеудесінен өшпеген көрінеді. Алғашқы табысына шаңғы сатып алып, өз бетінше жаттығып, әуесқойлар арасында түрлі деңгейдегі жарыстардың жүлдесін жеңіп алып жүрді.

Одан кейін әлемнің әр елінде өтетін бәсекелерде бағын сынауға тәуекел етеді. 2018 жылы Финляндияда 5 мыңдай шаңғышы қатысқан марафонда мәреге 117-болып келеді. Бұл да жаман көрсеткіш емес еді.

Эстонияда 70 шақырымдық классикалық марафонда «домино эффектісімен» құлаған бәсекеле-

стерімен бірге жығылып, шаңғысы сынып, жарақат алады. Уақытты жоғалтып алғандықтан, жоғары нәтижеге қол жеткізе алмайды.

Думан сол марафонда алған жарақатынан кейін екі жыл шаңғы тебе алмаған. Биыл өз қалтасынан қаржы шығындап, тәуекел етіп, Италияның Доббиако қаласында өткен «Марчалонга» марафонына барды. Қыс бойы Қарқаралыда шыңдалып, жарыс алдында он күн оқу-жаттығу жиынына қатысты.

«Доломит Альпісінің қойнауында орналасқан Доббиако қаласында 3 мыңдай ғана халық бар. Мұнда спорттық туризм, қысқы спорт түрлері жақсы дамыған. Дамып кеткені сонша, бір мезгілде ондаған мың туриске қызмет көрсете алады. Осы жолғы марафонға қатысқан 5 мың адамның әрқайсысы 70 еуродан жарна төледі. Сол қаржының бір бөлігі жүлде қоры мен ұйымдастыру шығындарына жұмсалған күннің өзінде мемлекетке, оның ішінде қала бюджетіне едәуір пайда түседі екен», дейді кейіпкеріміз.

Жерлес шаңғышымыздың бар ойлағаны әлемдік додаларға қатысу емес еді. Әсем Қарқаралыда шаңғы жарыстарын өткізіп, база жабдықтау жағын да ойластырып жүрген екен. Түрлі шетелден көріп келген тәжірибесімен 2017 жылы Қарқаралыда шағын шаңғы базасын ашты. Тау бөктеріне контейнер қойып, шайханасы бар, жалға шаңғы, тюбинг беретін орын жасады. Мұндай қысқы демалыс орны уақыт өте келе

сұранысқа ие болды, жан-жақтан келген демалушылар мен туристер саны арта бастады.

«Дамыған елдер қысқы спортқа ғылыми тұрғыдан қарайды. Оны дамыту жолдары, физикалық дайындықтың неғұрлым тиімді тәсілдері үнемі жетілдіріліп отырады. Шаңғы, тағы басқа да спорттық құралдарды майлап, даярлап, бабына келтіруге жауап беретін арнайы сервистік топтар бар. Бұрын біз ағаш шаңғыларды пайдалансақ, кейін олар пластик, карбон материалдардан жасалатын болды. Солардың ерекшеліктері мен күтімін де білуіміз керек. Шетелдерге жарысқа қатысу үшін ғана бармай, олардың жаттығу ерекшеліктерін жадыма тоқып, шаңғы базаларындағы ахуалмен, бапкерлерінің жұмыс тәсілдерімен танысып, тәжірибе алып қайтам»,– дейді Думан Бүркітұлы.

Шаңғы спорты десе, шығар-шықпас жаны бар оның ойлағаны біреу. Қарқаралыдағы шағын шаңғы базасының ауқымын кеңейтсе, оған келушілер көбейер еді. Сол арқылы өңірдегі туризмді түлету. Бірақ бұған кедергі бар екен.

«Жерді ұзақ мерзімге жалға алуға, Қарқаралы ұлттық паркінің аумағында шағын да болсын құрылыс салуға рұқсат жоқ. Бұл – Экология және табиғи ресурстар министрлігінің құзырындағы мәселе. Осындай базалар Бурабай, Щучинск жақтарда, Алматы төңірегіндегі Көлсай мен Қайыңдыда кейінгі жылдары қолға алынып, оң нәтижесін беріп жатыр. Қарқаралының да

солардан еш кем емес әсем табиғаты, тамаша әлеуеті бар. Өзімнің жобаларымды қорғап министрлікке неше рет бардым. Министрлік өкілдері Қарқаралыға осы мәселе бойынша арнайы келеміз деген. Әйтеуір, содан аздаған үмітіміз бар», – дейді жанашыр спортшы.

Думан Бейсенұлы жобасына қаржы сұрап отырған жоқ. Өзіне сеніп отыр. Жергілікті атымтайлар да қолдау көрсетуге ниетті. Бар сұрайтыны – белгілі бір аумақты тегін емес, ақылы түрде жалға алуға рұқсат қана.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында: «Еліміздің туристік әлеуетін пайдалану керек. Туризм осындай серпінді жобалар қатарында болуға тиіс. Өкінішке қарай, осы маңызды саладағы жұмыс дұрыс атқарылмай жатыр, еліміз басқа мемлекеттермен салыстырғанда артта қалып келеді. Жобаларды тиімді қолдау шараларын және оларды орындау мерзімдерін нақты айқындау керек. Оны іске асыруға шетел инвесторларын және еліміздің бизнес өкілдерін барынша тартқан жөн. Жұмысқа өзіміздің шикізатты, тауарлар мен кадрларды, басқаша айтқанда, барлық ішкі мүмкіндіктерімізді пайдалану қажет», деген жоқ па?

Сөзіміздің соңында спортшылар үшін ғана емес, жалпы бұқараға, туристерге арналған шаңғы базасын жасағысы келіп отырған азаматқа қолдау көрсетілсе дегіміз келеді.



думан сәдіреміз

«Қызылордада туып, Астанадан оқу бітіріп, Жезқазғаннан алғаш еңбек жолын бастаған жас педагог. Қарқаралыдағы Қарағайлы мектебінің директоры болып бағын сынап жатыр»

Үміт арқалаған үр жаңа директор

МЕКТЕПКЕ директор жетіспеушілігі бар мәселе. Әсіресе, ауылға барып, білім сапасын көтеретін білікті басшы табу қиын. Осыған қатысты Оқу-ағарту министрлігі «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасын іске қосқан еді. Яғни, сарапшы-педагог өзі таңдаған мектепке директор бола алады. Тек, жоба талаптарын толық орындап, оқуын ойдағыдай тәмамдау керек. Былтыр осы жоба негізінде Қараганды мен Ұлытау облысынан бір ғана үміткер сертификатқа қол жеткізген көрінеді. Ол жалынды жас мұғалім – Думан Сәдірислам.

Думан Сәдірислам «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» кадрлық резерві жобасының іріктеу кезеңінде Ұлытау облысының атынан бағын сынапты. Содан ол жобаның іріктеу кезеңінен сүрінбей өтіп, оқуға қабылданады. Жобаның алты кезеңінен, бес емтиханынан мүдірмей өтіп, білім саласындағы кадр резерві қатарына енеді. Былтыр салтанатты түрде сол кездегі Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың қолынан сертификат алған.

Жобаның ерекшелігі сонда, кадр резервіне қабылданған педагог конкурссыз мектептегі басшылық лауазымына бірден тағайындалады. Думан Ғаниұлына кадр резервінің қатысушысы ретінде Ұлытау облысы, Ақмола облысы, Қарағанды облысының білім басқармаларынан ұсыныс түсіпті.

Сөйтіп, сәуір айында Қарағандыны таңдаған үміткер облыстық білім басқармасының басшысының келісімімен, Қарқаралы ауданы білім бөлімінің басшысы Абылай Жалеловтің қолдауымен Қарағайлы кентінің №16 мектебіне директор болып тағайындалды.

Үр жаңа директор Думан Ғаниұлының өмір жолы түрлі өңірмен өрілген. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Кеңес ауылында дүниеге келіп, Жезқазған қаласындағы №1 жалпы білім беретін мектепте оқуды үздік тәмамдайды. Астана қаласындағы А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына оқуға түседі. 2016 жылы оқуын сәтті аяқтап, дипломын қолына алған соң Жезқазған қаласындағы қарашаңырақ №8 гимназиясына аға тәлімгер болып жұмысқа қабылданған. Тәлімгер ретінде қалалық Жас Ұлан балалар мен жасөспірімдер ұйымының «Үздік мектеп» номинациясын жеңіп алған.

Келесі оқу жылында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметіне ауысып, балаларға сабақ береді. Жас мамандардың республикалық, облыстық, қала-

лық конкурстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болады. «Үздік тіл маманы», «Үздік ұйым», «Қазақстан ұстазы» байқауларының жеңімпазы. Мұғалімдік еңбек еткен жылының қорытындысы бойынша мектебінің «Креативті ұстаз» номинациясының және иегері. Онымен қоса, оқушылары республикалық Мұқағали оқулары, Абай оқулары, Әбіш оқулары, Мағжан оқулары сияқты түрлі конкурста топ жарған.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы ұйымдастырған республикалық «Педагогикалық идеялар панорамасы» конкурсының Оқу сауаттылығы аталымында I орын, «Педагогикалық идеялар фестивалі» конкурсының қалалық, облыстық кезеңдерінің жүлдегері. Мектеп қабырғасында телестудия кабинетінің жетекшісі ретінде оқушыларды журналистика мамандығына баулыған. Осындай жетістіктері бар Думаннан осал басшы шыға қоймас.

«Жобада алған білімімді ауылдық жерде шыңдап, тәжірибе жинағаным дұрыс шығар деген шешімге келдім. Қарағанды облысы білім басқармасының кадр бөлімі маманы Жаннат Амангелдіқызының көмегімен Қарқаралы ауданы Қарағайлы кентін таңдадым. Қаладан ауылға көшіп келгендегі алғашқы әсерімді сөзбен жеткізе алмаспын. Қарқаралының көздің жауын алатын табиғаты, аспанмен таласқан таулары жазықта туып-өскен маған ұнап жатыр. Ауыл тұрғындарының, мектеп ұжымының құшақ жая қар-

сы алуы жүрекке жылу сыйлады. Ауыл әкімі Мұратбек Зекенұлы ұжыммен таныстырып, ауылдың тыныс-тіршілігінен хабар беріп, қолдан келер көмегін аямайтынын айтты. Ауыл жұртының даладай дархан көңілі бар күш-жігерімді аянбай қызмет етуге серпін береді», дейді Думан Ғаниұлы.

Жары Жансая Қайыржанқызымен жоғарғы оқу орнында танысқан. Ол да – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Мектеп жанындағы «Балдырған» балабақшасына қазақ тілі маманы болып жұмысқа орналасыпты. Осылайша, ауылға қоныс аударған мұғалімдер отбасы бақытты ғұмыр кешіп жатыр.



ЕРКЕБҰЛАН ТӨКЕНОВ

«Кітап кеміргіш Еркебұлан мырза нағыз еңбектің адамы. Күніне 30–40 бет кітап оқу оның күнделікті үрдісі»

Кітапты да, еңбекті де сүйген ер

БЫЛТЫР World population review платформасы әлем бойынша кітап оқу рейтингісін жариялады. Ресми тіркелген 98 елдің ішінде 92-інші орында біз екенбіз. Көрсеткіші көңілімізді су сепкендей басты. Бірақ, ел ішінен Еркебұлан Төкенов секілді қарапайым еңбек адамы кітап кеміріп жүргенін көргенде рейтинг реттілігіне реніш бар. Мәселен Қарағанды металл конструкциялары зауытының білікті бұрғылаушысы, «Ұлағат» оқырман клубының мүшесі Еркебұлан мырза зауыт қызметкерлерінің кітап оқуға ынтасын ашып жүр.

Қарағанды металл конструкциялары зауыты – өңірдегі іргелі кәсіпорын. Зауыт өнеркәсіп пен энергетика, мұнай-газ саласына, басқа да нысандар үшін металл бұйымдарын шығарады. Қазіргі кезде Түркістандағы Changan, Chery, Kia, Haval компаниялары мен өңірдегі газ, жылу электр орталықтарының тапсырысын орындап отыр. Алпауыт зауытта еңбек қыз-қыз қайнап жатыр. Мұнда жонылған түрлі металл бұйымы тек өңірдің ғана емес, ел өндірісінің кәдесіне жарап отыр. Экспорт-

талған әр металл бұйымында өз ісінің шебері Еркебұлан секілді мамандардың қолтаңбасы бар.

Осы ретте Еркебұлан мырзаның да жұмысы аса жауапты. Бұрғылау цехында тапсырыс берушінің сұрауы бойынша металл бұйымы өлшеп, пішіледі. Қажет пішін не артық, не кем кесілмеуі керек. Дәлдікті қажет етеді. Егер есебіңіз қате шықса, бірнеше цехтағы еңбек зая кетеді, металл іске алғысыз болады.

– Қазіргі уақытта қашауыш және тісті қашауыш білдектермен, басқа да құрылғылармен жұмыс істеп, зауыт өндірісін өркендетуге өз үлесімді қосып жатырмын. Еліміздің жер-жерінен түрлі тапсырыс түседі. Соларға қажетті бөлшектерді дайындау – негізгі міндетіміз. Бұл бөлшектердің дәлдігі мен сапасы тек өндіріс тиімділігіне ғана емес, бүкіл кәсіпорынның қауіпсіздігіне де тікелей әсер етеді, – дейді металл маманы.

Еңбек адамы Еркебұлан – ұстаздар отбасында дүниеге келген он баланың тоғызыншысы. Зауытта еңбек ету – бала күнгі арманы. Оған мұғалімінің мына бір әпсанасы әсер етіпті.

– Мектепте оқып жүргенде ұстазымның айтқан әңгімесі маған арман-мұратыма жол салғандай болды. Ол әңгімеде үш баланың қиял-арманы айтылады. Қалада құрылыс жұмыстары жүріп жатқан еді. Аумағы абаттанып, зәулім ғимараттар бой көтеріп. Балалар болашақ қаланы жылдам көргілері келеді. Бірақ, ол ұзаққа созылғанына риза болмайды да, өз арманда-

рын бір-біріне айтады. Бірінші бала «Мен он жылға басқа елге кетіп, қайтып келсем», – дейді. Екінші бала «он жыл ұйықтап, содан кейін тұрғаным дұрыс» деп шешеді. Ал, үшінші бала «осы қаланың үлкен әдемі болуына үлесімді қосып, өз қолыммен сәулетті, ғажап ғимараттар салыссам» деп өз ой-пікірін ортаға тастайды. Дәл осы ой менің негізгі арманыма айналып, соған қолым жетті. Қарағанды қаласында «Ұмай», «Таир» секілді басқа да құрылыс нысандарының салынуына қол ұшымыз тиді, – дейді әсерлі әңгімелеп.

Ертеден еңбекпен шыңдалған Еркебұлан кейіпкеріміз 1991 жылы студенттік бригадаға ілесіп, Егіндібұлақ ауданындағы ауруханаға да салысады. Әскердегі борышын Байқоңыр қаласындағы құрылыс батальонында өтейді. Онда жинақтаған тәжірибесінің қызығын қазір көріп жатыр.

Еркебұлан – Қарқаралыдағы Шөптікөл ауылының кітапханасын тауысқан оқырман. Кітапхана үйінің дәл іргесінде болыпты. Қатарластары асыр салып ойнап жүргенде, ол ертегілерді, батырлар жырын, тарихи шығармаларды оқып, ой кешіп отырады екен.

«Осыдан бір жыл бұрын «Ұлағат» оқырман тобына Рымхан досым арқылы қосылдым. Екі аптада бір кездесіп, оқығанымызды талқылаймыз. Онымен қоса, түрлі іс-шараға қатысамыз. Мәселен, Алаш айлығында сахна төріне шығып, Шәкәрім қажының рөлін сомдап, бір белеске шыққандай күй кештім.

Орта тауып, кәдімгідей жаным жадырап қалды», дейді үздік оқырман.

Еркебұлан мырза күніне 40-50 бет кітап оқымаса, асқазанына ас бармағандай рухани ашығады екен. Кітапты көбіне Qasym дүкенінен алады.

«Бұл кітап орталығында шетел әдебиеті мен қазақ әдебиетінің классиктері жазған шоқтығы биік шығармалар бар. 160-қа жуық шетел қаламгерлерінің кітабы қазақшаланды. Шетінен оқып жатырмын. Әлемі бөлек. «Абай жолын» бес мәрте оқыдым. Мұхтар Мағауинді де сүйсініп оқимын. Абайдың, Шәкәрімнің, Махамбеттің кез келген өлеңін жатқа айтамын.

«Жеңіске жеткен адамдардың кітапханасы үлкен болады, ұтылғандардың теледидары үлкен болады» депті әлемге әйгілі кәсіпкер Дэн Кеннеди. Рухани қазына ойынды кемел қылады. Сол үшін қол үзбеймін. Оқығандарымды әріптестеріме әңгімелеп беремін. Бірнешеуі соның әлеміне еніп, кітап оқып кетті. Үзілісте талқылайтынымыз оқыған кітабымыз», дейді ол.

Еркебұлан отбасында асыл жар, қадірлі әке, абыройлы ата. Кішкентай екі жиені атасына асығады. Өйткені, түрлі ертегі, дастанды әңгімелеп береді. Осы орайда мына бір дүние ойға оралып тұр. Баланы телефон тәрбиелеп жатыр дейміз. Егер, әр үйде Еркебұлан секілді ертегі айтар жан болса, онда бала қазақ тілінде үн қатып, рухани болмысы болаттай болар еді.



ЕРНАТ КЕМАЛОВ

«Кеңші Кемаловтың бір кітапқа жүк болатын әлеңдері бар»

Кен де қазады, жыр да жазады

КЕНШІ жігіттердің ішінде әнші де, ақын да, сазгер де бар. Шетінен өнерлі. Ал, өндіріске келгенде еңбектің қараторысына айналып шыға келеді. Жер қойнауынан құт шығарып, ел ырысын еселейтін олардың маңдай тері шынымен қастерлі. Солардың бірі – қарағандылық кенші Ернат Кемалов. Ұжымында қадірлі, еңбек озаты. Сондай-ақ, оның да «өлең-сөзге бар таласы».

Ернат Сейітқазыұлы өндірістегі еңбек жолын 2016 жылы «Қазақмыс» корпорациясының Жезқазған байыту фабрикасында бастаған. Одан соң Абыз кен орнында, Құсмұрын-Ақбастау кенішінде еселі еңбек етті. Қазір «Қазақмыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты Хаджиконган карьері геология бөлімінің тау-кен жұмысшысы. Мұнда вахталық әдіспен еңбек етіп жүр. Жеті күн күндізгі, жеті күн түнгі ауысымда жұмыс істейді.

«Өндірістегі үдеріс сағат тілі сияқты үздіксіз тоқтамауы керек. Еңбек ағыны тынымсыз жалғаса береді. Сондықтан, жеті қат жер астындағы жұмысқа жоғары жауапкершілікпен қараймыз. Әсіресе техника қауіпсіздігін сақтау өте маңызды. Біреуіміз қателік

жіберіп алсақ, барлығы бірдей зардап шегеді», дейді Ернат Сейітқазыұлы.

Еңбекпен жастайынан шыңдалған оның қолынан көп шаруа келеді. Құрылысқа да құмбыл. Шаруаның қай-қайсысына болсын ширақ. Өндіріс саласына келгенінше түрлі жұмыс атқарды. Дегенмен өзі оқып-тоқыған мамандықпен мықтап шұғылданып, содан береке тапқысы келді. Сөйтіп, ойлағаны орындалып, арманы алдынан қарсы жолықты.

Отбасына маңдай тер, табан ақымен табыс әкеліп отырған азамат бір қыз, қос ұлдың әкесі. Балаларын да жастайынан үйдегі шаруаға жұмсап, еңбекке баулып отырады. «Білгендері ертең өздеріне жақсы», – дейді.

Ернат жұмыстан тыс, қолы қалт еткен шақта өлең жолдарын қағазға түсіреді. Шығармашылығын еңбегімен ұштастырып, өлең жолдары арқылы өмірдің мән-маңызын жеткізіп жүрген қалам иесі. Оның әр жазған өлеңінен жан дүниесін жарып шыққан шынайы туындыны аңғаруға болады.

«Бекем бол, кенші, абайла,
Өмірің қымбат талайға.
Бастамас бұрын жұмысты,
Қауіпсіз бе екен, соны ойла!
Қағамын белге мен қазық,
Тереңге түсіп, кен қазып,
Жоспарға жетпей тыным жоқ,

Берем деп ойла елге азық!», – деген өлең жолдарынан кәсіби кенші мен сыршыл ақынның жүрек сөзінің тоғысқанын ұғынасыз. Өндірісті де, өмірді де қатар жырлап жүрген Ернат еш уақыт қаламын суытқан емес. Әріптестері бір уақыт демалып отырғанда өлең оқып беруге қолқа салады. Сонда Ернат осы бір жырды тебіреніп тұрып, оқып береді. Тіпті, қасында жүрген екі-үш кенші жаттап алыпты. Сөйтіп, қара жұмыстан қажыған жігіттердің еңсесін қайта тіктеп, рухын оятады. Одан кейін ауылына, жақындарына жазған өлеңдерін жолдайды. Осылайша, кәсіби кенші жер астында кен қазып қана қоймай, желпініп жыр оқып та жүр.

Еңбектің қараторысы болған Ернат мәдениетке тіпті жақын. Кеншілер қаласында өтетін әдеби, шығармашылық кеш, концерттердің қашанда бел ортасында жүреді. Өнерді өте қатты бағалайды.

«Күнбе-күн адам көзіне іліге бермейтін, қара нар ғана тартатын қажырлы жұмысты тақ тұрып атқарып жүрген кеншілер қауымына құрметпен қарап, биылғы жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаған Мемлекет басшысының бағдары көп жайдан хабар береді. Өмірімнің мәнін де, барын да өндірістен таптым. Өлеңімді де өлтірмедім. Еленсе, еңбек адамы еленсін. Қай жерде де олардың тынымсыз тірлігі лайықты бағасын алып, жүрген-тұрғаны елге үлгі болса, кейінгі жастарымыз да еңбекке деген көзқарасын түзете түседі», дейді Ернат.

ЖАНКЕЛДІ КЕНЖЕБАЙ

«Жарқын жетістіктері көп жас ұстаз»

Мәшекең түсіне кірген мұғалім

НЕСІН жасырамыз, мектепте ер мұғалімдердің аздығы ұрпақ тәрбиесіне өз әсерін тигізіп отыр. Ақиқатында бір мезгіл ер мұғалімнің қатқыл қабағын, жуан дауысын естіген оқушының ерік-жігері мол болады. Өкінішке қарай, Ұлт ұстазы Ахметтің ізінен еріп, ұлы мұратын жалғайтын ер мұғалім аз. Сол аздың ішінде жас ұстаз, жалынды педагог Жанкелді Кенжебайдың есімі елге етене танылып қалды. Еңбекқорлығымен, әдебиетке жанашырлығымен, педагогтік білімімен, ұлтты сүйгіштігімен елдің аузында жүр.

Оның Президент тапсырмасымен салынған Қарағандыдағы іргелі әрі ілгері №19 «Келешек» мектебінде, қызмет қылуы да содан. Жаңа мектепте биылғы оқу жылынан бастап сабақ беріп жүр. Ал, бұған дейін Абай атындағы мектеп гимназиясының құрылғанынан бастап бүгінге дейін өрлеуіне жас педагогтің өзіндік үлесі бар.

Біршама талантты оқушылары республикалық додалардан топ жарып келді. Астанада өткен шығар-

машыл оқушылар арасындағы «Ақберен» IX республикалық өнер байқауында шешендік өнер аталымында Еркежан Қаныш есімді оқушысы II орын иеленген. Көп ұзамай Ақтау қаласында өткен X республикалық «Ақберен» оқуларынан Еркежан шәкірті III орын алады. Мұнымен қоса, V республикалық «Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысы…» шешендік өнер байқауында оқушысы Дүйсен Абылай I орын алса, Сия Айбота III орынға қол жеткізеді. Сонымен қоса, Абылай Абайдың 180 жылдығына арналған халықаралық Абай оқуларында 180 өлең, 4 поэма, 20 қарасөз жаттап, III орын алды. Шәкірттері Еркежан мен Абылай қазір сүйікті ұстаздарының жолын қуып, мұғалім мамандығына оқуға түсті. Бұл жас мұғалім дайындаған оқушылардың тек республикалық сайыстардан қол жеткізген жүлделері. Қалалық, облыстық сайыстардан топ жарып жүрген шәкірттері де жетіп артылады. Өзі де мектепте оқып жүрген кезінде сөз өнерінен түрлі сайысқа түсіп, топ жарып жүріпті. Әсіресе, Махамбет пен Мұқағалиды сүйіп оқыған көрінеді. Екеуінің барлық өлеңін жатқа біліп, оны өршіл рухпен оқығанда тыңдарманды таңдай қақтыратын талантты болған. Талапты ұстаз содан болар шәкірттерінің жолын ашып, шығармашылығын дамытамын деп дамыл таппайды.

Білім негізін бала кезінен мықтап қалаған ол Майқұдықтағы Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан атындағы мектептің түлегі әрі мақтанышы. Ұстаз болуға жастай-

ынан ұмтылдырған Күміс Шмакова мен Жаңагүл Нұрмұханқызының есімін аузынан тастамайды.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің филология факультетінде білімін тереңдеткен оның студенттік жолы да шығармашыл ортамен тығыз байланыста болыпты.

Онымен қоса туған ағасы Әнуар да тарих пәнінің мұғалімі. Ағасынан көргені бар, өзінің түйгені бар Жанкелді сөйтіп ұстаздық жолға топ ете қалған.

Еңбек жолын Сұрыптау кентіндегі №12 жалпы білім беретін мектептен бастаған. Осы жерде жүріп тәжірибе жинақтайды. Сабақ берудің түрлі методикасын меңгереді. Мектептің белсенді ұстазы болған ол әуелі балалар бойында ұлттық болмысты қалыптастыруды көздейді. Сол үшін жұмыс жасайды. Сөйтіп жүріп, мектеп басшылығының рұқсатымен білім ошағында ойшыл, рухани қайраткер Мәшһүр Жүсіп атындағы конференцияны ұйымдастыруға ұйытқы болады. Ондағы мақсаты – мектепке Мәшекеңнің атын алып беру еді. Бірақ, кейіннен қаланың Оңтүстік-Шығыс ауданына қоныс аударғандықтан қазіргі қызмет етіп жүрген Абай мектебіне ауысып, ойға алған шаруасы аяқсыз қалады. Енді мынаны қараңыз, сол Мәшекең кейінгі уақытта Жанкелді ұстаздың түсіне кіріп жүр екен.

«Келешек мектебіне ауысып келіп, қал-қадіріміз жеткенше сабағымызды беріп жүрдік. Шәкірттерім де биіктен көрініп жүр. Барлығы ойдағыдан да жақсы.

Бірақ, кейінгі уақытта үлкен қасиет иесі Мәшекеңді көріп жүрмін. Содан енді түсініп жатырмын. Бастаған ісімді аяқсыз қалдырдым. Сол себепті, Мәшекеңнің рухы мазалап жүр. Бұлай жарамас. Қазір «Келешек» мектебінде қызметімді атқарып жүрсем де қосымша сол шаруамен айналысудамын», – дейді жас мұғалім.

Міне, қазір сол мектептің әкімшілігімен келісім орнатқан ол құжатымен зыр жүгіріп жүр. Айналып келгенде бұл да ұлтқа қызмет қылудың айшықты айғағының бірі.

«Ұстаз тек пәндік білім ғана беріп қоймай, шәкіртінің өмірлік көзқарасын шама-шарқысы келгенше қалыптастыруға тырысады. Оқушыларды әлемде ашылып жатқан түрлі жаңалықтар қызықтырады. Біздің кез келген тақырыпта сөйлесе алуымыз маңызды. Осыны түсіне отырып, мен әр сабаққа тыңғылықты дайындаламын. Мәселен, әдебиет әлеміндегі соңғы жаңалықтарды біліп баруға тырысамын. Сыныбымдағы оқушыларды кітапқа басылған өткен тарих қана емес, келешектің де әңгімесі қызықтырады. Әсіресе, оқушылар экранизацияланған көркем туындыларды көреді. Сабақ үстінде анимациялық фильмдер мен интеллектуал аудиторияға лайықты көркем фильмдерді талдаймыз. Мұның бәрі мені сөзсіз қуантады. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ өрелі тақырыптарды қозғай алатын шәкірттерімнен зор үміт күтемін», – дейді педагог-модератор Жанкелді Кенжебай.

Осыдан келе Жанкелді секілді балалардың жанына білім ғана емес, ұлттық тәрбие сіңіре алатын ер мұғалімдердің қатары көбейсе дейсің, шіркін!

БЛЫСТЫҚ КЛИНИК

«АНА МЕН БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ШИПАГЕРІ»

ЖАРҚЫН НҰРКЕЕВА

Анаға да, балаға да қамқор

АНА мен баланың саулығы – тұтас ұлттың аман-дығы деген сөз. Бұл ақ халат киген акушерлердің бойтұмар сөзі, ұстанымы. Әу баста тележурналист бо-ламын деген арманын анасының бір ауыз өтінішімен медицина маманына алмастырған акушер-гинеколог Жарқын Нұркеева осы күні өз кәсібінің кәнігі майтал-манына айналып үлгерді.

Жарқын Сыздыққызы бұл жолда үздіксіз оқы-ды, тынымсыз еңбектенді. Анасының «біздің үйге бір дәрігер керек», деген бір ауыз сөзін жерге тастамаған ол «анам, қолымнан келетінін білген екен ғой», дей-ді. Бала кезден келе жатқан арманы – тележурналист болу еді. Содан болар алдына алаңдап келген жүк-ті аналардың алдымен жылы сөзімен жанын шуаққа бөлейді. Сосын барып қана ем-домына кіріседі.

Осылайша, Жарқын Сыздыққызы 1996 жылы Қарағандының медициналық институтының жалпы медициналық факультетіне оқуға түскен. 2002 жылы емдеу факультетінде акушер-гинеколог маман-дығын тереңдетіп оқып, одан кейін тағы бір жылдық

білімін интернатура арқылы жетілдірді. Білім алып жүріп, практикаға да қатысып, тәжірибесін әбден толықтырған жас мейіргер ісі дипломына қол жеткізген соң алғашқы еңбек жолын Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданындағы орталық ауруханаңың босану және гинекология бөлімшесінің меңгерушісі болып бастады. Сонда бес жыл еңбек етіп, екінші дәрігерлік категориясын алды. Аудандық ауруханадан біліктілігін молайтып алған ол қайта Қарағандыға қоныс аударды. Облыстық перзентханада 2022 жылға дейін акушер-гинеколог болып еңбек етеді. Осы уақыт аралығында аймаққа мықты акушер ретінде аты танылды. Жүкті аналардың барлығы тәжірибесі толыққан, ана мен бала денсаулығының білгірі болған Жарқын Сыздыққызын арнайы іздеп келеді екен. Еңбегі еленіп, жоғары санаттағы дәрігер атанды. Жарқын Сыздыққызы 2022 жылдан бастап №2 перинаталдық орталықтың меңгерушісі. Яғни білгір маман, білікті басшы Пришахтинскідегі перзентханаға жетекшілік етіп отыр.

Жарқын Сыздыққызының медицина саласындағы жалпы еңбек өтілі – 25 жыл. Осы бір жылдар уағында қаншама қызықпен де, қиындықпен де бетпе-бет келген.

Жұмысына алғаш кіріскен жылы шалғай ауылдағы бір ананың толғағы жетіп, өз көліктерімен аудан орталығына келе жатады. Күн болса, 40 градус аяз.

Оған алаңдаған жас акушер жедел-жәрдем көлігімен оларға қарсы бет алады. Содан орта жолда кезігіп, жедел-жәрдем көлігінің ішінде аспай-саспай аман-есен босандырады. «Дегенмен, сол жолы жауапкершілікті қатты сезіндім. Сыртта аяз қысып тұр. Аса қатты керек-жарағымыз да жоқ. Бір өзім ғана. Оның үстіне енді ғана жұмысқа қабылданған кезім. Содан бастап әр ана мен балаға үлкен жауапкершілікпен, аса ұқыптылықпен қарау керегін түсіндім. Өйткені, бір емес, екі адамның денсаулығы мойныңда тұрады», дейді білікті акушер.

Түрлі қызықтарға да тап болып жатады. Әсіресе ақ көйлекпен келген қалыңдықты босандырып алғанын әлі қызық қылып айтады. «Сол жолы жедел-жәрдем көлігі құйғытып келіп, сигналын қайта-қайта баса берді. Ішіндегі жүргізуші «келін келді, келін келді», деп дауыстап шықты. Біз түсінбей тұрмыз. Сөйтсек, тойда отырып толғағы жеткен келіншек екен. Перзентханаға кәдімгі ақ көйлекпен кіргізіп алдық. Аман-есен босанды. Оны естіген тойда отырған туыстары перзентханаға келіп, әрмен қарай думандатқан. Осы бір ерекше сәт есімізде», деп жылы естелігін жымиып жеткізді абзал жан.

Ардақты акушер жыл сайын білімін жетілдіріп, тәжірибесін тереңдетіп отырады. Үнемі ізденіс үстінде. Онсыз тағы болмайды дейді. Өйткені, медицина ғылымы да көз ілестірмес жылдамдықпен дамып ке-

леді. Озық технологияны оқып, білуді өзіне талап етіп қойған. Әр жылы Израиль, Түркия, Ресей елдеріне барып, арнайы курстарды оқыды. Ол мемлекеттердің ана мен бала денсаулығына қалай қарайтынын, қандай көмек көрсететінін оқып-тоқиды. Сол арқылы тәжірибесін байытып, кәсібилігін шыңдайды.

Жарқын Сыздыққызының көп жылғы еңбегі елеусіз қалған емес. «Алтын дәрігер» медаліне, «Кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісіне ие болған. Алдыңғы жылы министрліктің «Денсаулық сақтау саласының үздігі» мәртебелі марапатына қол жеткізген.

Еңбек жолында мұндай биік дәрежеге қол жеткізуіне өмірлік жолдасының да қолдауы бар. Мұны акушер бізге былай жеткізді: «Жан-жарым екеуміз сонау студент кезімізде отау құрдық. Өмірдің әр баспалдағын содан бері бірге басып келеміз. Ол маған, мен оған қолдау білдіремін. Өйткені, жауапкершілігі жоғары жұмыстың ауыртпашылығы әрдайым басым болады. Жолдасым да медицина саласында еңбек ететіндіктен, бір-біріміздің жанымызды түсінеміз».

Иә, жолдасы Самат Нұркеев те облыстық клиникалық ауруханаңың білікті проктологі, хирургі. Жоғары санаттағы дәрігер. «Алтын дәрігер» медалінің иегері. Бір шаңырақтың астындағы екі бірдей «алтын дәрігер» бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр. Ұлы Нұрәли Назарбаев интеллектуалдық мектебінде 11-сыныпта

оқиды. Қызы Жансұлу «Мұрагер» мектебінің 6-сыныбында. Екеуі де ата-аналары секілді «алтын дәрігер» атанып, емделушілерге шипа дарытқысы келеді.

ЖАНГЕЛДІ ӘБДІҒАЛЫМ

«ЖУРНАЛИСТИКАДА АТЫ, АРХИВТЕ ФОТОСЫ ҚАЛАТЫН ТАЛАНТТЫ ФОТОТІЛШІ»

Фотоөнердің жас өрені

СУРЕТТЕРДІ түсірген Жангелді Әбдіғалым. Газеттегі тартымды фотолардың шекесінде дәл осылай жүретінін «Орталықтың» оқырманы жақсы біледі. Үнемі кадрдан тыс қалатын қадірлі әріптесіміздің бір мезгіл еңбегін әспеттеу – әріптес үшін бізге жүк.

Жангелді Бекболатұлының газет редакциясына қызметке қабылданғанына үш жылға жуық уақыт өтіпті. Әдемі кадрды көре білетін, аппаратқа қолы әбден жаттыққан әуесқой фотограф әрине, газетке ауадай қажет. Өйткені, газет бетінің ажарын фото ашады.

Осы уақытқа дейін елдің қызық-қуанышын, отбасының сәулелі сәттерін суретке тартып жүрген оның кәсіби қабілеті газетке келгенінен бастап шыңдалады.

Жас фотографтың облыстық газетке орналасуында да ғажап сәйкестік бар. Бала кезінде тұрған Жезқазған қаласындағы үйі сол кездегі облыстық «Жезқазған туы» газетінде ұзақ жыл фотограф болған Кәмелбек Бәкіровпен қабырғалас екен. Талантты фотожурналистің жары Раушан Бәкірова бала Жангелдінің жыл сайынғы туған күнінде ойыншық фото-

аппаратты сыйлыққа тарту етіп келіпті. Жолдасының жолын берсін деген жоралғы ниетпен.

Ата-анасы күндіз жұмысқа кететін болған соң бала Жангелдіні сол үйге тастап кететін көрінеді. Жас бала үйдің бұрышындағы марқұм фотографқа арналған мұражай-көрмені келген сайын қызықтап, тамашалайды. Совет үкіметі кезеңіндегі түрлі маркадағы фотоаппаратты қолымен ұстап, көреді екен.

Өз ісінің нағыз шебері бола білген Кәмелбек байырғы Жезқазған облысының шежіресін фотомен түзген. Міне, ғажап фототілшінің шеберлігі жұғысты болған Жангелдінің де облыстық газетте қызмет істеуі тегін емес.

Тартымды кадр көрсе, қолындағы телефонына болса да тарс еткізіп түсіріп алатын ұтқырлық сонау кезінен басталады. Кейін келе-келе фотоаппаратын асынып, той-домалаққа шығады. Ол да оңай жұмыс емес. Тұтас бір күніңді арнап, аяқтан тік тұрып қызмет қылу төзімді қажет етеді. Тек тойды түсірумен ғана тоқтап қалмаған ол блогерлерге ілесіп, баспасөз турларында, көрмелерде, мәдени іс-шараларда жүреді. Сөйтіп жүріп, «Орталыққа» қызметке қабылданды. Жас фотограф газетке керек кадрдың мүлдем басқаша болатынын бірден түсінеді. Ел-елге, жер-жерге сапарға шығады. Қолындағы «Canon R5» маркалы фотоаппаратымен сапалы суреттерді редакцияның орталықтандырылған компьютеріне жүктейді де, тағы жол тартады.

Сурет сөйлеп тұруы керек дейміз. Жангелдінің қоржынында ондай кадр жетерлік. Мәселен, 46 кенші қаза болған «Костенко» шахтасындағы ескерткіштің ашылуында түсірген фотосы жүректі елжіретеді. Қаза болған әкесінің суретін құшағына қысып алған қаршадай қыздың жанарынан мөлтілдеп аққан жасты мүлт жібермеген шеберлігіне қайран қалдық. Осы бір сурет кеншілерге тағзым жасаған сәттің ауыр әрі тағдырлы екенін айқындап тұр. Осы секілді оның объективінен әсерлі сәт, шынайы сезім шырт етіп шыға келеді.

Мұнымен қоса, қырдағы қызу науқан, өндірістегі шаруа, қарапайым еңбек адамының да жұмыстағы сәтін сәтті түсіреді. Осылайша, оның қоржыны әр алуан фотолармен қатталып келеді.

Жангелдінің бірнеше суреті фотоальбомдарға, салалық кітаптардың мұқабасына жиі басылып тұрады. Ол «болып, толдым» демейді. Фотокурстарды қалт жібермейді. Үнемі ізденістің үстінде.

– Расы керек, фото түсіруге бала кезімнен әуес болсам да, фотоөнердің қыр-сырын газетке келіп түсініп жатырмын. Фотоға түсіру барысында жылдамдықтың қажет екенін және мақалаға байланысты фото түсіріп, оның мазмұнын ашып үйрену керектігін білдік. Кәсіби деңгейде сурет шығу үшін еңбектену керек, әріптестеріммен жиі тәжірибе алмасамын, – дейді фототілші.

« Арқа даласында отар-отар қой
өсіріп, ауылына қарайласқан
қайраткер азамат! »

ҚАНАТ ОТАРБАЕВ

Изендіге игілік сыйлаған

ҚАНАТ Отарбаев! Ауылы алақанына ұстайтын, Арқа жұрты қадірлейтін ардақты есім. Арқаның алтын асығы атанған Нұрадағы Изенді ауылының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып отырған Қанат Жариясұлы ата кәсіпке адалдық танытқан шаруа иесі.

Қанат Жариясұлының өзі бейнет көріп, аяғынан тік тұрғызған «Отқанжар» шаруа қожалығы Арқа даласына отар-отар қой өргізіп отыр. Бір кездері жойылып кете жаздаған «Қарғалы» қой тұқымын сақтап қалған да Қанат Жариясұлы бастаған білікті зоотехниктер еді. Тоқсаныншы жылдар тұсында тұралап қалған ферма мен тоқырап қалған ауылдың тамырына қайта қан жүгірді. Бүгінгі күні іргелі қой шаруашылығы мен өркениетті ауыл дамудың көшіне ілескен. Әрине, мұнда Қанат мырзаның маңдай тер еңбегі барын ел біледі.

Кеңес кезінде Изенді ауылы асыл тұқымды қой өсірумен танылған, дәуірлеген шаруашылық еді. Сол кездері өріске қаптап шығатын әрі етті, әрі жүнді «Қарғалы» қойының саны 35 мыңға жетіпті деседі. 1991-1999 жылдары «Балықтыкөл» совхозында бас зоотехник болып қызмет істеген Қанат Жариясұлы

ауылына келген кезде 3 мың ғана қой қалыпты. Ауыл тұрғындары қалаға үдере көшіпті. Сонда бос қалған үйлерді бұзғызбай, шаруашылық басшысы келісімді бағаға сатып ала беріпті. Міне, сол үйлер бүгінде ауылдың бір-бір алтын босағасы.

«Отқанжар» шаруа қожалығы қалай алға қарай дамыды, ауылға да солай өркениет келді. Бастысы, ауылдағы жұмыссыз азаматтардың екі қолына бір күрек табылды. 100-ден аса ауыл тұрғыны «Отқанжардан» табыс тауып отыр. Шаруашылықтың есебіне шопандардың балаларына арналған интернат, мал егу алаңы, мешіт, спорт кешені, «Той – қазына» тойханасы, наубайхана, «Алакөл» қымызханасы, «Ақбота» балалар ойын алаңы салынды. Кітапхана, фельдшерлік пункт, пошта бөлімшесі сынды бюджеттік мекемелердің де ғимараттарын шаруашылық өз қаражатына тұрғызып берді. Осының бәрі атымтай азаматтың туған жеріне жасаған тартуы, Изендіге жасаған игілігі!

Мұнымен қоса, талабы зор жастарды да туған жерінен ұзатпаудың қамын жасады. Оларды шаруашылықтың қаражатына оқытып, дипломын алып ауылға келген әр талапкерді серіктестікке жұмысқа қабылдады. Міне, сол жастар шаруашылықтың жұмысын жетілдіріп, ауылдың бір-бір шаңырағына айналып отыр.

Шаруашылық құрылтайшысы ауылға жаңа нәресте өмірге келгенде бір реттік жөргекпұл тағайындағаны да сүйсінерлік іс. Оның мөлшері еліміздің Тәу-

елсіздік жылымен белгіленеді. Бұл дәстүрге айналған үрдіс. Ана мен бала қуанышына шаруашылықтың шашуы, кішігірім сыйы.

Бұдан бөлек, ауыл балаларының, өнерпаздарының түрлі конкурстар мен білім олимпиадаларына баратын іссапар шығынына да демеушілік жасап отырады. Ауыл мектебі де шаруашылықтың шарапатын көріп келеді. Сол себепті, Қанат Жариясұлы «Білім меценаты» сыйлығының иегері.

Іргелі «Отқанжар» серіктестігінің шаруасы бірізге түскен. Тек қой өсіріп қана қоймайды. Үйір-үйір жылқы, табын-табын сиыр да бар. Мал бордақы кешені мен мал сою пунктінің де жұмысы жүйелі. Малдың жем-шөбі де өздерінен. Егін де салады. Бүгінде серіктестіктің екі тізгін, бір шылбырын ұлы Асланға үлкен сеніммен тапсырған. Әке аманатына адалдық танытып жүрген Аслан Қанатұлы аз уақыттың ішінде агрокешенге жаңашыл леп әкелді.

Қанат Жариясұлының елге деген бұл жанашырлығы ескерусіз емес. «Парыз» Ұлттық сыйлығының иегері атанды. Кеудесінде «Ерен еңбегі үшін» медалі мен «Құрмет» ордені жарқырады. Жақында «Еңбек ардагері» медалін алып, мерейі тасыды.

Қанат Жариясұлы әлеуметтік желідегі парақшасын белсенді жүргізеді. Шаруашылықтың жаңалықтарын, жаңашылдықтарын, үнемі жариялап отырады. Жалпы, агросаладағы мәселелерге де ой қосып оты-

рады. Онымен қоса, тағылымды, өнегелі жазбалары жүректі жылытады. Өлең жазатын да өнері бар. Егер де, Қанат Жариясұлы жазудың жолына түскенде қабырғалы қаламгер атанар да еді.

Қазір де – құрметтің төрінде. Асыл жары Нәсіп екеуі бала-шағаның, немеренің қызығын бірге көріп келеді. Саналы ғұмырын, жастық күш-жігерін ауыл шаруашылығына сарп еткен еңбектің озаты бүгінде қып-қызыл бейнетінің зейнетін көріп отыр.

Изендіге қарап, бейнеттің емес, берекенің ауылын көреміз: онда тек Қанат Жариясұлының қажырлы еңбегі ғана емес, туған топыраққа деген ұлы махаббаты да көрініс табады.



«БОЙЫНДАҒЫ
БЕКЗАТ ӨНЕР
АРҒЫ АТАСЫНАН
ДАРЫҒАН ДАРА ДАРЫН ИЕСІ»

ҚЫЛЫШБЕК ҚҰРМАНТЕГІ

Қолы алтын шебер

АҒАШТАН түйін түйген Қылышбек Құрмантегі Қарағандыдағы «Атамұра» ұлттық қолөнер орталығына жетекшіліп етіп, қолының ебі бар балаларды ағаш пен темірден түрлі бұйым жасауға баулиды. Ұлттық өнерді өлтірмей жүрген бесаспаптың шеберханасының есігінен біз де ендік.

Кейіпкеріміз тек қолөнер шебері ғана емес. Көнеден келе жатқан көшелі кәсіп түрі ұсталықты да қоса алып жүр. Тегінде бар дүние текке жатпас. Бұл өнер арғы бабасынан дарып тұр. Заманында Арқа атырабына аты жайылған ұста Құлмағанбет Байбақыұлынан (1827-1893). Құлмағанбет ұста 1883 жылы Омбы қаласында өткен көрмеде оны Буланже деген француз фотографы шырт еткізіп, суретке басып алған екен. Соның көшірмесін қабырғаға іліп қойыпты. Суреттің жанында бойтұмарындай болып, қымыз құятын ожау ілініп тұр.

– Бұл қымыз ожау қайыңның тамырынан (безінен) ойып жасалған. Қазақтың қолөнерін Еуропаға алғаш таныстырған темір ұста, зергер, ағаш шебері, өрімші, ерші, атақты ұста Құлмағанбет Байбақыұлы

бабамыздың өз қолымен жасаған көп жәдігерлерінің бірі. 1995 жылы осы ожаудың көшірмесін жасап, ақша беріп, Омбы музейінің қызметкерлерінен алдық. Ол жерде әлі көп заты тұр. Ер-тоқымы, жүкаяқ, асадал, ағаш төсек, ыдыс-аяқтары, оюланған он екі қанатты киіз үйі, зергерлік бұйымдарын қайтармады. Бұл көненің көзі бабамыздан қалған құн жетпес мұрасы, 140 жылдан асқан, біраз жарылған жерлерін жөндеп, осы ожауды бойтұмардай іліп қойдым, – дейді ұста Қылышбек.

Қылышбек ұстаның өзінің туған топырағы Баянауылда бабаларынан мұра болып қалған ұстаханасы бар. Былтыр жөнге келтіріп қойыпты. Көрікке арнап Түркиядан арнайы қалың былғары алдырыпты. Қазақстанда жоқ көрінеді. Биыл сонда барып, іске қосып, ас бермек ниеті бар.

Алғашында етікші болып бастаған ол кейіннен ағаш өңдеуді қолға алады. Осыдан 30 жыл бұрын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 135 жылдығына орай Павлодар облысы бойынша шеберлер арасында байқау өтетінін естиді. Сол жолы бас жүлде алып, бір жарым айдан соң қазақ құрылтайына қатысады.

«Құрылтайдан келгенімде сол кезде аймақ басшысы болған Ғалымжан Жақиянов мені зор қуанышпен қарсы алды. Өнеріңді одан әрі шыңда деген мақсатта Баянауылда бос тұрған сегізжылдық мектептің ғимаратынан маған орын берді. Өкінішке

қарай, белгісіз жағдайда іштегі құрал-саймандарым, жасаған барлық затым жанып кетті. Сол оқиғадан соң көп уақыт қолөнерге жақындамадым. Іштегі қалауымды тыңдап, ауданнан Павлодар қаласына келіп, жиһаз жасаумен айналыстым. Қала орталығынан бір бөлмені жалға алып, қайта ағаш өңдеу ісіне көштім. Содан бері қолөнерден қол үзген емеспін», дейді өткенін еске алып шебер.

«Атамұра» ұлттық қолөнер орталығы 2022 жылы ашылған. Содан бері қолөнер шебері Қылышбек орталықта жүріп-ақ, небір шәкірт тәрбиелеуде. Шебер шәкірттері тек Қарағанды қаласынан емес. Абай, Саран шаһарларынан да келіп астабақ, ат әбзелдері, ожау, домбыра, сандық, кебеже жасауды үйреніп жүр. Мұнымен қоса, жүзік, сақина, сырға, шолпы, салпыншақ соғу ісін де біртіндеп меңгеріп келе жатқанын айтады ұста.

– Елордада өткен «Экспо – 2017» көрмесінде күміс медаль алдым. Ол жерде ұлттық өнерді ұлықтадым. Негізінде көрмеге көне жәдігерлерді дайындап, ел назарына қойдым. Сол уақытта ұлттық қолөнер орталықтарын ашу туралы айтылды. Маған министрлік тарапынан бірнеше ұсыныс түсті. Туған жерім де жібергісі келмеді. Оңтүстіктен де шақырту алдым. Дегенмен жаныма жақын Қарағандыны таңдадым. Осында келіп шәкірттер тәрбиелеп жатырмын, – дейді шебер.

Алғашында қолөнер орталығына алпысқа жуық бала келіп жүрген. Кейіннен іріктеліп 20 бала қалған екен. Алыс-жақыннан ат арытып шәкірт болғысы келгендер де бар көрінеді. Мәселен, 600 шақырымды артқа тастап Ұлытаудан Серік, Ерғазы деген екі жігіт шеберден тәлім алып кеткен көрінеді. Екеуі де қажетті құрал-жабдықтарын сатып алып, өз ауылдарынан шеберхана ашпақшы екен.

Шеберханасындағы үстел үстінен бірнеше домбыраны кезіктірдік. Әбден ескірген. Қаңқасы ғана қалғаны да бар. Сөйтсек, Қылышбек шебер ескіні жаңалап, кәдеге қайта жаратады екен. Бұл да қолөнер шеберінің тағы бір қыры десе болатындай.

Шебер тек ескі домбыраны қалпына келтірмейді. Кез келген көнерген бұйымыңызды жаңартып береді. Мәселен, «атамнан қалған мұра» еді деп, ер-тоқым, басқа да ат әбзелдерін әкеліп, жалт-жұлт еткен дүниесіне таңданыс білдіріп кеткендер қаншама?!

– Бір жылы Қытайға бардым. Бір қаласынан қазақтар салған үшқабатты киіз үй пішінінде салынған ғимаратқа кірдік. Ішінде ұлттық өнердің жеті атасы бар. Ұстахана, ұлттық киім тігетіндер бөлмесі, қолөнершілер бұрышы. Біреулер темір қыздырып, төске салып ұрып жатса, бірі қайыс тіліп жатыр, енді бірі ою ойып әлек. Қатты қызықтым. Шіркін-ай, бізде де осылай ұлттық құндылықты дәріптейтін ғимараттар салынса ғой, – деген арманы барын айтты Қылышбек Құрмантегі.

Қылышбек ұстаның мынандай ұстанымы бар, ол – өзінен озатын шебер шәкірттер тәрбиелеу. Сол арқылы ұлттық өнерді өркендету.

Әңгімесін осылай қайырған Қылышбек шебер шаруасына кірісті. Ана бір қоңыр домбыраның ағашын қайта сүрлеуде. Қасындағы екі шәкірті ағаш табақтың ортасын жонып жатыр. Біздің де осы бір көрініске көзіміз тояр емес...

«ӨЛЕҢДЕРІ ДӘЛ ӨЗІНДЕЙ»

ҚУАНЫШ МЕДЕУБАЕВ

Әрі офицер, әрі ақын

ҚАРАҒАНДЫЛЫҚТАР облыстық полиция департаментінің тәрбие және кадр жұмысы басқармасының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы, полиция подполковнигі Қуаныш Медеубаевты әуелі ақын ретінде таниды, одан кейін барып погон таққан полицей ретінде біледі.

Олай болатын да жөні бар. Қуаныш Абдоллаұлының алғашқы өлең жинағы университетте жүріп жарыққа шығады. «Жан-Арым» атауымен. Профессор Нұрлан Дулатбековтің тікелей қолдауымен. Қарағандыдағы әдеби ортаға осылай қадам басады.

Арагідік «Орталық Қазақстан», «Балқантау» газеттеріне қоғамдағы өзекті тақырыптарға өткір тоқталып, өзінің ой-толғауларын жазып тұрды. Жаны жазуды жақсы көргендіктен, журналист болғысы келген арманы басқаша орындалады. 2014 жылы облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметіне жұмысқа қабылданады. Сонда жүріп полиция қызметкерлерінің қызығы мен шыжығын, құқық қорғау органындағы жылт еткен жаңалықтарды өңірдегі

газет беттерінде көрсете білді. Облыстық «Saryarqa» телеарнасындағы «Заң және заман» бағдарламасы арқылы да халыққа органдағы өмірдің қыр-сырын жеткізіп жүрді.

Баспасөз саласындағы жұмыстарды ұршықша иіріп, ұтымды ұйымдастыра білген қызметкер 2019 жылы департаменттің идеология мен имиджіне жауапты Тәрбие және кадр жұмысы басқармасына ауысады. Бұл басқармадағы шаруа да Қуаныш Абдоллаұлына аса таңсық емес. Осында жүріп ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспектор лауазымына дейін жоғарылайды, қазір подполковник шенінде.

Мұнда қандай қызмет атқарады? Департамент қызметкерлерінің, яғни әр полицейдің патриоттық рухын көтеру мақсатында түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырады. Мәселен, ерлік көрсеткен қызметкерлердің батылдықтарын насихаттап, үлгі етеді. Ішкі істер органының ардагерлерімен «Ерлік сабақтарын» өткізеді. Яғни жас полицейлерге олардың даңқты жолдарын үлгі етеді. Үнемі театр, кинотеатр секілді басқа да мәдени ұйымдармен бірлесе жұмыс істейді. Рух көтеретін қойылымға, киноға баруын ұйымдастырады. Былайша айтқанда, әр полицейдің имиджіне жауапты.

«Ақын үшін полицей болу әжептеуір ауыр. Әйтпесе, қарапайым полиция қызметкері болсаң, бар күш-жігеріңді аянбай жұмысқа арнайсың. Ақын

ретінде өз шығармашылығына еркіндік беру мүмкіндігі сәл ауырлау. Десе де басшылық үнемі қолдау көрсетіп, шығармашылығыма еркіндік беріп тұрады. Нәтижесінде, полицияға деген халықтың оң көзқарасын қалыптастыруға бірнеше өлең, патриоттық бағыттағы әндерге сөздер жазылды. Бейнероликтер мен деректі фильмдер түсірілді. Ол, әрине, жалғыз менің еңбегім емес. Департаменттегі «Еңбек және ерлік даңқы» музейінің директоры Айжамал Бекішқызы мен баспасөз қызметі саласындағы әріптес достарымның арқасында», дейді Қуаныш.

Осыдан он жыл бұрын ақын Дәурен Берікқажыұлының қолдауымен «Қара жәшік» атты кітабы жарыққа шығып, оны әдеби орта жылы қабылдады. Ал, оқырманнан оң баға алады. Сыршыл өлеңдері испан, түрік, француз, әзербайжан тілдеріне аударылып, қазақ ақындарының ұжымдық антологиясына енген. Испан халқының ғана емес, әлем ақыны атанған Хосте Хорхе Падрон «Әлемдегі 30 елдің ақындарының ішінде полиция қызметінде жүрген ақынды бірінші рет кездестірдім», деген пікір білдіріп, поэзиясына бас бармақпен баға беріпті.

Одан бөлек, Қуаныш Абдоллаұлы бірнеше әнге сөз жазған. «Жасай бер, Қазақстан», «Анашым», «Ару қалқа қыз» секілді әндері елдің аузында кең тараған.

Мұнымен қоса ақын полицей төрт ұл, үш қыздың әкесі. Демек жұбайы Жадыра Серікбекқызының аза-

матының жағасына кір, көңіліне кірбің түсірмей, қолдауы да үлкен шаруа. Жадыра жанына жақын кәсіппен, яғни тігінмен айналысады. Тапсырыспен перде тігіп, отбасының табысын еселеп отыр. Ақын Қуаныш «Балаларым – көз қуанышым, көңіл нұрым. Жұмыстан шыға соларға асығамын. Жалпы алғанда өлеңде де, өмірде де арманы орындалған жанмын», дейді. Олай болса, біз де Қуаныш үшін қуаныштымыз.



МАХМҰТ САДЫҚАНОВ

«Тарбағатайда туып,
Алатауда түлеп,
Арқаға танылған
театр тарланбозы»

Театр тұйғыны

...САХНА СЫРТЫ. Грим бөлмесінен шыққан Махмұт дауысын қайта-қайта құбылтып, жаттықтырып жүр. Жанары оттай жанып, қабағы түксиіп түнеріп алған. Сауытты, мұздай қарулы. Өйткені, ол бүгін Ер Жәнібектің рөлін сомдайды. Қалижан Бекқожиннің әйгілі «Ұлан асу» шығармасы сахналанады. Сабыры қашып, шымылдықтың шетінен бір сығалап алды. Көрермен ат төбеліндей ғана жиылған. Аз болса да талғам таразысы биік. Бірақ, жалындап тұрған жас әртіс үшін жалғыз көрермен де ормандай боп көрінеді.

«Алматыдан оқып келген талантты жас басты рөлдің бірін сахналайды екен» деген елдің ауызекі жарнамасына біршама жұрт жиылып жатыр. Қол-аяғы дір, жүрегі зыр қағып тұрған Махаң бір кезде бойын жинап алды. «Мен баһадүрдің рөлін сомдағалы тұрмын. Қобалжығанымды ел ішкі демімнен де сезеді. Жаудан, даудан қаймықпаған Жәнібек көрермен алдында неге кібіртіктеу керек?! Жи, есіңді!», деп өзін қамшылап алған. Сол шыққаннан бір деммен образын ойдағыдан да отты, батыл алып шыққан оны пат-

ша көңіл көрермен ыстық ықыласпен, қошеметпен қабылдады.

Содан бері Махмұт Айдапкелұлының жанына батыр мен бидің рөлі жақын. Міне, сахнадағы жарты ғасырлық белеске болмысы біртоға әртіс әрлі әрі әлді жетті. Әрлі дейтініміз, әлі де сахна биігінен түспеді. Әлді дейтініміз, омырауына таққан мемлекеттік марапат елу жылғы еңбектің өтеуі.

Шың-құзы көкпен таласқан Тарбағатайда туған талантты Үржар үкілеген, Алатау қанат қақтырған. Ал, бүгін Арқа театрының «Қобыландысы».

...Қойшының шаңырағынан шын талант шыға ма? Шығады екен. Бала Махмұт әуелі өлеңге, одан соң ән айтуға әуестенді. Әсіресе театрға қадамын Алматыдан бастайтынын білді ме, «Алатауды» шабытпен шырқайтын. Ақыры «Алатау» әні өнер асқарына алып шықты. Сәйкестік демей көріңіз...

Бала Махмұттың талантын жазбай таныған ұлағатты ұстазы Тұяқ Әбдірелиұлын әулие дерсіз. Тұйық баланың қарақаттай көзінен өнерге деген іңкәрлікті аңғарған ол «сен үлкен әртіс боласың» дейді екен. Мұғалімі сахнаға бойын үйретті. Ән мен жырға баулыды. Қой бақтырмай, сахналық қойылымға шығарды. Қысқасы, айтқаны айдай келді. Махмұт ағамыздан кім барып әңгіме сұраса да, әуелгі әліппесі – осы. Иә, ұстазын ардақтау – ұлағат!

М.Әуезов атындағы академиялық театры жанындағы өнер студиясына топ ете қалған оның сахнаның

сиқырлы, театрдың тылсым әлеміне терең бойлай бастаған кезеңі осы еді. Түске дейін оқу, ізденіс. Түстен кейін театрдың массовкасына шығады. Әнуар Молдабеков, Асанәлі Әшімов, Тұңғышбай Жаманқұлов секілді театр саңлақтары сомдаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қара қыпшақ Қобыланды» атты классикалық қойылымға қатысып, «әй» деп айтқан бірауыз сөзін әйбат көріп жүрген кезі бұл күндері сарғайған сағынышқа айналған. Сахнаға елеусіз бір эпизод үшін шықса да, Алматыдағы жерлестерін түгел жинаған албырт шағына қазір аң-таң.

Сөйтіп жүріп Махаң өнер студиясындағы опера вокалында оқып жүрген Нұржібек Жансүгіровамен кезіктіреді. Иә, фамилиядан жаңылған жоқсыз. Кәдімгі біртуар тұлға, қазақ жырының құлагері Ілияс Жансүгіровтің бауырының қызы. Сол кезден бастап сөз байласып, қол ұстасқан қос әртіс әлі күнге дейін бірге. Алып бәйтерекке айналды.

...Өнер студиясын ойдағыдай тәмамдаған екеуі Арқа жеріндегі Сәкен театрына жолдамамен келеді. Қоңыр шабаданмен қоныс аударған оларға Қарағанды сұрықсыз қала еді. Алматыдағы ағаларының «Театрға жаңа леп апарыңдар, елдің рухын көтеріңдер!» деген аманатын арқалаған екеуі аз-маз уақыт еңбек етіп, елге қайтуды жоспарлаған еді. Алайда, Арқаға судай сіңді.

Талантты жұп сол кездегі театрдың көркемдік жетекшісі, талантты режиссер Жақып Омаровтың ғана

емес, шығармашылық ұжымның олжасы болды. Бұл 1976 жыл еді. Содан не керек, жұлдызды жұп еңбек етеді. Елдің назарын ерекше аудартқан да екеуі еді. Бірнеше шоқтығы биік спектакльдердің жауапты рөлін қатар сомдайды. Дулат Исабековтің «Әпкесінде», Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұңында» деген секілді. Міне, театр табыстырған таланттардың шаңырақ көтергендеріне де жарты ғасырға жуықтапты. Театрда да – театр, үйлерінде де – театр. Махмұт ағамыз үшін ең өткір сыншы ол – асыл жары Нұржібек Жансүгірова. Өзі осылай дейді. Дастарқан басында бірбірінің образын, шеберлігін, кемшілігін талқылайды. «Екеуміз қандай да бір жетістікке жетсек, онда ортақ еңбек, ортақ ізденіс жатыр», дейді театр тарланбозы.

Сөйтіп, өнер жолының азабын да ғажабын да қатар тартып келеді. Үлкен ұлдарының есімі не себепті Жәнібек қойылуы түсінікті шығар. Үздік сомдаған образын қатты құрметтегендіктен. Мұнда тек образға ғана емес, театрға, жалпы өнерге деген шексіз махаббат жатыр.

…Сол Жәнібек ұлдарын тоғыз айлығында Тарбағатайдағы үйлеріне қалдырады. Өздері – үнемі гастрольдік сапарда. Елдің түпкір-түпкірін аралап жүрген шақ. Сөйтіп, балалары бір жарым жасқа келгенде елдеріне жазғы демалысқа қайтады. Артынып-тартынып келе жатқан екеуі аулада ойнап отырған балаларын танымай өтіп кеткен көрінеді. Сонда қайран,

шеше ғой, кері адымдап, бала Жәнібегін жанарынан таныпты. Міне, осындай ауыртпашылықтың бәрінен өтті. Өнер үшін, руханият үшін, театр үшін.

Екінші ұлы Әлібек шыр етіп өмірге келерде, театрдың қалың әртісімен кезекті гастрольдік іссапарға кетіп бара жатқанында сүйінші хабар жетеді. Сол жерде әріптестері тілдей қағазға өздеріне ұнайтын есімдерді жазып, жеребе тастайды. Сонда әкесінің қолына Әлібек деген атау түседі. Өмірінің әр жарқын сәттері де, жабыққан кезеңдері де театрмен тығыз байланысты.

Жақында ғана Махмұт Садықановтың кеудесінде «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік марапаты жарқырады. Тарбағатайда туып, Алатауда түлеп, Арқаға келген театр тарланбозының еңбек жолы ел алдында.

Мерей Аскар

«Елге қорған болған мұндай полицейлер ішкі істер органының имиджін көтереді»

Қаһарман полицей

БҰҚАР ЖЫРАУ аудандық полиция бөліміндегі учаскелік полиция инспекторы Медет Асқаровты ел ішінде осылай атайды. Бір емес, бірнеше адамды ажалдан аман алып қалған азамат мұнысын қызметтік міндетіне емес, адамдық борышына балайды.

Екі жыл бұрынғы жазда Медет Ақылбекұлы Ботақара кентіне жақын жердегі өзеннен екі адамды құтқарып қалған. Ростовка ауылының учаскелік полиция инспекторы Батырхан Сейдығалиев Медетке хабарласып, көмек сұраған. Медет өзенге жедел жетіп, суға сүңгіген. Әлгіндегі әріптесі де екі келіншекті құтқармақшы болған екен, бірақ абдырап қалса керек, ол да су ортасында қалған. Тәртіп сақшысы әуелі әріптесіне қол созады. Одан кейін әріптесі екеуі суға батып бара жатқан екі келіншекті жағаға алып шығады.

– Құрбым терең жаққа қарай жүзіп кетіп, суға бата бастады. Мен көп ойланбай құтқару үшін соңынан жүзе бердім. Бір мезетте мен де бата бастадым. Бізді құтқармақшы болған Батырхан есімді полиция қызметкері де су иірімі қатты болғандықтан, суға тұншыға бастады. Сол сәтте Медет Ақылбекұлы жедел жетіп

келді де, үшеуімізді құтқарды. Ерлігіне бас иеміз. Сөйтсек, біз батқан жерге шомылуға болмайды екен. Дәп сол жерде судың көзі бар дейді. Әйтеуір, Медет есімді полицейді Құдай жіберіп, аман қалдық. Кейіннен Медеттің үнемі осындай ерлікке барып жүретін инспектор екенін білдік, – дейді Инга Көшербекова.

Тілеген есімді ауыл тұрғыны қас қарайған шақта жұмысынан үйіне бара жатып, жақында ғана алған жаңа көлігімен аударылады. Көлік жүргізушісі шошынып қалған болу керек, есік ашуға қауқары болмайды. Абырой болғанда, мұны жол үстінде келе жатқан Медет Асқаров байқап қалады.

– Ауа райы қолайсыздығына байланысты аздаған боран, көктайғақ еді. Рөлге ие бола алмай, көлікті аударып алдық. Көлігіміз әрі-бері лақтыра бастады. Екі рет аударылып түстік. Есімнен танып қалыппын. Көк түтіннің иісі шыға бастады. Енді бірде көлігімнің ішінде қауіпсіздік белдігін босата алмай жатқан кезде Медет келіп, әуелі қасымдағы жолаушыны құтқарып, сыртқа шығарды. Құдай сақтасын, Медет болмағанда көлігіміз өртеніп, соның ішінде қалып қояр ма едік. Тәртіп сақшысына алғысым шексіз, – дейді Ботақара кентінің тұрғыны Тілеген Сәкенов.

2018 жылы Ботақара кентіндегі көпқабатты үйдің бірінен өрт шығады. Сол жолы қаһарман полицей бес баланы қызыл жалынға оранған үйден сыртқа аман алып шығады. «Бір әйел омыраудағы баласымен да-

лаға шығып құлап, көмек сұрады. Ол «Балаларымды құтқар, үйде өрт болып жатыр, қара түтін алып кетті», деді. Үйіне жүгіріп кіріп, еңбектеп алып іздедім. Қолыма аяғы іліккен балаларды сыртқа шығарып отырдым. Әйелім де қасымда еді. Ол жедел жәрдем шақырды», дейді тәртіп сақшысы.

Медет Ақылбекұлының елге адал қызмет етуге ант қабылдағанына 17 жылдан асыпты. Осы уақыт аралығында ішкі істер саласындағы түрлі қызметті атқарады. Қай қызметте жүрсе де абыройлы болған азаматтың бар ойлағаны – елдің құқығын қорғау. Екінші бір міндеті – елдің амандығы үшін отқа да, суға да түсу.

Жоғарыдағы ерліктері ескеріліп полиция қызметкері министрліктің «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалімен наградталды. Мемлекет басшысының Жарлығымен қызметтік борышын атқару кезінде көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы үшін II дәрежелі «Айбын» орденін кеудесіне тақты. Бір айта кетерлігі Медеттің барлық бауыры құқық қорғау саласында еңбек етеді. Шаңырағындағы екі ұлы да әкесі секілді елдің алғысын алатын полицей болуды армандайды.

МЕЙІР НҰРБОЛАТОВ



«Құдайдың мейірі түсіп тұрған
Мейір батыр»

Жүген мен жігер

ЖЕЛДЕЙ ЖҮЙТКІГЕН жүйріктің жүгенімен алысу үшін әрине, үлкен жүрек керек. Әсіресе аламандағы дүбірде тұлпар топ жару үшін шабандоздың тақымы тастай, жігері қылыш, білегі құрыш болуы әсте, маңызды. Былайша айтқанда, қазанаттың бабын атбегі тапса, бағын шабандоз бала жағады. Елдің аузында жүрген Арқадағы Мейір Нұрболатов деген шабандоз тақымдаған тұлпарға Жаратқанның нұры түсер ме дерсіз? Түкіріп қоялық, аламан бәйгенің үнемі алдында келеді. Өзі шынашақтай болып-ап, асауға ауыздық салғанын көргенде «мына жігіт жүрегін жұтып алған ба?» деген ойда қаласыз…

Атсүйер қауымның есінде шығар, Ақтау қаласындағы былтырғы маусымжабар аламан бәйгесі. Бас жүлдеге «Нива» көлігі тігіліп, 30-40 ат қиқулап шапқанда Қобылан Таңатаровтың «Айкүрең» тұлпары соңғы айналымда мәреге сәл қалғанда сүрініп кетіп, ажал құшқаны. Сол «Айкүреңнің» үстінде осы Мейір болған еді. Аяқ астынан болған жайтқа абдыраған жоқ. Көзінің мөлт еткен жасын қайыс қамшымен сүртіп, аттың басынан жүгенін шешіп алып, мәреге жаяу жүгіріп кел-

ген еді. Бұл оқиға көпшіліктің жүрегін елжіреткен-тін. Әлеуметтік желіге осы сәт таспаланған видео тарап, атсүйер қауым Мейірге ерекше мейірленген-тін. Міне, сол қаршадай бала қазір Қарағандыдағы атақты атбегі Ербол Жәкештің командасында.

15 жастағы шабандоз баланың қанжығасында 10-15 аламанның автокөлігі, 20-30 топ бәйгенің бағалы жүлдесі бар. Бұл баланың тақымы Қарағандының ғана емес, елдегі небір жүйріктің жұлдызын жаққан. Мейір 2018 жылдан бастап, бәйгеге шаба бастаған. Міне, үш-төрт жылдан бері үлкен дүбірлерге қатысып, қанжығасын қомақты жүлделермен қампайтып жүр. Оның бірі – 2020 жылы Астанада өткен Президент кубогі. 30 қаралы арғымақ арасынан «Бақторы» атпен бас бәйгені алғанын жеке атап та өту керек. Дәл сол жылы «Сомбалақ» атты тұлпармен бас жүлдеге тігілген «Лада гранта» автокөлігін де қанжығалаған.

Осыдан кейін Мейір ат қосқан елдің аузында жүрді. 2022 жылы Еркіндік ауылының тумасы, Арқаның атақты атбегілерінің бірі Ербол Жәкештің «Үміт», «Ажара» сынды шашасына шаң жұқпаған жүйріктерімен Мейір бәйгеден оқ бойы озық келіп жүрді. Содан бері шабандоз бала Ербол Тұрсынұлының командасында бірнеше бәйгеде атқа шабады.

– Мейір өз баламдай болып кетті. Маңайымдағы атбегілерге ылғи айтарым – шабандоз баланы дұрыстап тәрбиелеу керек. Ат үстіндегі бала құстың қа-

уырсынындай жеңіл болса, оның мінезі мен көңіл күйі де дәл сондай болуы шарт. Бұл кезде балаға да, атқа да жігер керек. Кезінде жыраулар жауға шабар алдында батырларын жігерлендіріп, жыр арнап, қайрап, арқаландырған. Осының әсерінен батырлар рухтанып олар алмаған қамал қалмаған. Сол сияқты балаға саналы сөз айтып, бап тәрбиесі мен бақ тәрбиесін жүрегіне жеткізе түсіндіру керек. Сонда ғана ол астындағы атқа ие бола алады, – дейді Арқа атбегісі Ербол Тұрсынұлы.

Былтырғы Президент кубогін де алдына қара салмай келген «Қамбар» сәйгүлікті де Мейір тізгіндеген еді. Қарағандыда өткен Сайдалы баба асында да «Тайвань» деген тұлпармен «Джип» автокөлігін ұтқан да осы бала батыр.

Жә, жүлдені тізе беру мақсат емес. Мейірдің тақымына тиген тұлпар аламаннан жүлдесіз қалмағанын атсүйер ағайын жақсы біледі.

– Әрине, кейде топ бәйге, аламан бәйгеде алғашында тосырқау, сәл қобалжу болады. Бірақ бірде-бір бәйгемде менің атым қатарымнан осалдау немесе өзіме сенімімді жоғалту деген болған жоқ. Бәйгеге қатысқанда тек өзіме және астымдағы аттың қабілет-қауқарына сенемін. Оған сенімім кәміл әрі ақталады да, – дейді Мейір шабандоздың өзі.

Бәйгеге тегін бала шаппайды. Дүбірдің көрермендері, жанкүйерлері айналымның көмбе жақ тұсында

тұрып, көп дүниені көздері шала бермейді. Ал, бәйгедегі нағыз жанталас та, бақталас та тек ат пен шабандозға ғана аян. Бірін-бірі сабау, жол кесу, қысу, ығыстыру секілді түрлі әрекеттерге қарсы кезігеді. Осындай да сағы сынбаған, қаны тулаған шабандоз ғана тақымындағы тұлпарының шашасына шаң жұқтырмайды. Атын аспандатқан сәтін жоғарыда айта кеткенбіз. Біздің Мейірдің мерейін тасытып тұрғаны – әлбетте, таудай жігері, жаужүрек мінезі.



НҰРЛАН АБЖАНОВ

«Журналистердің арасынан шыққан ауыл әкімі. Туған ауылын жандандырып жатқанына жалпақ жұрт куә»

«Алтын микрофонды» ауыл әкімі

АЛДЫҢҒЫ жылдары Шет ауданының Талды ауылында әкім сайлауы өтті. Оған «Қазақстан» ұлттық арнасының Қарағанды қосынына он бес жыл бойы жетекшілік еткен журналист Нұрлан Әбжанов өз кандидатурасын ұсынды. Осы өңірдің топырағынан өсіп-өнгендіктен халық қолдап, 251 дауыс жинап, әкім болып сайланды.

Нұрлан Аманұлы ұлттық арнада қызмет ете жүріп-ақ, аймақтың көптеген күрмеулі мәселесінің шешімін табуға ықпал еткен. Мәселен, тозығы әбден жеткен ауыл мектебіне күрделі жөндеу жұмысын жасауға атсалысады. Аңқасы кепкен ауылына сапалы ауызсу тартып беруге де белсене кіріседі. Құмкөл ауылына көпір керек деп те билік назарын аударта-ды. Журналистикадағы осы еңбектері елеусіз емес. Облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығын «Алтын микрофон» аталымы бойынша иеленді.

«Әр қызметімнен түрлі тәжірибе жинадым. Журналистикада жан-жақты болуды үйрендік. Заң саласында құқықтық сауатымызды жетілдірдік. Кәсіпкер-

лік палатадан кәсіппен айналысуды, қаражат тартудың түрлі тетігін түйсіндік. Шаруашылық ашып, қара жұмысқа бойымызды үйреттік. Осының бәрі жаңа қызметіме септігін тигізеді», дейді әкім.

Талды ауылының киреберісінен Сеңкібай би батырға арналған ескерткіш алаңы салыныпты. Бидің нышанына айналған сұңқарды тұғырға қондырып, тақтаға бидің аталы сөзін жазып, арнайы орындық қойыпты. Ескерткіш ауылға бөлінген түрлі жобалардан үнемделген қаржыға салынған. Қазір ауылға келген жұрттың барлығы аялдайтын қасиетті орынға айналған.

Талды археологиялық паркіне жол осы ауыл арқылы өтеді. Былтыр да, биыл да туристер легі көп. Франциядан, Германиядан келетіндер саны артқан. Осыны ойлаған әкім киреберістен келушілерді қарсы алатын ауылдың төлқұжатын билбордқа орнатып қойыпты. «Қаражартас» қорымының суреті бар. Мұнымен қоса, ауыл ішіне тағы үш бірдей билборд тұрғызған. Оған ауыл өнерпаздары, ауылдан шыққан танымал тұлғалар мен еңбек адамдарының суреттері ілінген. Бұл жұмысқа 7,5 млн теңге қаражат бөлініпті.

Осы уақытқа дейін ауыл әкімдігі Мәдениет үйінің аядай ғана екі бөлмесінде жұмыс істеп келген. Нұрлан Аманұлы қараусыз қалған тойхана ғимаратын 7 миллионға сатып алып, аудан әкімдігінен құрылыс жұмысына қаржы сұраған. 15 млн теңгеге жөндеу

жұмысы жүргізіліп, кеңсе жиһаздары мен компьютерлер сатып алған. Әкімдіктің алдына тастөсеніш төселген.

Былтыр күзде фельдшерлік-акушерлік пункттің (ФАП) іргетасының қадасы қағылды. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен бой көтеріп жатыр.

Жақында ауылдан дәріхана да ашылды. Әкім жергілікті бюджет қаражатының 2 млн теңгесіне павильон сатып алыпты. Бұл шаруаны ауылдағы ауруханада отыз жылға жуық еңбек еткен медбике Мағрипа Байленоваға тапсырыпты.

Келе сала ауыл мектебінде де күрделі жөндеу жұмысы жүргізген. Қырық жыл бойы есігі мен терезесі мүлдем ауыстырылмаған. Әбден шіруге айналған. Балалар ескірген есік пен терезенің жақтауынан соққан суықта амалсыз отырып, білім алуға тура келген. Әсіресе қыстың суығы шыдас бермей кетеді екен. Соның кесірінен көмірді екі есе жағып келген.

Жаңа әкімдік ғимаратында жиын өтетін зал, жас мамандар мен ауылдағы учаскелік инспектордың жеке кабинеті бар. Әкімнің сайлауалды бағдарламасында ауыл көшелеріне бейнебақылау орнатамын деген жоспары бар көрінеді. Уәдесіне сай, басты көшелерге төрт бірдей бейнебақылау камерасын орнатыпты. Мұның бәрін ауыл полицейі өзінің мониторынан көріп, бақылап отырады.

Ауыл ақсақалдары өздері сайлаған әкімге биыл тоңның қалың болатынын, судың мөлшері жылдағыдан көп келетінін ескерткен. Ауыл әкімі аудан әкімдігінен осы бағыттағы шаруаға 1 млн теңге қаражат сұрап, соған тендер жариялаған. Техника тізгіндеген жігіттің жанын қоймай, таудан келетін тасқынға бөгет те соқтырып алған.

Ауыл көшесіне 81 жарықшам қойылған. Бес көшеге асфальт төселіп, екі көшені келесі жылға қалдырған. Бұрынғы стадион орнынан жап-жаңа футбол алаңы салынады. Нұрлан Аманұлы ауыл азаматтарының қолдауы айрықша екенін айтады.

– Ауыл азаматтары ауызбірлігінің арқасында көп шаруа жүзеге асып отыр. Мәселен, жігіттермен ақылдасып, жылқы қоршауын салайық деп шештік. Азаматтар аз-маз ақша жинадық та, қаладан қажетті сымды, тор қоршау мен трубалар алып келдік. Екі күннің ішінде тұрғыздық. Осы жерге жылқысын қамайды, таңбалайды, сататынын осы жерден құрық салып ұстап, артып жібереді, – дейді әкім.

Ауылдан әлеуметтік дүкен ашылған. Ауыл жұрты азық-түлікті қолжетімді бағамен алып жүр. Бұған да әкім бастамашы болған. Жергілікті бюджеттің ақшасынан тағы бір павильон әкеліп, дүкен шаруасын ауыл тұрғыны Дәулет Тәукешовке сеніммен табыстаған. Қаладағы «Гүлжан» сауда орталығымен келісімшарт жасасуға да себепші боптық. Дүкеннің заттарын содан тасиды.

Осыдан бес-алты жыл бұрын ауылға өрт сөндіру көлігі сатып алынған екен. Алайда тұрақ болмағандықтан, штат берілмей келген көрінеді. Мәдениет үйінің артындағы отыз жыл бойы қаңырап тұрған ғимаратты таңдап алған. Қыстың ішінде жігіттерді жинап, бір қабырғасын құлатып, қақпа қылған.

– Тұрақ дайындауымыз бір шаруа болса, «Газ-66» көлігін жөндеу екінші шаруа болды. Көлік жүргізушісі Айбек Жұмабектің еңбегін атап өтуіміз керек. Төрт бірдей жаңа дөңгелек салдық. Мотопомпа сатып алдық. Ақылдасып автоматты су сепкішті орнатуды жөн санадық. Өйткені 2 тонна бөшке су дала өртін сөндіруге аздық етеді. Мұнымен қоса, 60 өрт сөндіру шыпыртқысын дайындадық. Ауылдың алты жігіті штатқа қабылданды. Керек-жарағымызбен қамтамасыз етті, – дейді өрт сөндіру бекетінің капитаны Бауыржан Махметов.

Талды ауылындағы ұялы байланыс мүмкіндігі де мол. Былтыр көктемде ауылдың барлық үйіне тегін Wi-Fi модемі мен кабелі таратылды. Барлық үйдің кең жолақты интернетке қолы жеткен. Әкім жол қауіпсіздігіне де баса мән берген. Көше ішіне жол белгілерін орнатып жатыр. Қолға алынған шаруаның бірі – талдарды кесу. Өйткені, тамыры шіріген тал үзіліп құлағанда тоқ сымдарын қиып жіберіп, соның салдарынан екі-үш ауыл жарықсыз қалады. Жалпы, мұнда жарық жиі сөнеді. Себебі белгілі. Электр бағаналары әбден ескірген.

– Талды мен Берекет ауылының аралығындағы электр бағаналарының жөнделмегеніне ондаған жыл болды. Қырсық шалғандай, осы аралыққа жай оты да көп түседі. Құлағаны құлап, құламағаны жарты белінен опырыла қисайып, тоқ сымдары салбыраған. Жамаудан құралған бағаналар енді жөндеуге де келмейтін қалыпқа жеткен. Осы мәселені «ШетЭнерго» ЖШС басшылығына халық атынан өтінген едік. Өтінішіміз жерде қалмай, арнайы жөндеу тобын жіберді. Изоляторлар айырбасталды, құлаған бағаналар жаңартылды, созылған сымдар тартылды. Бірақ мәселе мұнымен шешілді деу қиын. Апатты учаскілер жойылғанымен, шіріген бағаналар да аз емес. Бұл мәселе де біз үшін күн тәртібінде тұр, – дейді әкім.

Әкім Талды ауылына тиесілі 15 мың гектар жер белгісіз біреудің қолында дейді. Сол себепті, жер мәселесі өткір тұрғанын айтады.

– Ауылдағы жер мәселесі қазір даулы әрі шешімі күрделі проблемаға айналды. Кезінде жерді иеленгендер бүгінде не мемлекетке өткізбей, не өздері пайдаланбай, жайылым мен шабындық пайдаланылмай отыр. Талды ауылдық округі бойынша барлығы 124 мың гектар жер болса, соның 15 мың гектары белгісіз біреулердің қолында. Осы жер телімдерін қайтарса, жерсіз отырған шаруалар кәдеге жарататын еді. Биыл қыста шаруалардың шөбі аздық етіп, қаншама малынан айырылды. Одан кейінгі мәселе – жылқы мен

сиыр табыны. Қазір бақташы таппай отырмыз. 325 мың теңге айлық төлейміз десек те, ешкімнің құлқы жоқ. Күн құрғатпай іске асыратын тағы бір үлкен шаруа бар. Ауыл әкімдіктерін техникамен қамтамасыз ету керек. Бір-бір трактор ды тіркемесімен берсе, санитарлық тазалық, қыста ауыларалық жолдың қарын күреу, жазда өрт қауіпсіздігі үшін жер жырту, күзде аз қамтылған отбасыларға шөп түсіріп беру, көктемгі тасқынның алдын алуға бөгеттер тұрғызу секілді шаруалар шешілер еді. Қысқасы, бір ауылдың бар мәселесі осы 20 млн теңгеге тіреліп тұр. Осындай мәселелер ескерілсе екен дейміз, – дейді журналист-әкім.

НҰРБЕК ЖӘНІБЕКҰЛЫ

«Ең жас шопан күні-түні еңбегін әлеуметтік желіге жүктеп отырады»

100 мың оқырманы бар шопан

ЖАСТАР ауылдан ат-тонын ала қашады, масылдыққа бейім деген сөз жаңсаққа айналып келеді. Қарағанды өңірінде ауылға қоныс аударып жатқан жас маман көп. Керек десеңіз, қаладағы жұмысын тастап, шаруашылық ашып жатқан жігіттер де бар. Солардың ішіндегі ең жасы, еті тірісі – Нұрбек Жәнібекұлы.

25 жастағы Нұрбектің алдында бір отар қойы бар. Еділбай қойын өсіріп, өрісін толтырып, нарыққа шығарып отыр. Әкесінің де шаруашылығында жылқы мен сиыр бар. «Шаруаның бір шетін көтерісемін» деп келген ұлына еншісін беріп, жеке шаруашылық етіп шығарды. Еділбай қойын өсіруді о баста ойластырып келген Нұрбек шаруасын ширатып ала жөнелді.

Нұрбек жасы 18-ге толысымен оқуын сырттайға ауыстырып, жұмысқа шықты. Білім алып жүрген мамандығына сәйкес еңбек жолын әуелі пойызда жолсеріктен бастады. Көп ұзамай жолсерік бригадирі болды. Теміржол саласындағы төрт жыл еңбек өтілін тәрк етіп, ақырында атакәсіпті өркендетуге белін бекем буды. Баласының бұл ойын әкесі Жәнібек те бір-

ден құптады. Қой шаруашылығын көтерейік деген ойы да әкесінің қолдауын тапты. Үй ішінің сенімін әбден сезінген ол кәсіпке қорықпай кірісті.

«Әкемнің шаруашылығында жылқы, сиыр бар. Бірақ менің қой өсіргім келді. Неге десеңіз, қой еті сиыр етінен қымбат. Төлі тез өседі, тез көбейеді. «Мал өсірсең, қой өсір, пайдасы оның көл көсір» деген бабаларымыздан қалған сөз бар ғой. Біз көбіне тұқым ретінде саудалаймыз. Шаруа қожалығы иелері алады. Қой өсіргісі келетіндер де алып, малданады», дейді фермер Нұрбек.

Жас фермер қыстағы Қарағанды іргесінде. Бұрын ол жерді «Түйеқонған» деп атаған. Ақсақалдар бұл жерден үлкен көш үдере көшкен, осы бір жайлы жерге керуен тоқтаған деседі. Ол көште саудагер-көпестер көп болған. Осы бір ретте Нұрбек батырдың ырымшыл екенін аңғарып қалдық. Шаруашылығын ашайын деп жатқан кезде 1981 жылғы шығарылған тиын тауып алыпты. Бірден жақсыға ырымдап, қойым байытады деп қолын жайған көрінеді.

Жас фермер Еділбай қойын әлемдік нарыққа шығарғысы келеді. «Шаруашылығын енді ғана бастап жатқан жігіттің қолынан бұл келер ме екен?», деуіңіз мүмкін. Бірақ, ойлағанын орындаймын деп білегін сыбана кіріскен. Қалай десеңіз, айтайық. Әлеуметтік желі арқылы. «Instagram», «Tik-Tok» парақшаларын белсенді жүргізіп отыр. «edilbai_kz» деген атаумен екі

парақшасындағы оқырман саны 100 мыңнан асқан. Әр жазбасын еліміздің түпкір-түпкірінен, тіпті көршілес елден де қалт жібермей, қарап отыратын оқырмандары бар.

«Әлеуметтік желідегі парақшаларымда атакәсіппен енді айналысып жатқандарға бағыт-бағдарымды көрсетемін, шаруашылыққа қажетті түрлі видеоларды жүктеп отырамын. Еліміздегі ауыл шаруашылығы саласының озық дамығанын қалаймын», дейді кейіпкеріміз.

Мәселен, 120 мың қаралым жинаған видеосында ол қойға бидайды қалай беру керектігімен бөліседі. «Еділбай қойының ерекшелігі боранға қарамай, тебіндеп жайыла береді. Суыққа өте төзімді. Дегенмен аязда бидай береміз. Ол ішін қыздырады. Сол себепті еркін жайылады. Жас марқаларға, қошқарларға да береміз. Күйін жоғалтпайды. Көп мөлшерде беруге тағы болмайды. Буаз қойлар іш тастауы мүмкін», деп бейнежазбасын аяқтайды.

Қоздаған қойдың күтімі, оларға берілетін түрлі витамин, үгітілген бор, табиғи тұз беретінін жеткізеді жас шопан. Енді бір жарияланымында қойдың қорасы қандай болу керектігін, астының мұз әрі ылғал болмауына назар аудару қажеттігін айтады. Жазбаларындағы пікірлер топтамасына да көз жүгіртіп өттік. Ауылда тұратын оқырманға оң пайдасын тигізіп жатқандай көрінді бізге. Бәрі жас шопанға алғаусыз

алғыстарын жаудырып жатыр. «Осы секілді біз біле бермейтін дүниемен бөлісіп тұрсаңыз, жақсы болар еді. Біраз ақпарат алдық» десе, енді біреуі «Қойыңыз қоңды екен. Жақсы салмақ қосатыны көрініп тұр. Қалай сатып алсақ болады?» деген сыңайдағы пікірлер қалдырыпты.

Демек Нұрбек желідегі парақшалары арқылы қойын сәтті саудалап отыр. Несі бар? Қойын сойып, оны қалаға апарып, базарда тұрып уақыт жоғалтпайды. Қорасынан-ақ өткізеді. Бұл да жас шопанның жарнама көзін жөн тапқандығы.

«Сенбі, жексенбі демалыс жоқ. Сегіз сағаттық жұмыс уақыты деген жоқ. Күні-түні малдың соңындамыз. Мал бағудың машақаты өте көп. Қып-қызыл бейнет. Бірақ береке бар. Еңбектің тәтті дәмін тататын кез де келеді», дейді фермер.

Нұрбек – әулеттің екінші ұлы. Бір ағасы, үш інісі бар. Әкелері ұлдарын адал еңбекке баулыған. Қара жұмыстан қашпайды. Жас шопанның тағы бір асқақ арманы бар. Өзінің адал жарын жолықтыру, отау құру. Бұйырса, ол күннің де ауылы алыс еместігін де жасырып қалмады.



Наталья
АРЫСТАНОВА

«Пай, пай,
қазақтың келінін–ай !!!»

Намысы биік Наташа

ТЕМІРТАУ қаласы іскер әйелдер қауымдастығының төрағасы Наталья Арыстанова туралы ерекше айтуға болады. Қазаққа келін болып түскен Наталья бауырсақты да, наурызкөжені де енесі үйреткен мәзірмен дайындайды.

Қазақы дәстүр-ғұрыпты бойына сіңіріп алған Натальяны Теміртау қаласының жұртшылығы жақсы таниды. Наташа алғашқыда қаладағы «Бидай-Нан» кәсіпорны дүкендерінде сатушы болып, 2005 жылы жеке кәсіпкерлікке ден қойды. Оған дейін Қытай мен екі ортада сан қатынап, тауар тасыды. Қазақ тілін еркін білгені кәдеге жарап, Астанадағы Л.Гумилев атындағы университеттің экономика факультетін де сырттай оқып бітірді. Білімі мен тәжірибесі толысқан ол ұлттық үлгідегі төсек-орын жабдықтарын тігетін цех ашып, бүгінде 15 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Наташа үшін Наурыз мейрамының орны ерекше. Асыға күтеді. Неге десеңіз, осыдан үш жыл бұрын «Даму» бағдарламасымен алған несиесіне «Арна» дүкенін ашты. Дүкеннің ашылуын да Наурыз мерекесі-

не орай ұйымдастырған көрінеді. Көпқабатты үйдің бірінші қабатын тұтас алып жатқан бұл сауда нүктесінде 25 адам нәпақасын тауып отыр. Тіл білмегендерді тұтынушылармен қазақша сөйлесуге өзі үйретіп жүр.

Наташа үнемі қайырымдылық акцияларына қатысады. Жомарттығымен үлгі. Мысалы, жылда «Мектепке жол» акциясына атсалысып, қаладағы Қарттар үйі мен Дағдарыс орталығынан қолдан келген көмегін аямайды. Оған қоса былтыр қыста суықтан тоңған теміртаулық 60 отбасыға жылы киім таратып бергені бар. Тіпті бір кездері өзімен бірге сатушы болып істеген орыстың жетім қызы Кристинаны жолдасы Нұрлыбек екеуі той жасап, қолдан ұзатқанын да адамгершіліктің үлкен үлгісіне жатқызуға болады.

Қазақтың салт-дәстүріне жетік Натальяны теміртаулықтар құрметтеп, сәбилерін қырқынан шығартып, бесікке салғызып, тұсауын кестіреді екен. Былтыр орыс жігітіне тұрмысқа шыққан құрбысы Гүлжанаттың сәбиі Давидке де осындай жоралғы жасаған. Осы уақытқа дейін 25 ұл баланы қырқынан шығарыпты. Қырқынан шығарудың жөн-жоралғысын кейбір замандастарының әлі білмейтініне қынжылатынын да айтып қалды.

Жолдасы Нұрлыбек екеуінің Лаура мен Жангелді есімді ұл-қызы бар. Туғанынан бесікке бөлеп өсірген. «Бесікке бөлеу – нағыз тазалық қой. Шүкір, одан балаларым кем болған жоқ», дейді кейіпкеріміздің

өзі. Рас, екі баласы да жоғары білімді, IT саласының білікті мамандары. Қыздары Лаура Астана қаласындағы осындай кәсіпорынның бас директоры болса, Жангелді IT университетінің магистратурасында оқиды. Ал отағасы Нұрлыбек «Алаутрансгаздың» апаттан құтқару қызметінде жұмыс істеп, қазір қалаға газ тарту мәселелерімен шұғылданып жүр. Бұл шаруаға еліміздің түпкір-түпкірінен, әсіресе өздерінің туған жері Ақтөбеден тәжірибелі мамандар ағылып келіп жатыр. Оларға қонақжай Арыстановтардың есігі қашанда ашық. Алыстан ат арытқан меймандар Натальяның өзі айналдырып, тұздаған қазы-қартасын сүйсіне жеп, қаймақ қатқан күрең шайын қанып ішіп, өз үйлерінде жүргендей болады. Әрине, мұның бәрі қазақтың келісті келіні болған Наташаның кең пейілінен.

Жолдасы Нұрлыбек жас келінді Ақтөбедегі Шалқарға алып барғанда ата-енесі Орынбасар мен Алдан жатырқамай, жатсынбай бауырына басып, ақ орамалын тағып, дүрілдетіп той жасап береді. Содан ауылда тұрып, ененің мектебінен өтеді. «Қазір енемнің ең сүйікті келінімін», деп марқаяды өзі. Атасының атын айтуға келгенде қысылып, әрең дегенде барып, «заместительдің аудармасы ғой» дегенде біз «үлкенді сыйлаған ізетіңіз қандай» деп таңырқап қалдық.

«Жан-жағына нұрын төгіп, шарапатын тигізіп жүретін Шамаева»

НҰРГҮЛ ШАМАЕВА

Жаңаарқаның жанашыры

ӨЗІНІҢ «Facebook» парақшасы – Жаңаарқа ауданының тыныс-тіршілігінен хабар береді. Одан бөлек руханияттың легі үзілмейді. Ақын Сайлаухан Нәкеновтің жалынды жырларын да жұрт назарына үнемі әрі үзбей ұсынып отырады. Мұнысы да – еңбек. Осының барлығы жаңаарқалық ұстаз Нұргүл Шамаеваның шарапатты ісі.

Атасу кентіндегі Е.Шаханов атындағы тірек мектебінің мұғалімі Нұргүл Шамаева әрқашан жаңашыл ізденістерімен ерекшеленіп жүреді. Қоғамдық жұмыстарға белсенді атсалысады. Шәкірттеріне ардақты, ұжымына құрметті.

Ұлағатты ұстаздың еңбек өтілі – 25 жыл. 2001 жылы Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша тәмамдаған ол содан бері ұстаздық жолда.

Қазір сабақ үстінде смартфон ұстамайтын бала жоқ. Қанша жерден «ұстама, ұстауға болмайды» дегенмен талап тек сөз күйінде қалып келеді. Ал Нұргүл ұстаз оның жолын тапқан.

– Мәселе – оқушылардың оқу кезінде телефонға алаңдамауы. Сондықтан мен олардың телефондарын сабақ басталарда жинап аламын да, қайтатын кезде ғана беремін. Бұрын қорапқа салып қоятын едім, жақында өз қаражатыма арнайы шкаф істеттім. Рас, 50 мың теңге жұмсадым. Азды-көпті қаражат жұмсағаннан ешкім де кедейленіп қалмайды ғой. Сыныпқа, сабаққа керегі бар ма, кез келген нәрсені өзім жасата саламын. Есесіне әдемі көрінеді әрі бала бойында мәдениетті қалыптастырады, – деген Нұргүлдің сөзі таңдандырады.

Мектеп қажеттілігі үшін қай мұғалім қалтасындағы қаржысын жұмсайды? Осылай ойлаймыз ғой. Қателеседі екенбіз, бар екен ондай жандар.

«Орталық Қазақстан» газетін жылда сыныбындағы баланың ата-аналарына өз қаражатына жаздырыпты. Оны жария етпепті. Ата-аналары да бұдан мүлдем хабарсыз. Тосын-сый болсын деген ойы екен. Бұнысына бас иіп, алғыс айтуға әбден болады. Демек, 23 шаңырақ «Орталықты» оқиды.

«Газетке күштеп жазғызады» деп заң соғып жүрген кей ұстаздарға бұл үлкен үлгі болмақ. Ұстаз ұлтты тәрбиелейді десек, онда Нұргүл нағыз ұлт жанашыры…

«Көрші ақысы – Тәңір ақысы» деген тәмсілді де ескеріп, 9 көршісін де газетке жазғызып, түбіртектерін қолдарына табыстапты. Онсыз да Нұргүлдің қоғамдық жұмыстарға білек сыбана кірісетінінен хабардар олар бұл игілікті ісіне ризашылықтарын білдіріпті.

Ол ол ма? Жомарт жандардан өтініп, қаражат жиып, ардагерлер мен көп балалы аналарды да газетімізге жаздыруды ұмытпапты. Бұдан елге деген ыстық ықыласын аңғарсақ, екінші тұсы газет оқырманының санын арттыруды да көздеп отыр. Сөйтіп, Нұргүл ұстаз елдің шынайы алғысын арқалаған жайы бар.

Газет – халықтың көкірек көзін ашады деп бір қарасақ, елдің рухани кемелденуіне жол бағыттайды деп тағы бір балайық. Ол – ормандай оқырманы бар «Орталықтың» кәнігі үрдісі. Бұдан хабардар Нұргүлдің нұрлы ісін, ұстаздар қауымы үлгі тұтса игі…

Жоғарыда Нұргүлдің әлеуметтік желіде белсенді екенін айттық қой. Соған тағы тоқтала кетсек. Анығында ол Жаңаарқа жаңалықтарын сол жақтың газеті, баспасөзінен бұрын жұп-жұмыр, жып-жинақы жеткізеді десек, артық айтпаймыз. Қоғамдық іс-шаралардың қай-қайсында болсын Нұргүл төбе көрсетеді. Оны сол мезет тағы да парақшасына жариялап, оқырмандарымен бөліседі. Бұл да ұстаздың ерекше ұстанымы болса керек.

Жазиралы Жаңаарқа өңірінен бөлек, жалпы Арқа ардақтыларының еңбегін де жиі жариялап, парақшасында тек маңызы мол жазбалармен бөліседі. Оның парақшасынан ой түйесіз. Рухани байып шығасыз. Міне, Нұргүлдің шағын образы – осы. Жарайсыз, Нұргүл Шамаева!

РЫМТАЙ ӘБЕНҚЫЗЫ

«КӨК ТРАКТОРЫМЕН КӨПШІЛІК БАТАСЫН АЛҒАН ӘЖЕЙ»

Ең үлкен ерікті

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» экологиялық акциясы аймағымызда айтарлықтай сипат алды. Аудан, қала, ауылдағы ағайын игілікті іске бір кісідей атсалысып жатыр. Әсіресе Шет ауданының Талды ауылында тұратын 73 жастағы Рымтай әжей Әбенқызының көк тракторын тізгіндеп, қыс бойғы жиналған күл-қоқысты сыртқа тегін тасып беруі – таңғалдыратын жайт.

Жасы жетпістен асса да, тракторға, үй мен түздің шаруасына әжей әлі тың. Еңбек жолын механизатор болып бастаған әжейдің көк тракторына деген құрметі ерекше. Ауыл әкімі дизель отынын құйып берсе болды, кез келген өтінішін жерге қалдырмайды. Көк шыққалы бері республикалық эко-акцияның белортасында жүр. Тракторының жүк таситын тіркемесімен күл-қоқысты ауыл шетіндегі полигонға тасып берді.

Бұған қоса Рымтай әжей – ауыл тұрғындары арасында өтетін «Таза аула» байқауының жыл сайынғы жеңімпазы. Қар еріген бетте ауласын елден бұрын тазартып қоятыны – ауылға деген құрметі, табиғатқа деген жанашырлығы.

– Рымтай әжей – ауылдың қадірлі анасы. Ауылға тілекші, жанашыр жан. Еңбекке ерте жасынан араласқан. Тыным таппайды. Даланың шаруасында да өзі жүреді. Ауылдан техника табылмай қалып жатса, бірден Рымтай әжейдің көмегіне жүгінеміз. Жанар-жағармайын құйып береміз. Көк тракторымен көп шаруамызды бітіріп береді. Міне, бір айдан асты, экологиялық сенбілікке еңбегін сіңіріп жүр. Қысы-жазы көмегін аямайды, еңбегін пұлдамайды. Осындай үлкендеріміз бар кезде ауылдың береке-бірлігі арта түседі, – дейді ауыл әкімі Нұрлан Абжанов.

Рымтай Әбенқызы – Ақшатау ауылының тумасы. Ең алғаш 19 жасында жұмысқа механизатор болып орналасқан ол Талды ауылында тракторымен жер жыртып, шөп шауып, мал бордақылау алаңдарында еңбек еткен.

Рымтай әжейдің күйеуі Ғазиз Иманбеков те механизитор болыпты. Олар қырда бірге жарысып еңбек еткен. Бұл туралы кейіпкеріміз естелігінде былай дейді.

– Үйден шығарда екеуміз екі трактормен қырға қарай жарысып баратынбыз. Дегенмен менен озып кетсе, алаңдап артына қарайлап қоятын еді. Жаз бойы екі трактормен қатар жүріп, шөп шабатын едік. Күз келгенде қойшыларды көшіреміз. Техника болған соң, бұзылмай қоймайды. Тоқтай қалып, сайман-сауытымызды алып шығып, жөндеуге кірісіп кететін едік. Күйеуім еңбектен қашпайтын еді. Барлығын адал әрі таза істейтін, – дейді асыл әжей.

Рымтай Әбенқызы тағдыр сынағына сынбады. Темірдей төзімділік танытты. Құдай берген екі ұлы, артынша асыл жары дүниеден озды. Бірақ мойымады. Ішіндегі қайғы-мұңын еңбекке жұмсады. Ерік-жігерін тіктеді. Қазір екі қызы, алты немересінің тілеуін тілеп отыр.

Ауыл анасы қара жұмысты талғамайды. Бір кездері құрылысқа да қатысып, ауылдағы үйлерді жөндеген. Түздің кез келген шаруасы әлі де қолынан келеді.

Әлді әжей бір кездері бозкілемде де белдескен. Шет ауданының 80 жылдық мерейтойында әйелдер арасындағы күреске қатысып, ауыр салмақ дәрежесінде өзінің 58 келі салмағымен біраз қарсыласының жауырынын жерге тигізгенін ел-жұрт әлі күнге дейін аңыз етіп айтады.

Еңбек адамы Рымтай Әбенқызы депутат та болған. Халық қалаулысы ретінде Ақшатау ауылына қатынайтын жолдың салынуына үлесін қосқан.

Асыл әжейдің мынадай пайымы бар: «Ауылды түлету – ұлтты ұлы ету». Сөз соңында осыны бойтұмар етіп алған ауыл анасының ғұмыры ұзақ болсын демекпіз.

РАМАЗАН ӘБІЛДИН

«Тікенекті ауылынан
рақмет алған Рамазан аға»

Үлкен марапат иесі

«АУЫЛЫН көріп, азаматын таны» деген тәмсіл ертеден бері еш мәнін жоймай келеді. Нұра ауданындағы шалғайда жатқан Тікенекті ауылының тіршілігіне қарап, сіз де сүйсінесіз. Өркениеттен алыс жатса да, ажары бөлек ауыл алдыңғы жылы «Үлгілі ауыл» атанған еді. Мұның бәрі – әрине, Рамазан Әбілдин секілді елге елеңдеп, ауылға алаңдап тұратын жанашыр жандардың қолдауы.

Ауыл жанашыры Рамазан Мұқатайұлы – ауыл өрісін ақбас сиырға, Қамбар ата түлігіне толтырған. 2001 жылы ашқан «Сарыөзен» шаруа қожалығы өркен жайған. Ауыл азаматтарын жұмыспен қамтып отыр. Шөп шабатын, мал төлдейтін, еңбектің қызған шағында тағы да қосымша жұмыс береді. Еңбекақысын тіпті артығымен төлеп, алдарына мал да салып, шөппен де қамтамасыз етеді.

Кіндік қаны тамған жеріне маңдайының да терін ертеден тамызып, сіңіріп келеді. Бұрынырақта кеңшардың кеңсесін жекешелендіріп алады. Ешкімнің қолына өтіп кетпесін, кейін ел кәдесіне жарасын деп. Сөйтіп,

ауыл әкімдігінің балансына тегін берді. Бұған қоса ғимараттың бір жақ бөлігінен өзінің қаражатына мәдениет үйі мен жастарға клуб ашты. Осылайша, бар жиғанын өз қалтасына басып емес, ауылы үшін шашып жүреді.

Ауыл балаларына арнап, ойын алаңын да тартту еткен. Ауыл халқына жазғы демалыс аймағын да салып берген. Рамазан Мұқатайұлының мұндай игі істері өте көп.

Ауыл мектебіне де алаңдап, қарайласып тұрады. Былтыр мектеп жабылудың сәл-ақ алдында қалғанда ауылдағы шаруа қожалық басшыларын ұйымдастырып, он отбасыны көшіріп әкелді. Оларға фермерлермен бірлесіп, тегін үй беріп, көмірін, шөбін түсірді, алдарына мал салды. Көшпен келген азаматтарды ауыл іргесіндегі «Шұбаркөл» кен орнына жұмысқа тұрғызды. Осының бәрінің басында жомарт жүректі азамат Рамазан жүреді. Міне, ұйысқан тірліктің арқасында мектеп оқушылары алаңсыз білімін алып жүр. Рамазан Мұқатайұлының қолдауымен мектепте түрлі акциялар өтіп тұрады. Мұндағы мұражайды ашып берген де – өзі.

Ауылдың аз қамтылған отбасыларына азық-түлік себетін үлестіріп отырады. Жылда шөпті тегін таратады. Жер-Ананың бергенін ауылдастарынан аянып қалмайды. Былтыр құрғақшылық көп шаруаға қолбайлау болды. Малы барлар қыстан қысылды. Сонда шаруашылығындағы 120 тонна шөпті тегін үлестірді.

Зайыбы Райхан Нұркешқызы – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Мектепте 44 жыл еңбек өтілі бар. Жұбайының да жүрегі ізгілікке толы. Қайырымдылық жасау керек болса, ер-азаматына жүгінеді. Отағасы екеуі бір ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірген. Ұлдары Ерболсын мемлекеттік қызметте біраз жыл еңбек етіп, кейін жеке кәсіппен айналысады. Үш немересі бар. Ал қыздары Айданадан бес жиені бар. «Бар бақытым – балаларым. Еліңе жақсылық жасасаң, ол өзіңнің алдыңнан шықпаса да, ұрпағыңның алдынан шығады», дейді кейіпкеріміз.

Ауылдағы әр үйге таза ауызсу тартылған. Көше толық жарықтандырылған. Интернет желісі де бар. Мұның бәрінде Рамазан мырзаның еңбегі айқын. Бүгінде аудандық мәслихаттың депутаты. Халық өзі аттай қалап, ұсынған. Ертеректе түрлі қызметке шақырту түссе де, ауылынан алыстағысы келмеген азамат осылайша елінің қалаулысына айналып отыр.

– Әкем ертеректе үйге сойылған соғымның бір бөлігін достарына таратып беретін. Сонда неге деп сұрағанымда: «Балам, біз ет жеп отырсақ, ол кісілер құр нан жей ме? Бұлай болмайды. Бір ауылда отырған соң, бөліп жеуіміз керек. Сонда берекелі болады, елжұрт батасын береді», деп жауап қайыратын. Міне, содан бері барымызбен бөлісу өмір салтымызға айналды. Ауылдан өсіп-өнеді екенбіз, ал ауыл басына

қиындық орнағанда тастап кетсек, не боламыз? Топырағының қастерін сезінеді екенбіз, бір тал еге алмасақ, қайткеніміз? Жалпы, жалғыз адамның қолынан ештеңе келмейді. Ауылдағы фермерлерге шексіз ризашылық білдіру керек. Қай уақытта болсын ұсынысымызды қолдап, көмек қолын созған, демеушілік көрсетіп жүретін оларға көптің алғысы жаусын! Біздің бір ғана ойымыз бар: ауыл дамыса, ел өркендейді, – дейді атымтай жомарт Рамазан Мұқатайұлы.

Тұтас ауылдың ажарын ашып отырған Рамазан Мұқатайұлының марапаты жоқ екен. «Марапатты сатып алудан аулақпын. Көңіліме де жаға қоймайды. Менің марапатым ол – ауылдағы ағайынның алғысы», дейді өзі. Рас, Тікенекті ауылы Рамазан мырзаны төбесіне көтереді, аса қадірлейді.



САЛТАНАТ ӘБЕУОВА

«Өңірімізде алғаш болып аудан басқарған әкім әйел»

Әбеуованың әлемі

ӨҢІРІМІЗДЕ алғаш болып аудан басқарған Салтанат Әбеуова – саналы ғұмырын мемлекеттік қызметке арнаған жан. Алаш арыстарының алтын бесігі Ақтоғай елінің тізгінін ұзақ жыл ұстаған әкім әйел облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы қызметін абыроймен атқарып, құрметті зейнет демалысына жақында ғана шықты.

Еңбек жолын мектепте бастаған Салтанат Мірәсілқызында мемлекеттік қызметкер боламын деген ой болмаған. «Білікті мұғалім атанып, білімді шәкірттер тәрбиелесем» деген асқақ арманы оны 1980 жылы Алматы шет тілдер педагогикалық институтына оқуға түсіреді. Ізденіс үстінде жүрген жұдырықтай қыз қоғамдық жұмыстың да бел ортасынан табылады. Іскерлік дағдыны жоғары оқу орнында жүріп дамытқан оның бұл қасиеті өмірлік тәжірибесіне қажет еді. Оқуын үздік тәмамдаған соң, «неміс, ағылшын тілі пәндерінің мұғалімі» дипломымен Калинин атындағы сегіз жылдық мектепке жұмысқа қабылданады. Кейінде Ақтоғай аудандық орыс орта мектебінде,

Қызыларай ауылдық мектебінде неміс тілінен сабақ береді. Сөйтіп, алты жыл тақта алдында тұрып, ауыл балаларының сауатын ашып, тіл үйретеді. Ұстаз бола жүріп, комсомол комитеті тапсырған қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен жасты аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы қызметіне тағайындайды. Қызметте шыңдалған Салтанат Мірәсілқызы секілді талапты кадр аудандық партия комитетіне де керек еді. Осылай оның партия комитетіндегі, аудан әкімдігіндегі қызметі сәтті басталды. Ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы, халық депутаттары аудандық кеңесі аппаратының сауда, тұрмыстық қызмет көрсету саласының аға маманы сынды қызметтер мемлекеттік қызметтегі алғашқы баспалдағы болды.

Одан кейін аудан әкімдігінің аға референті, жалпы бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеп, тәжірибесін одан әрі жетілдірді. Аудан әкімінің орынбасары қызметінде жүріп өңірдің әлеуметтік-экономикалық мәселесімен әбден таныс болды. Кейін Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттамалар басқарма басшысының орынбасарлығына шақырылып, аймақтың рухани дамуына екі-үш жыл еңбек сіңірді.

Кейін Ақтоғай ауданына қайтадан әкім болып ауысады. Өңірдің әр мәселесін жетік білетін Салтанат Мірәсілқызы жауапты қызметіне білек сыбана кіріседі. Өңірде тұңғыш аудан басқарған әкім әйел ретінде

мойнына үлкен жүк арқалайды. Басшылыққа келген күннен бастап ауылды сапалы ауызсумен қамту, интернет тарту, жол жөндеу секілді жұмысты жандандырады. Ауданның әлеуметтік мәселесін үнемі назарында ұстайды. Ескірген мәдениет ошақтары мен әкімдік ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізеді.

«Мен өткен мемлекеттік қызметтегі мектептің еңбек жолыма үлкен әсері бар. Алаш ардақтылары шыққан топырақта ел басқару ісі, әрине, оңайға соқпады. Сындарлы сәтте ел азаматтарының қолдауын терең сезіндім. «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден», дейді Алаш арысы Әлихан. Осы бір ұлағатты сөз өмірлік қағидама айналды. Еңбегімізге ел баға бере жатар. Халықтан әділ сыншы жоқ», – дейді Салтанат Мірәсілқызының өзі.

Әкім әйел Алаштың рухани астанасына айналған асыл мекеннің мәдени дамуына айтарлықтай үлесін қосты. Қажы атанған Мірәсіл әкесінің ақылымен «Ақсораң» мешітінің бой көтеруіне ықпалын тигізді. Ауданның торқалы тоқсан жылдығына орай «Ақтоғай ауданы» энциклопедиясының жарыққа шығуына мұрындық болды. Осы топырақтан шыққан Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне арнап мемориалды кешен орнатылды. «Батырлар» саябағына Кеңес Одағының батыры, ұшқыш Нұркен Әбдіровтің ескерткіші қойылды. Ән мен жырдың алтын бесігіне айналған Ақтоғайдың кіреберісіне «Домбыра» мону-

ментін салғызды. Міне, іскер әкім әйелдің соңынан осындай ізгілікті із қалды.

Салтанат Мірәсілқызы облыстың тілдерді дамыту басқармасына жетекшілік етіп, құрметті зейнет демалысына шықты. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – ұлтқа қызмет етудің ең бір озық үлгісі.

Салтанат Әбеуованың мемлекеттік қызметтегі қырық жылдық еңбегі елеусіз емес. Түрлі мерекелік медальдар, Құрмет грамоталарымен қоса «Үздік мемлекеттік қызметші» атты мәртебелі марапаттың иесі.



«Қаладағы тәуір қызметін даладағы шаруаға айырбастаған»

САЛАДИН ЮЗБЕГОВ

Ақбелдің жаңа фермері

АУЫЛДЫҢ саф ауасын аңсап, тәуір қызметті қиып кете салу жасырары жоқ, екінің бірінің қолынан келмейді. «Ауылға алаңдаймыз», «Ауыл жабылып жатыр» деумен ғана шектелетінімізді және ешкім жоққа шығармайды. Осындайда Бұқар жырау ауданы Ақбел ауылына көшіп барған Саладин Юзбеговты үлгі қылуға болады.

Лезгин ұлтының өкілі Саладиннің Ақбелге қоныс аударғанына екі жылға жуықтапты. Ол осында көшіп келмес бұрын жерінің құнарлығын әбден сұрастырып, біліпті. Содан ауыл ішінен үй мен базды 5 миллион теңгеге сатып алыпты. Баздың құрылысы аяқталмаған көрінеді. Ішін әктеп, қоршаумен қолайлы етіп бөліп, жарық шамдарын орнатыпты. Үйді де екіге бөліп, құрылыс жұмысын жүргізген. Бірінде өзі тұрады. Бірін жұмыскерлеріне әзірлеп қойыпты. Алайда, әзірге бір өзі еңбек етіп жатыр.

Саладин бұған дейін көліктерге Gps трекер орнататын компанияда басшылық қызметте болған. Бірақ жаны ауылды аңсаған соң, сол шешіміне

тоқтаған. Бір-ақ күнде артынып-тартынып ауылға көшіп барған.

Ауылға аңсары ауатындай жөні бар. Балалық шағы Нұра ауданында өтіпті. Әке-шешесі қарапайым еңбек адамдары болған. Шаруаның бәрін көріп өскен Саладинге қорадағы жұмыс қорқыныш емес. Еңбекпен ерте шыңдалған оның ауылға көшудегі ой-мұраты тым басқа.

Қазірдің өзінде шаруашылығы жүйелі. Жас фермер қойдың «Еділбай» мен «Гиссар» тұқымын өсіріп отыр. Ауылға көшіп келген бетінде Қостанайдағы белгілі «Қазаққой орталығы» шаруашылығынан 30 аналық қой әкеліпті. Ал былтыр Түркістаннан 50 гиссар қойы мен асылтұқымды гиссар қошқарын сатып алыпты. Қазірдің өзінде олардың қозылары әжептеуір салмақ басады.

Бітімі бөлек болатын гиссар тұқымы қошқарының бағасы әлеуметтік желіні жарып-ақ тұр. Мұндай қошқардың бойы 1 метртен асып, салмағы 190-200 келіге дейін басады. Етті әрі майлы, семіз құйрықты, дүние жүзіндегі барлық қой тұқымының ішінде ең ірісі. Әрі тез өсіп, салмақты да тез жинайды. Етінің де дәмі ерекше көрінеді. Осының бәрін әбден зерттеген фермер тағы да 100 қой аламын деп отыр. Гиссар қойының отаны Тәжікстанға жол тартамын дейді. Асылтұқымды қошқар әкеліп, селекциялық жұмысты жаңғыртып, қой тұқымын асылдандырмақшы.

Шаруа гиссар мен Еділбай қой тұқымынан былтырғы төлін алып үлгерді. Олардың орташасы 40 келі салмақ береді. Асыл тұқымды гиссар қойы жылына екі рет төлдейді. Бұлардың қошқарының күтімі тіптен бөлек. Олар отарға тек күйектің уақытында ғана қосылады. Басқа уақытта қоршауда бөлек бағылады.

– Асылтұқымды екі қошқарым бар. Күтіміне аса жауапкершілікпен қараймын. Уақ малда кездесетін ішек құрт, бруцеллез, қотыр секілді түрлі аурулардың алдын аламыз. Ол үшін арнайы екпе салғызамыз. Үш-төрт ай сайын анализ алып отырамыз. Арықтың, жасанды көлдің суын ішпейді. Құдықтың тұщы суын береміз. Күнде қосымша арпа береміз, – дейді Саладин Юзбегов.

Көктем шыға қошқарларын сата бастады. Алғысы келетіндер көп. Саладиннің әлеуметтік желісі арқылы көріп, біліп қызығушылық танытып жүрген жұрт тұқымын алуға әрдайым асық.

Ауылға келген меймандар Саладиннің қорасына міндетті түрде соғады. Өйткені, ірі қошқарларын қызықтайды. Міне қой тұқымын асылдандырып, шаруашылығын шарықтатамын деген Саладин осы себепті ауылға көш түзеді.

Шаруашылығы «Сүтхана» деп аталатын ол мұнымен ғана шектелмейді. Қостанайдан сүтті «Симментал» тұқымынан 10 сиыр әкелемін деп отыр. Оны сауып, сүт, майын сатып, табысқа кенелемін дейді.

Сол себепті қалаға жақын ауыл іздепті. Енді өзіне көмекші отбасының құжаттарын заңдастырып, жұмысқа алады.

Ауылдың жұрты кең ғой. Елге үй қосылды деп құшағын ашып, көмек қолын созады. Солардың бірі – көршісі Қуаныш Маратұлы. Ол ауылдың ветдәрігері. Саладинге көп көмегін тигізеді. Екеуі тонның ішкі бауындай араласып кеткен. Қуаныш өзінің білгенімен бөліседі. Қойын егіп береді. Басқа да шаруаларына тік тұрады. Ауылдың сиыршысы Ақжол Сағадиев те қолы алтын жігіт. Қорасының, үйінің құрылысына қолкөмегін тигізіпті.

Жаңа көшіп келген Саладинге алғаш болып ерулік берген де – екеуі. Ауыл өміріне жаңа достарының бойын сіңіріп жүр. Атқа мініп, аң қуады. Мал сойып, ет мүшелеуге дейін үйретіп қойыпты.

Саладиннің 300 гектар шабындық жері бар. Ауылдасы «Достар» шаруа қожалығының басшысы Қайрат Молдабаев шөбін шауып беріп, қолғабыс жасаған. Ал Алабас ауылындағы егінмен айналысатын фермер 3 тонна арпаны «шаруашылықты жаңа бастап жатырсың ғой» деп, арзан бағамен берген.

Саладин биыл Үкіметтің көмегіне жүгініп, жеңілдетілген несиенің игілімен өзіне трактор, шөп шабатын техника алып, қысқы азығын өзі қамдады.

Шаруасына бес Саладин сүр бойдақ. Ауылдың қызын алып, шаңырақ көтергісі келеді. Ол күннің де

ауылы алыс еместігін және сездірді. Сол себепті күні-түні қазақша үйреніп жүр. Сөйтіп Саладин қой ғана емес, ой да бағып жүр.



САПАРБЕК ЖАҚҰДИН

«Сабырдың сыңарындай болған Сапарбек»

Толқынға қарсы жүзген

ТАҒДЫР сынағына алған жандарға Құдай қуатты да қоса беретіндей. Сапарбек Жақұдин көз жанарынан айырылғанымен, қайраты қайырылған жоқ. Керісінше, қайралды. Басына түскен ауыртпашылыққа сағы сынған жоқ, сабырлық танытты.

Өрт сөндіруші болып еңбек етіп жүрген Сапарбек Жақұдин Жаңа құрылыс ауылындағы үйден шыққан өртті өшіріп жүргенде жарақат алады. Қасындағы әріптесі оқыс қимылдап, су соратын сорғы темірі Сапарбектің көзіне тиеді. Соққы қатты тисе де, қызметтік міндетін әрмен қарай атқарған ол сол уақытта әлгі жарақат жанарынан айыратынын білген де жоқ.

Күн өте көзі көруден қалып, сырқаты сыр бере бастайды. Ол кезде жасы отыз тоғызда еді. Үш жыл уақыт өткен соң көзі мүлдем көрмей қалады. Содан жанарына жарық сыйлау үшін небір дәрігердің, емхананың табалдырығын тоздырады. Шетелдегі дәрігерлердің де алдына барады. Алайда, бәрінен қайран болмады.

Сөйтіп, күні де, түні де қараңғы түнекке айналады. Тағдыр сынағына көндігеді. Үміті, көңілінің нұры

жалғыз ұлы Бектұр еді. Асыл жары Гүлмираның да демеуі Сапарбек ағамызға дем береді. Содан бері 19 жыл өтіпті.

Үйдегі шаруаның бәрін Сапарбек ағамыздың өзі реттеп отырады. Қолы алтын. Үйге қажет заттарды өз қолымен жасайды. Көкірегі сайрап-ақ тұр. Күнделікті таңертең және кешкілік хабарды қалт жібермейді. Таңертең ерте тұрып, шынығуды да салтына айналдырып алған. Содан қаны айналады, жаны сергиді. Үйдегілер жұмысына кеткенде үй шаруасын өзі атқара береді.

Көз ұшында, көңіл төрінде бала кейпінде қалған Бектұры отау құрып, шаңырағын кеңейтіп, шаттығын еселеді. Құдайға тәубе, қазір құшағында Әли, Тасмин есімді тәтті немерелері бар. Естуімізше, ағамыздың ең бір ерекше қасиеті – баланы тез баурайтыны. Үйге келген ағайын-туыстың балалары жатырқап жыласа, ағамыз қалай қолына алады, солай жадырап салады. Немерелеріне ертегі, аңыз айту – күнделікті ермегі. Санауды, әріпті үйретеді екен.

Гүлмира жеңгеміз аудандық мәдениет үйінде әдіскер болып қызмет атқарады. Ал, ұлы мен келінінің дәмханасы бар. Соны кәсіп еткен.

«Үйде отыра берген жарамас», деп ағамыз іздене бастайды. Жоғарыда ағамыздың қолы алтын екенін айта өткенбіз, ойына массажбен айналысу келеді. Сол мезетте Қытайдан келген маман зағип жандарды осы бір іске оқытып жатады. Сонда барып, 3 ай курсқа қа-

тысып, тәлім алады. Қасындағыларға қарағанда жедел қағып алады. Сабағын сәтті түйіндеп сертификатқа ие болады. Сөйтіп, аудан әкімінің 1 млн теңге гранты бұйырады. Үкіметтің қайтарымсыз қаражатына керек-жарағын алып, үйдің бір бөлмесін жабдықтады.

Міне, қазір нұралықтар Сапарбек ағаның массажына асығады. Кісі келмесе, көңілі түседі. Буын-буынға массаж жасауға әбден машықтанып алған ағамыздың екі таудай арманы бар. Өкінішке қарай, бір арманы жақын көрінгенімен, алыстап кетті. Осы жылдың ақпан айы еді. «Астанадан керемет көз емханасы ашылыпты. Барғандар көріп кетіп жатыр екен. Менің де көзім көреді», деп көпшіліктен сүйіншіні де сұрап қойған. Онда барғанымен, емхананың бас дәрігері мүмкін еместігін амалсыз жеткізеді. Сол сәтте еңкілдеп жылағаны елдің жанына қатты батады. Гүлмира жеңгеміздің өзі сол ауыр сәтті былай еске алып күрсінеді: «Жиырма жыл бойы еңсеміз бұлай езілмеп еді. Қатты үміттеніп едік. Дәл сол кездегідей тоқтамай, солқ-солқ етіп жылағанын бұрын көрген емеспін. Үмітіміз көзіміздің жасымен сөнді».

Енді бір арманы бар. Ағамыз ауруханаға жұмысқа орналасып, емге келгендерге массаж жасап, елге пайдасын тигізгісі келеді. «Жалақының аз-көптігі маңызды емес, ел қатарлы еңбек етсем, қоғамға үлес қоссам», деп бізге де үлкен үміт арқалатып жіберді. Осы бір үміт отын өшіріп алмасақ игі еді...

СӘКҮЛ САҚБАЕВА

«Ерлігі ел аузында жүрген апа»

Қасқыр соққан апа

БАЛҚАШ қаласында қасқыр соғып алған 86 жастағы әже тұрады. Жарты ғасырға жуық уақыт аттан түспей, ақтылы қой өргізген Сәкүл Сақбаеваның бұл батырлығын көзкөргендер әлі күнге дейін айтады.

Түз тағысын соғып алмақ түгілі, атының өзі үрей ұшырады. Рас, қасқырға жүрегінің түгі барлар ғана қарсы тұра алады. Жасынан ер мінезді болып өскен Сәкүл Әрінқызы жалғыз ағасы Тұрсынға қолғабыс көрсетіп, еңбекке ерте араласқан. Әкесінің ғибратты әңгімелерімен өскен ананың қасқыр соққанына да елу жылдай уақыт болыпты. Сол бір оқиғасын бізге осылай әңгімелеп берді.

«Сол уақытта Ақтоғай ауданы Жәмші ауылының қой шаруашылығымен аты шығып тұрған кез. 40 жасқа толған шағым. Жолдасым Мұғиын Сақыпбаев екеуміз Сеңкібайдың жазығында қой бағып отырдық. 1974 жылдың 8 қарашасы еді. Әлі ұмытқаным жоқ. Әдеттегідей таңғы 7.00-де Мұғиын қойды өріске айдап әкетті. Ойымда ештеңе жоқ, үйреншікті жұмысым мал суаруға шықтым. Құдығымыз шамамен бір шақырым жерде. Иінағашпен су әкеле жатсам, екі қасқыр бұзауды жәукемдеп жатыр екен. Жүгіріп барып, құдық басындағы

күректі алдым да, соңынан қуа жөнелдім. Аяғымда керзі етік еді. Ауыр болған соң, шешіп тастадым. Қарға да қарамай, жалаң аяқ жүгіріп, жетіп бардым. Сол бір сәтте әкемнің айтқаны есіме орала кетті. «Қасқыр қандай түліктің болсын үстінен қарғыса, тұра алмай қалады. Жарықтықтың сондай тылсым қасиеті бар. Және қасқырдың осал жері – тұмсығы» деген сөзі. Таңғалдым, расымен де, қасқыр әлгі бұзаудың үстінен қарғып өткенде бұзау орнынан тұрмай қалды. Біреуі өкіртіп алқымдап жатыр. Қолымдағы күректің қырымен қақ тұмсығынан ұрғанда, күрек оны балтадай шауып түсті. Арлан теріс қарап алып, қар аралас топырақты аяғымен боратып жатыр. Бұзауды, мені топыраққа көміп, үсті-үстіне боратуын тоқтатар түрі жоқ. Бір кезде «Сәкүл» деген дауыс естілді. Мұғиын көріп келген екен деп ойладым. Сөйтсем, Сейдіғали деген кісі баласымен көліктері бұзылып жаяулап келген екен. Ер адамды көрген соң, арлан қашып кетті. «Майлансын, майлансын», деді Сейдіғали аға мені құшақтап. Сол кезде өң мен түстің ортасында тұрғандай болдым», дейді батыр ана.

Қайсар мінезді ана әлгі қасқыр тартқан бұзауды қолма-қол бауыздап, терісін сыпырып, сүйегін жіліктеп, боршалап тастапты. Ал, қасқырдың терісін сыпырып алып, Сейдіғали ағасының қанжығасына байламақшы болыпты. Бұған ақсақал «Айналайын, өзің соққан қасқыр ғой, өзіңде қалсын» депті. Сөйтіп, Сәкүл ананың қайсарлығы ауыл-ауылға бірден тарайды. Ауыл ақсақалы Зікірия Көпбаев батылдығына

риза болып, ауданға хабарлап, журналистер шақырып, сүйінші сұрапты.

Батыр ана қасқырдың әйел адамнан қорықпайтындығына сонда көзім жетті дейді.

«Ер адам болмаса, менен қаймығатын түрі жоқ. Және сол кезде Бақытгүл деген қызыма аяғым ауыр еді. Қасқыр соққан ананың сүті тартылады дегенді естіп уайымдадым. Бірақ сүтім қайтқан жоқ. Одан кейін де құрсақ көтердім. Кенжем Әлібекті 1990 жылы дүниеге әкелдім. Қасқырды Сейдіғали ағаға қанжығаңызға байладым деп берген едім. Ол кісі өзің соққан қасқыр өзіңде қалсын деді. Баласы үйленгелі жатқан. Бір ту қой мен бір қарын май салып бердім. Қасқырдың терісін Зікірия ағатай балаларды оқуға әкеткенде қалаға апарып, ақшасына өткізіп келді», деп жалғады Сәкүл Әрінқызы әсерлі әңгімесін.

Тағдыр түрлі беріледі. 1989 жылы асыл жары Мұғиын ақсақал дүние салады. Сәкүл ана жетінші балаға аяғы ауыр кезінде жесір қалады. Бірақ бойындағы қажыр-қайратымен жеті баласын ешкімнен кем қылмай жеткізеді. Бір өзі ұлын ұяға, қызын қияға қондырады. Жеті баласынан немере-шөбере, шөпшек сүйіп отыр. Кезінде көрген бейнетінің зейнетін ұрпағының ортасында ризашылықпен өткеріп отыр. Қазір әулетінің мәуелі бәйтерегі, ақжаулықты анасы.

Тіл көз тасқа дейік, жасы 86-ға келсе де, қимылы ширақ. «Кезінде кетпен, күрек ұстап, еңбек еткеннің арқасы», дейді өзі.

СӘБИРА КҮЛПЕЙІСОВА



«Ұлт ұстазы Ахаңның атын мектепке алып беруге еңбек сіңірген»

Ұлт ұстазын бойтұмар еткен

ҚАРАҒАНДЫДА Ахмет Байтұрсынұлы атындағы білім ошағы бар. Мектеп ұжымы ұлт ұстазының есімін білім ошағына беру мәселесін көп жыл бұрын көтергенімен, сәті кейінде ғана түсті. Осы игілікті шараға ұстаз Сәбира Күлпейісованың қосқан үлесі зор.

Мектепте еңбек етіп келе жатқанына қырық жыл болған Сәбира Ізбасарқызы ұлт ұстазын бойтұмары санайды. Бала кезінен Ақаңның шығармашылығына ерекше сүйіспеншілікпен қарайды. Қайраткерлігіне, ілім мен білім жолындағы ізденістеріне, еңбегіне ерте кезден қанықкан мұғалім мынаны мақсат етеді: «Қазақ балаларына Алаш қайраткерінің ізгілігін ұқтыра беру керек».

Сол мақсат үдесінде үлкен еңбек жасайды. Ақаң есімін мектепке беру үшін қалалық, облыстық форумдар өткізуге мұрындық болады. Жылда түрлі конференция өткізеді. Мұнымен қоса оқушыларды Ақаңның шығармашылығына бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулиды.

Ахаңның 150 жылдық мерейлі датасында аталған білім ордасы ұлт ұстазын лайықты ұлықтады. «Ахмет

Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің үлкен форумы өтті. Сол форум аясында «Ахметтану» кабинетінің тұсауы кесілген-тін. Кабинеттің жетекшісі – Сәбира Ізбасарқызы. Мұнда Ахмет Байтұрсынұлының кітаптары мен еңбектері бар. Әр партаға ноутбук қойылған. Сондай-ақ кабинетте көрсетілген QR код арқылы А.Байтұрсынұлының еңбектерімен таныса алады. Бұған қоса ататек шежіресі жазылған стенд ілініпті. Бұл оқушылардың ізденісімен әзірленген. Мектеп мұғалімдері «Ахмет. Ұлт ұстазы» атты қойылым да қойған болатын. Соның сценарийін де Сәбира ұстаз жазған.

– Мектебімізде 2014 жылдан бері «Ахметтану» курсы өткізіледі. Ұлы ұстаздың сан қырлы шығармаларын жетік білу үшін «Ахметтану» курсының арнайы бағдарламасы жасалған болатын. Міне, кабинет ашылғалы бері курсымызды осында өткіземіз. Қазіргі күні педагогикалық бағытын зерттедік. Енді экономикалық жағынан зерттеуді бастап жатырмыз. Бұл жөнінде де қайраткер тұлғаның еңбектері көп. Бұл кабинет – өскелең ұрпақты зерттеушілік, шығармашылық қабілетін дамытып, қаламының ұшталуына сеп болсын деген ниетпен ашылды. Әр оқушының бойында Ахмет ғибраты болуы керек, – дейді қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сәбира Ізбасарқызы.

Ол Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылындағы мектепті тәмамдап, Алматыдағы Абай атындағы педаго-

гикалық институтқа оқуға түседі. Мұхтар Мағауин, Серік Қирабаев, Нығмет Ғабдуллин, Серік Әбілқаев, Фатима Мұсабекова секілді үлкен ғалымдардан дәріс алады. Мәртебелі мұғалімнің өзі «әдебиетке, ғылымға сол кісілердің тағылымы жол ашты. Менің өмірімдегі ең үлкен жетістігім де – осы», дейді.

Екінші курс оқып жүргенде Ғабиден Мұстафин шығармаларына ғылыми-зерттеу жүргізіп, сыйлыққа ақын Қадыр Мырза Әлінің шағын кітабын алыпты. Ескірген кітапты қолына ұстап, сонау институт қабырғасындағы студенттік шағын сағына еске алады.

Алғаш еңбек жолын Ақтоғайдың Ақши ауылындағы мектептен бастайды. «Ауыл мектебі мен үшін үлкен тәжірибе болды. Ауыл балаларына сегіз жыл білім беріп, қалаға қоныс аудардық. Бұған дейін Нығмет Нұрмақов, Әлихан Бөкейхан атындағы мектептерде де сабақ бердім. Қалаға келіп те ұстаздық тәжірибемізді әрі қарай жетілдірдік. Ең үлкен жетістігім – шәкірттерім. Белгілі қаламгер Төлен Тілеубай бастаған бірнеше журналистке сабақ бердім. Жылда бірнеше оқушым жоғары оқу орнына грантқа түседі», дейді ол.

Мәртебелі мұғалім 1997 жылы «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталса, былтыр Мемлекет басшысының қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген Құрметті ұстазы» атағын алды. Көп жылғы еңбегі еленген Сәбира Ізбасарқызының ізгілікті ізі осындай

ТӘТТІМБЕТ ЖАНАТ

«Талант тас теседі. «Тикток» оған жол ашады. Тәттімбет сонымен танылған әнші»

Сазгер слесарь

ҚАРАҒАНДЫДАҒЫ №3 автопаркте слесарь болып еңбек ететін Тәттімбет Жанат сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Өзі әнші, өзі сазгер жігіттің өнер жолында жүріп те бала-шағасын асырай алатын қабілеті бар. Бірақ, өзінің екінші үйіндей болып кеткен автопарктегі қызметіне әманда адал.

Тәттімбет қара еңбекпен өскен, маңдай тердің қадірін білетін азамат. Автопаркке жұмысқа орналасқанша бірнеше жерде еңбек етті. Жеті қат жер астына да түсті. Костенко атындағы шахтада да біраз жыл еңбек сіңірді. Кейіннен өзінің қолынан келетін қазіргі слесарлық қызметке ауысты. Осы жерде жүріп өсіп-өнген Тәттімбетке бірнеше ұсыныс түссе де автопарктен кеткісі жоқ. Өйткені, «Жұлдызымды жаққан да, бағымды ашқан да осы жұмыс» дейді. Мұнда күніне төрт-бес автобусты техникалық тексерістен өткізеді. Май-суын ауыстырады. Сүзгілерін жаңалайды. Бұзылып тұрған бөлшектерін айырбастайды. Қала ішіндегі көк автобустар еш кедергісіз жүріп тұрса, онда Тәттімбет секілді жұмысына жауапты механиктердің еңбегі деп біліңіз.

– Таңнан кешке дейін тоқтаусыз жолда жүретін автобустарда техникалық кінәрат болмауы керек. Себебі олар жолаушы тасымалдайды. Бізде сонда жауапкершілік мол деген сөз. Дегенмен, қазір бұрынғыдай емес, автобустар жаңарды, – дейді слесарь Тәттімбет.

Бес жасынан бастап, қой кезекте домбыра шертіп жүрген қара домалақ бала өнерін осында жүріп шындап қолға алады. Оны танымал еткен «Меңді қыз» әніне автопарктегі көлік жөндейтін цехта әріптестерімен бірге бейнебаян түсіреді. Содан әлеуметтік желіде кеңінен таралып, жұлдызы осы сәттен жарқырайды.

– Қолыма су жаңа «Меңді қыз» әні түсті. Өзіме өте қатты ұнағандықтан жарыққа шығарамын деп шештім. Сосын ұят түгі жоқ, адал маңдай теріммен қызмет етіп жүрген автопаркте шығарғанды жөн көрдім. Әріптестерім бір ауыздан қолдап, бейнебаянды жұмысымызда түсірдік. Ел жылы қабылдады. Бұған дейін өзім жазған бес әнім бар еді. Бірақ, дәл бұл әндей кең тарамады. Содан кейін автопарк басшылығы өнерімді қолдады. Ямаха, гитара, домбыра, музыкалық аппаратура сатып әперді. Автопарктің ішінен жеке кабинетті студия қып берді. Атап айтсам Артур Романовичке, Артур Михаловичке, Серік Байназарұлына алғысым шексіз, – дейді сазгер слесарь.

Жоғарыда слесарьдің өзі ән жазатынын айтып қалды. Әндері де елдің аузында. Бір әнін белгілі «Қарқаралы» тобы, бір әнін танымал әнші Салтанат

Сүлейменова орындайды. Тәттімбеттің тағы бір ерекшелігі кез келген музыкалық аспаптың құлағында ойнайды. Автопарк басшылығы шығармашылығына қолдау танытып отырғандықтан, желідегі парақшаларына сондағы ән шырқағанын жүктеп отырады.

Аяулы жары Сәния екеуі алты бала тәрбиелеп отыр. Жақында ғана шаңырағында бесіктойын дүбірлетті. Әлихан мен Әлижан есімді егіз ұлдары келді өмірге. «Балаларым – бақытым, өнерім ол – жақұтым», дейді.

– Жұмыс уақытында тек жұмысты қана ойлаймын. О баста айттым ғой жауапкершілік керек деп. Қолым қалт еткенде ғана студияма барамын. Ән шырқаймын. Әсіресе, түскі ас кезінде, жұмыс аяқталған сәтте ән айтсам, күні бойғы шаршағаным басылады. Өнер адамы ол халықтың ішінде жүруі керек қой. Сенбі, жексенбі күндері тойға шақырту түседі. Елдің қуанышына барып, ән шырқаймын. Ал, жұмыс күні кәдімгі арнайы киімімді киіп, қара жұмысымды істеймін. Техниканың тілін білсек, қолымыздан келсе, неге маңдай терімізді төкпеске?! – дейді автопарктегі адал слесарь.

ЭЛЬМИРА ЕРЖАНОВА

«Анасынан қалған асыл өнерді өркендетіп отыр»

Шапанына шетел ынтық

ТІГІНШІ Эльмира Ержановаңы Жаңаарқа жұрты ғана емес, ел жақсы біледі. Шапанына Қазақстаннан бөлек, сырт елден де тапсырыс түседі. Иә, таң қалатын түгі жоқ, Германия, Қырғызстан, Моңғолиядан тапсырыс алып, тап-тамаша тігіп береді. Бұл кәсіпті дөңгелетіп келе жатқанына он жылдан аса уақыт өтті, жолын да тапты, қолы да жаттықты. Былайша айтқанда, өзінің брендін қалыптастырды.

Кейінгі жылдары Жаңаарқа қымызын ғана емес, шапанын да брендке айналдырды. Қазір дүкеннің дайын дүниесіне емес, шебердің қолымен тігілген ұлттық киімдер сұранысқа ие. Былай қарасаңыз, тігіншілердің де санынан шатасуға болады. Бұл бірден болмаса да, ақырындап ұлттық шапанымыз насихатталып келе жатыр деген сөз. Ал, біздің кейіпкеріміз Эльмира ханымның өзіндік қолтаңбасы бар. Сондықтан болар, өніміне ешкім мін тағып, сын айта алмайды. Осы уақытқа дейін шапанына көңілі толмаған тапсырыс берушінің болмағанын – біз сапасына берілген баға деп ұғамыз.

Әңгімені әріден қозғасақ, Эльмира ханымға қанмен дарыды бұл шеберлік. Анасынан көріп, тон пішті. Мәриям анасы дәрігер бола жүріп, тігінмен де айналысыпты. Әсіресе, қыздарға көйлек тігу – сүйікті ісіне айналыпты. Талдың көлеңкесін саялап, қол машинкамен көп дүниені өндіріп тастайтын көрінеді. Соның бәрін Эльмира көріп өсті. Ол кісі өлшем алмай, көз жобасымен пішетін көрінеді. Сонысы сарт ете қалады. Бұл қасиет те қызына қонған. Алыстағы тапсырыс берушілерден тек, күртесінің өлшемін білсе болды, сонымен зырылдатып тігіп шығады. Шапаны өзіне құйып қойғандай болса, тапсырыс беруші қайдан разы болмайды? Тағдыр жазмышы сол, анасынан ерте айырылады. 13 жастағы Эльмираға анасының көзі болып, сол мәшеңке қалады. Сағынышын содан басады бала жүрегі. Ісмерлік асыл анасынан осылайша аманат болып қалған…

Бастапқыда құрақ көрпе, кейіннен қыз жасауын тіккен Эльмира шебердің бірыңғай шапан тігуді бір ізділікке қойғанына он жылдан аса уақыт өтіпті. Ұлттық киімнің алғашқы жылдағыдай емес, қазір сұранысқа ие екенін айтады өзі. Айына 50-ге жуық, кейде одан көп шапан тігеді. Көбіне ерлердің шапанын. Үйінің алдында шағын цехы бар. 4-5 жыл қол мәшеңке арқылы құрақ көрпелерді тігеді.

Шапанға ден қойғаннан бастап 60 мың теңгеге тоқ мәшеңке алдырады. Ал қазіргі «Jack» тігін ма-

шинасын осыдан төрт жыл бұрын 125 мың теңгеге алдырыпты. Цехтың негізгі жүрегі – осы. Онымен қоса, ою-өрнек салатын «Memory Craft 550E» атты құрылғысы да үлкен жұмыс атқарып тұр қазір. Мұны Алматыдан 800 мың теңгеге алған. Онлайн курс арқылы қалай пайдалану керектігін оқып, меңгерген. «Оюды қолмен жабыстырғаннан гөрі, осы аппаратпен матаға өрнектеген әлдеқайда сапалы әрі жинақы көрінеді» дейді шеберіміз.

Сөз басында айттық ғой, шапаны шетелге шығып жатқанын. Германиядағы қазақтар неміс құда-құдағиына шапан сыйламақ болып, «Instagram» желісі арқылы Эльмира ханымның көз тартар туындыларын табады. Бірден жекесіне жазып, тапсырыс береді. Бұл жайлы ол кісілердің өзі бізге былай жеткізді:

– Осыдан екі жыл бұрын неміспен құда болдық. Содан өзіміздің жоралғымызбен құда мен құдағиымызға шапан жаппақ болдық. Жай шапан емес, ерекше болсын деген ниетте қазіргі қазақы шапан. Содан әлеуметтік желі арқылы біраз іздедік. Эльмира ханымның қолынан шыққан туындыларды көзіміз шалып қалды. Өзіміз алыстамыз. Бірақ, сенім арттық. Тапсырысымыз 15 күн ішінде келді. Тік жағалы, сырып тігілген. Сөзсіз ұнады. Неміс құдаларға таңсық ғой, ерекше ұнады ол кісілерге. Алдағы уақытта да тапсырыс беретіндерін айтты. Міне, әлі киіп жүр Германияда сол шапанды. Біз де тіктіріп алдық. Өте ыңғайлы. Эльмира ханымның

қолы дерт көрмесін, – дейді Германиядағы тапсырыс берушілер.

Міне, осы секілді айырқалпақты ағайындар да жиі тапсырыс береді Эльмира ханымға. Себебі сол, сапасында, дизайн ерекшелігінде. Дизайн демекші, тігіншінің де үнемі ізденісте болу керектігін айтады Эльмира.

– Интернет кеңістігі арқылы көп оқып, көп қарау қажет. Түрлі ою-өрнектерді сызу керек. Бір сарынмен тіге беруге болмайды. Жаңашылдық керек. Сонда ғана өз брендіңізді қалыптастырасыз, – дейді ісмер.

Алға қойған мақсаты да – ауқымды. Сол үшін де табандап тұрып еңбек етуде. Құстың ұясындай ғана цехын ұлғайтқысы келеді. Енді, қыз жасауын, той қоржынын және атқа жабу тігуді қолға аламын деп отыр. Және екі-үш келіншекті жұмыспен қамтимын дейді. Эльмира ханымның негізгі көмекшісі өзінің – енесі. Бір жарасымдылығы, ене мен келін емес, анасы мен қызы сияқты. Көргенде сүйсінесіз де, «тіл-көз тасқа» дейсіз. Марияш анасы ас-суын дайындап отырады. Эльмира шебердің төрт баласы бар. Қыздары да жиі қолғабыс етеді. Бірақ, Эльмира ханым іс тігудің ауыртпашылығы көп дейді. Мойын, екі жауырын, көзіңіз талады. Сол себепті де, қыздарының тігіншілікпен айналысуына қарсы, оқығанын қалайды.

Иә, күні-түні цехында. Көз майын тауысады. Алайда, қанша қалжыраса да, іс тігіп, күш жинаймын дей-

ді. Айтпақшы, көпбалалы аналарға, тұрмысы төмен отбасыларға жеңілдікті жиі жасайды, көп жерде демеушілік те көрсетеді. Жомарттығымен де танылған Эльмира ханымдікі – нағыз еңбек.

Құрметті оқырман! Қолыңыздағы «Болат болмыс» кітабын оқып болсаңыз, өз пікіріңізді төменге жазып, оны фотоға түсіріп, біздің әлеуметтік желідегі парақшаларымызға жолдасаңыздар, қуанып қалар едік. Кітап мұқабасының соңындағы QR-кодта біздің парақшаларымыздың сілтемесі бар. Кері байланыс жасаған оқырмандарымызға алдын ала алғыс білдіреміз!



Кітаптың жарық көруіне демеушілік жасаған Арқаның атымтай азаматы Бақтыбай Жүнісов пен мерейлі меценат Рамазан Әбілдин ағамызға алғыс білдіреміз!

ҚАСЫМХАН ҒАЛЫМ

БОЛАТ БОЛМЫС

портреттер топтамасы

Редактор – Ерқанат Кеңесбекұлы
Корректор – Күлбағдат Қасымова
Дизайнер – Жангелді Бекболатұлы

Басуға 28.11.25 қол қойылды.
Пішімі 60х84 1/16. Көлемі 14,8 ес.-б.т.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 3153.

«Гласир» баспаханасында басылып шықты.
Қарағанды қ., Ермеков к., 112/5,
тел. 8 (7212) 43-38-57,
e-mail: glasirkrg@mail.ru,
Астана қ., Жеңіс даңғ., 29, «Табыс» БО, офис 111,
тел.: 8 (7172) 45-65-61,
e-mail: glasir.astana@mail.ru,
www.glasir.kz